


84 14032  
И 48

10097

И

ЗЕЙНЕЛ-ГАБИ  
ИМАНБАЕВ

# БАСТАМА



ИИ

*ЗЕЙНЕЛ - ҒАБИ ИМАНБАЕВ*

# БАСТАМА

*ӘҢГІМЕЛЕР  
ЖДИЙНАҒЫ*

*Қазақтың мемлекеттік  
көркем әдебиет баспасы  
Алматы 1959 ж.*

АБОНЕМЕНТ

018

Июньнің сәскелігі. Күн көзі аспан биігіне баяу өрлеп барады. Көгілдір тұнық аспанда ақшыл бұлттың сілемі қимылсыз қалған. Көз ұшындағы аласа адырлардың үстінде бұлдырап сағым ойнайды. Иректелген қоңыр шоқылар сағымға оранып көрінбей кетеді де, көбіне тынымсыз қозғалып, қалтырап тұрғандай болады. Кең жазықпен ілби аяндаған екеу, табиғат сұлулығын тамашалап біраз уақытқа дейін тіл қатпады. Жасарып қалған даладағы балғын бетеге кілем түгіндеі табанға жұмсақ тиеді. Ақты-алалы дала гүлдерінің арасында гүл түсті көбелектер ұшып-қонады, түкті аралар гүжілдейді, боз торғайлар шырлап алуан түрлі «күй» шертеді. Көгілдір аспанда бүркіт пен бөктергілір қалықтайды.

— Нендей ыстық қапырық күн еді! — деді Мұғылима жеңгей ауыр дем алып. Күн шалмаған омырауындағы шып-шып шыққан терін сұртті де, майлы тоқаштай жылтыраған бүйрек бетін желпіп, көкшіл көзді, ақсары жүзін ағайға бұрды.

— А, ия! — деп ыңылдап қойды Мекен, сіреңке қара кескінін тыржитып, қоңқақ мұрны астындағы қырау шалған шөкімдей мұртын шошандатып қозғай берді. Жеңгейдің жұмыр білегінен қыса түсіп, қырылдаған дауыспен:

— Біздің ғой,— деді жөтеліп алып,— өткен жолымыз шым-шытырық. Әуелі ауыл молласынан «әліп-би» оқып,

со-о-дан медресе Узифаны бітіріп, Исламият, Арабият оқуымен бас шатастырып келіп, бертінде латын, орыс әріптеріне көшкенде бірден дүние тани бастадық. Қарап тұрсам ғой, бар өмірім оқумен өткен екен-ау, Мұғыжан?

— Әсияның папасы-ау, айтпа деймін, осы өмірінді түгелдей жаңа заман ғылымын үйренуге жұмсасаң, осы кезде белгілі бір ғалым болар едің-ау, әдемі көк машинаны мініп, жүйткітіп жүрмес пе едік,— деді таңдайын қағып.

— Көк машинаны былай қойғанда, ғалым атағын айтсайшы! — деді Мекең, жеңіл күрсініп, ойланып қалды.

— Мұғалім дегеннің өзі — ғалым деген сөз емес пе? Мен осы атақтың өзін көңліме тоқ санап, қанағат етемін,— деді Мұғылима жеңгей, аппақ тістерін көрсете күліп,— көп ойлайтыным көк машина болып жүр. Қарап тұрсам, біз тұрғылас адамдар түгіл, колхозшылар да алып жатыр. Екеуміз бірдей мұғалім болып, ала алмай жүрген біз ғана. Нендей келісімсіз.

— Мәселе көк машинада емес қой, Мұғыжан, әуесқойлықтың бояуы оңып, солғын тартып барады. Жас шіркін де келіп қалды, алдымызда қылаңдап алпыстұр. Өзім жете алмаған биікке жалғызды жеткізіп, қызығын көріп қана отыратын күндер алыс емес қой деймін, Мұғыжан.

— Қойшы, тіпті,— деп Мұғылима жеңгей қолын тартып алды. — Кәрілікті мойындай беретінің қалай, жоқты сөйлеп. Жұрттың еркегі жасарып, құлшынып барады. Сен болсаң жидісің де жүресің. Нендей келісімсіз! Онан да Әсияжанды қай оқуға жіберетінімізді ойла-саңшы!

Теңселе басып келе жатқан Мектеппай көк бурыл мұртын бір қозғап қойып:

— ЖенПИ-ге, не СХИ-ға жіберу керек болады дағы,— деді жеңгейге барлай қарап.

— Сіз қызық екенсіз? — деді Мұғылима жақтырмай қабағын шытып.— Қазақ біткеннің мұғалімдіктен басқа қолынан келетіні жоқ па? Әбден көбейіп, мұғалімдіктің де нарқы төмендеп алды. Орын тимей жүрген дүмше мұғалімдерді көрмей жүрсің бе? Мен болсам тілеуің бергір, басшылардың тамыр-таныстығымен ілесіп келемін. Олар ауданнан кетсе, маған да орын болмайды. Мұғалімдік деген сол ма? Жоқты сөйлейсің. Ал, СХИ

деген нендей сұмдық, механик етіп жалғыз баланы қарамайға былғамақпысың? Нендей келісімсіз ой еді? — деп Мұғжаны теріс қарап кетті де, бір түп сарғалдақты жұлып алып, ағайға сермей сөйлеп, өз ойын жеткізгендей болды.

— Мейлің, өзің біл,— деп Мекен күнк ете түсті.— Он жылдықты бітірген тойын кеше ғана өткіздік. Күзге дейін ойлануға уақыт бар ғой. Дайым мені мұқата сөйлеп, ауыз аштырмайсың,— деді жақтырмаған адамдай тыжырынып.

Жұбайының мүләйім кескінін көріп, жеңгей аяп кетті.

— Әскеннің папасы-ау, нендей шамшыл едің, титтей қатты сөзді көтермейсің,— деп быртық саусақты қолымен күйеуінің білегін бір қысып қойды.

\* \* \*

...Жинақты кең бөлмедегі орындықтар қоршаған биік столды, кипарист ағашындай жайыла өскен алояның жасыл сүйір жапырақтары жауып тұр. Көкшіл сары жұлдызшалары бар жасыл шәйі көйлек киген, сұңғақ, ақ сары ренді Әсия гүл букетін столдағы құмыраға орнатып қойды да, этажеркадағы кітаптарды тәртіптей бастады. Мөлдір көк көзі күлімдеп, жүзіндегі ұсақ секпілдері шып-шып шыққан термен қосылып, көбейетүскен сияқты. Қыр мұрны мен қызыл еріндері, қос бұрымды алтын сары шашы қыз тұлғасына ерекше көрік беріп тұр. Қуанышты көңілдің төрінен шыққан жалынды леппен өзі сүйетін өлеңді сызылта әндетеді.

„Жарқ етпес қара көңлім неғылса да,  
Аспанда ай менен күн шағылса да...“

Осы бір ән өткен кешті тағы да еске түсірді...

...Екеуі ауыл шетіндегі айдын көлдің жар қабағына келіп отырған еді. Жиіктегі биіктеп өсіп қалған жасыл қамыс, қоға-жайлардың олпы-солпы көлеңкесі су бетіне көлбей түсіп, болмашы дірілдейді. Алтын табақтай дөңгеленген жарық ай шарбы бұлттардың арасымен баяу қалқып барады, ақшыл сары сәулесі қарауытқан су бетіне құйыла түсіп дірілдеп тұр. Ауылдың электр жарығы мен жұлдыздардың сәулесі түсіп секпілденген тұнық судың бетіне ұсақ тастарды лақтырып бала жігіт

үнсіз отыр, жүрегі алып ұшып, қыздың ақ сары жүзіне ынтыға қарай береді.

Жігіт соңғы тасын алысырақ лақтырды. Шолп етіп сүңгіп кеткен кішкене тастың серпінімен су бетіне өрмекшінің торындай дөңгелек сызықтар қыртыстала жайылып барып жоғалды.

— Көрдің бе, Әскен, тас лақтырмаса, тұнық су шайқалмайды. Егер, жел тұрып толқын айдамаса, осы айнадай көл мәңгіге тынып тұрмақ па?..— деді жігіт күлімсірей қарап.

— Оны неге айттың? — деді қыз селт етіп.

— Әрбір өзгерістің өзіндік серпіні бар демекпін,— деді жігіт ойлы кескінде, қарауытқан көкжиекке қарап. — Менің жаңа жолды таңдауыма серпінін тигізген күш өзіңе белгілі ғой, Әскен.

— Таңдаған жолың маған ұнамайды,— деді қыз назды дауыспен.

— Өте дұрыс жол, Әсия,— деді жігіт сенімді, назды үнмен,— біз ашық сөйлесейікші, комсомолдың шақыруына сеніңше қалай қарауымыз керек? Әлде, немқұрайды ғана бас шайқамақпыз ба?

— Оқуды тастап кету қиын ғой, Айдар,— деді қыз мұңайып,— әкем мен апам да оңайлықпен көне қоймас бұған.

— Білімді алдымен өмірден үйренсең, кейіннен ғылымнан үйренуге жеңіл бола ма деймін. Менімше әкем мен апам білімді адамдар ғой, қарсы болмас,— деді жігіт сәл езу тартып.

Қыз үнсіз қалды. Жігіт суға тағы бір тасты лақтырып жіберіп, аз қарап отырды да:

— Әскенжан,— деді даусы қалтырап,— берген сертің рас болса, осы жолда бірге болуымыз керек, болмаса...

Жігіт сөзін аяқтатпай, қыз құшағын жая берді.

— Біз қашан, қайда болса да біргеміз,— деді күбірлей сөйлеп.

\* \* \*

Әсия кітапты қатарлай жүріп әннің аяғын жалғастырды.

...Дүниеде, сірә сендей маған жар жоқ,  
Саған жар менен артық табылса да..."

Ән ырғағын дабырлай сөйлеген таныс дауыстар бөліп жіберген еді.

Күн көзінде ұзақ жүріп, тершіген ағай мен жеңгей есіктен сөйлей кірді.

— Әскен, келіп қалғансың ба, айналайын,— деп Мекең қызына құшағын жая берді. Екінші жағынан анасы құшақтап, қыздың кішкене бетінен шөп-шөп еткізіп таласа сүйген әке мен шеше зорға босатты.

— Құдай-ай, сәулем-ай, жиналыстарың түн ұзаққа созылып ұйқың қашты-ау, көзің неге кіртіген, ауырып калудан саумысың,— деді Мұғылима жеңгей шошынып.

— Жас балаға он — он екі сағат ұйықтап тұрып физарядка жасаса, тоя тамақ ішсе, ажар кіреді. Әйтпесе ауруға шалдығуы да ғажап емес қой,— деді ағай салмақпен.

— Тамақтан да, ұйқтай қалшы, сәулем, төрт — бес сағат ұйықтап тұрсаң сергіп қаларсың, сөйтші көгерші-нім,— деді жеңгей жалына сөйлеп.— Бүгін күн ыстық, далаға шыға көрме! Басымның сақинасы түскірі ұстайын деп тұр ма, құлағым шыңылдап қалғанын қарашы, ыстыққа көбірек жүрсем сөйтеді енді...

Жеңгей қол орамалымен үсті-үстіне желліне бастады.

— Әкең екеуіміз сені қай оқуға жіберетінімізді білмей, дал болып көп ойландық, ҚазГУ қалай болар екен, құлыншағым? Папаң ЖенПИ-ге, не СХИ-ға түскенінді ұната береді.

— Мұғалімдік жарайды ғой, Әскен? — деп, Мекең де сөз қосты.

— Тұра тұршы, папасы, өзі қайсысын тандар екен. Айта ғой, қоңыр қозым,— деп жеңгей елпілдей сөйледі.

— Біз ауыл шаруашылығына жұмысқа баратын болдық,— деді Әсия.

— Қайдағы?

— Нендей,— деп әке мен шеше жамырай, шошына сұрады.

— Мектеп бітірген балалар мен қыздарды ауыл шаруашылығына жұмысқа шақырады.

— Кім ол шақыратын? Бізді сырттан билейтін кім? — деп, ағай мен жеңгей қосарлана тіл қатты.

— Комсомол,— деді Әсия жайбарақат.— Қолхозда қолмен еңбек істеп, белгілі мамандық аламыз, түсінікті ме енді?

— Үйбай-ай, не дейсің, балапаным? Оқуды тастап, қара жұмысқа түсем дегенің не қылғаның, құлыншағым? Алдында университет, аспирантура, одан әрі бақ-дәреже



күтіп тұр. Ата-анаң істемеген кәсіпке итермелеген кім сені, жазған,— деді жеңгей жыламсырай сөйлеп.

— Анашым-ау, түсінсейші, еңбек етудің өзі мол бақыт емес пе? Тәжірибелі сауыншы болғым келеді. Қолхоз басқармасына өтінішімді беріп те қойдым.

Мектепбай ағай томырық ашуға басты:

— Өсірген, адам еткен ата-анаңды керексіз қылып, өз алдына жаңылаймы дедің бе? Бізбен санасудан қалдың ба? Олай болса, мен сені балам деп санамаймын, білдің бе,— деп шарт сынды әкесі.

Ашу қысқан Мекең үй ішінде тенселе жүріп сіреңке қара кескіні түтігіп, денесі қалшылдап барады.

— Өзінде ақыл болмаса, ата-анаң бар, ақылдасуға болмай ма саған, дәулеттен қашып, бейнетке баруға неден мұқтаж болдың? Комсомол шақырса қайтейін, сауыншылыққа менің баламнан басқа жан құрып қалып па? Мен ауданға, облысқа барам,— деді екіленіп.

— Құлыншағым-ау, енеңнен туып өмірі өзіміздің мұқыл сиырдың да емшегін ұстап көрген жоқсың, кір-қоңыңды да өзім жуам. Ең аяғы шашыңды да өзіңе таратқым келмейді. Бүгін ұялмай ыстыққа күйіп, суыққа тоңып, салпақтап сауыншы болам дейсің,— деді Мұғылима жеңгей күйініп.— Уһ, жүрегі түскір қысып барады.

Жеңгей қолымен кеудесін басып диванға отыра кетті.

Әсия анасының мойнынан құшақтап бетінен қатты сүйіп алды. Айтуға сөз таппай аз тұрды. Ішкі дүниесі толқып сала берді.

— Түсініңіздер, өмір жолынан бөгеменіздер мені,— дей берді Әсия күбірлей сөйлеп.

---

## КЕШКІ ӘБІГЕР

Аязды қысқы кеште қырауытқан қос жолаушы суыт жүріп келе жатты. Сыры түсіп айғыздалған шағын, көкшіл кашовкаға жеккен дәу қарагер айғыр ауыздықпен алысып, құшырлана түседі. Қысқы тар жол ойлы-қырлы қар басқан даламен ирелеңдеп, сонау көз ұшында көрінген орманға қарай созылып жатыр.

Қысқы кештің тымырсық аязы бетті шымшылап, ызбарлы тілімен жалап өтеді. Аяздың шарпуынан сақтанған жолаушылар ішіктерінің жағасына бұйыға тығылып, қырын қарап отыр.

— Федя, жүрісінді жеделдет, тоңып қалар түрім бар,— деп жуан дауысты жолаушы атшыға жиі ескертіп қояды. Атшы қарагер айғырдың жүрісін ширата, екпіндете түседі. Күн батып кеткелі көп болған еді, айналаның қою қараңғылық біртіндеп қоршап келе жатты. Қорғасын түстес көгілдір аспанда мөлтілдеп жұлдыздар көріне бастады.

Қарагер айғыр кешкі салқынмен ынталана жүріп келеді. Жол табында кездескен қара-құрадан ыршып түсетініне қарағанда, айғырдың жаңа үйретілген желікті екені аңғарылады.

— Федя, делбеңе ие бол, бұл мына қалпымен бізді бір жерге тастап та кетер,— деді әлгі дауыс ішік жағасынан көмескілене шығып.

— Ой, Роман Алексеевич-ай, осы мәстекке ие бола алмай маған не болыпты, қам жеменіз. Пшту-у... А-ай... — деп Федя онсыз да арпалысып келе жатқан атты елірте түсті.

Жолаушылар көршідегі мал совхозының адамдары еді. Роман Алексеевич совхоз құрылғаннан бері кассир болып істеп келе жатқан қартаң адам болатын. Бұйрашашты жас өспірім Федяны осы жолы көшірлікке алғанына сүйсініп те, қынжылып та келеді. Сүйсінетіні жылқы құлағында ойнайтын пысықтығы болса, қынжылатыны да сол «пысықтығының» көп реттерде албырттығы, шалдуарлығымен ұштасатыны еді. Федя жол бойы Роман Алексеевичті бірде қатты, бірде ақырын жүріп тәлкекке салып келе жатты.

«Жас жігітке ұзақ жолда ермек те керек қой, тек аман жеткізсе болады!»— деп ойлады қарт.

— Жайырақ жүр, Федюша!— деп Роман Алексеевич қақырынып қойды.

Алыстан қарауытқан орман жолаушыларға қарай зырлап, жақындап келеді. Денесі қызып алған семіз айғыр пәрмендеп шауып кеткісі келіп, басын бұлғап жұлқи жөнеледі. Қалжыңбас Федяның өзі де қара терге малшынған еді. Сарғылт селеу қылтиып көрінген қарлы жазық шапшаң дөңгеленіп қалып барады. Аздан соң жіңішке қысқы жол қырау басқан орман тізбегіне сүңгіп кетті. Орман арасы қараңғы, жолы тар болатын. Ақ қырау баттасқан қалың жыныс дағдыдан қоюланып жол үстіне төне түскендей. Жолаушылардың желікті аты орман арасына кіргеннен-ақ елегізіп осқырына бастады.



Федя делбені қарыстыра ұстады. Роман Алексеевич ескертуін жиі қайталап келеді. Аяқ астынан «пыр» етіп ұшқан құстан үріккен айғыр мөңкіп ала жөнелді. Қошовкада отырған қос жолаушы мықтана ұстағанмен, бір шоқалаққа соққанда ұшып кетті. Федя делбемен сүйретіліп көп жерге дейін барса да, шошынған атты тоқтата алмады. Делбе үзіліп қолында қалды. Қарагер айғыр жегуімен қараңғылыққа сүңгіп жоғалды. Федяның бетінен қан ағып, иегіне қарай тамшылауда, бір көзі ісіп, жұмылып барады. Роман Алексеевичтің тосын оқиғадан есі шығып:

— Ат... ат... Жүз мың...— деп, ішігін шешіп тастап, ат соңынан жүгіре жөнелді. Ол қанша жүгіретінін шамалаған жоқ, қыр үстінде электр шамдары самсаған ауылға тез келіп қалған сияқты...

...Ауыл Совет кеңсесі жарық, жылы, ортада түйістіре қойылған столдардың үстіне электр шамдары мол жарығын түсіріп тұр. Председательдің столында телефон алдында көптен қырынбағандықтан бет-аузына қаулап сақал-мұрты өскен, бүгінгі кезекші Мәлік отыр. Жүдеу тартқан жүзінде шаршағандық пен кейістіктің белгісі бар. Түрік еріндерін жымырып, ұйқы тығылған үлкен көздерімен кітапқа үнілуде. Алған әсері де шамалы болуы керек, жалқаулана керіліп есінеп қояды. Осы кезде ауыз бөлмеден аяқ тықыры естілді. Мәлік ұйқысы бірден сергігендей елең ете түсті.

Мезгілсіз келген бейтаныс адамның кескіні ұсқынсыз да, қорқынышты да еді. Жасы елулерден асқан, ұзын бойлы, зор денелі, көз әйнегі мұрнына түскен адам столға жақындап келіп тұрды. Көне фуфайкасының сырты қырауытып, ақ шарфының шеті иығына түсіп кеткен, құлақшының теріс киіп алған. Қырысталған ат-жақты жүзінен моншақтап шыққан тер, әйтек шығынқы иегіне қарай сорғалайды. Кірпігіне қатқан мұздақ еріп, кішкене көздерін қыпылықтатып қояды. Денесінде тынымсыз діріл бары байқалады. Ол сөйлейін деп тұтығып қалды, күрек тістері болмағандықтан еріндері ұзын иегі мен мұрны арасында көшіп-қонып, тамсанып барып тынды. Салмағы екі аяғына кезек салып теңселіп тұр.

— Прре-дседтель жолдас, сізге айт-арым...

— Мен председатель емеспін.

— Сонда да айт-аррым бар, зор ұятқа, бақытсыздыққа ұшырап... — сөзін дұрыстап айта алмай, балуан қолымен сақалсыз жүзін сипай берді. Дәрмені құрып орындыққа отыра кетті.

— Айтыңызшы, қарт, не болған сізге?— Мәлік үрейлі көзімен тесіле қарап қалыпты.

— Ұятқа ұшырап, қашқан аттың шанасында... — деп Роман Алексеевич кемседеп, онан әрі сөйлей алмады.

— Сіз азырақ сабыр етіңізші, мына папиросты тартып, есіңізді жинаңызшы. Сонан соң айтарсыз!

Мәлік бәйек болып Роман Алексеевичтің алдына темекі мен оттықты қойып, жақын отырды. Жолаушы құшырлана сорып аз дамылдады да, папиросты қолымен жаншып лақтырып тастады. Тісі арасынан ысқыра шыққан үнмен жылдамдатып сөйлей бастады.

— Қашқан аттың шанасында жүз мың сом ақша кетті. Еңбекақы ақшасы... Не керек, жолда кездеспеді. Қараңғы, Ох... бәрінен ұатын айтсайшы!

Роман Алексеевич орнынан тұрып тәлтіректеп аз жүрді де, ауыр салмағымен сылқ етіп орындыққа отыра кетті. Оның денесі дірілдеп, жүзіндегі уайым бұлты қайта қоюланып, жанының күйзеліске түскені байқалды.

— Жауапқа тартылудан қиналмаймын-ау! Не керек... Әттең, ұатын айтсайшы...

Аз да болса істің жай-жапсарына түсіне бастаған кезекші:

— Сабыр, сабыр...— деді иығынан басып,— сіз совхозыңызға телефон соғып жағдайды хабарлаңыз. Мен председателді шақырып келейін...

\* \* \*

Дәуіт жұмыстан кеш қайтты. Оның соңғы уақытта тынысы да, ұйқысы да азайып кеткен еді. Әбзел саймандар мен машиналардың күрделі жөндеуі толық аяқталып, тәртіпке салынған жоқ-ты. Мұндай жағдайда колхоздың тәжірибелі ұсталары тыным таппайтыны мәлім. Әсіресе, Дәуіт мазасыз болатын. Дегенмен, көп күнгі әурешіліктен арылып, бүгін көңлі дауаланғандай болып, үйіне көңілді қайтты. Жаңа салынған төрт бөлмелі үй сәулетті еді. Ол өз бөлмесіне келіп, үстел үстіндегі жаңа газеттерді оқуға кірісті. Алдыңғы бөлмеде әйелі

Әмина мен анасы Мария кемпір күбірлеп сөйлесіп, ас жабдығымен жүрген.

Дәуіттің шаршағандықтан көзі ілегіп кетті. Дәл осы уақытта көрші бөлмеде көпей мәжіліс болып жатыр еді, бөлме ішін түгелге жақын жапқан түкті кілем мен жарқырауық кровать, зор айна барлық пен байлықтың куәсіндей үй ішін жайната түсулі. Бұл Салық пен Мария кемпірдің бөлмесі болатын. Дәуіттің әкесі Салық қарт күн бойы ауыл қыдырып жаңа қайтқан еді, кемпірі мен келіні, немересі төртеуі сыбырласа сөйлесіп, әбігер кенеске кіріскен. Қарттың жүзінде жайдарылық пен қуаныш болса, Әмина сұрлана түскен. Кішкене Сейпи әрқайсысының аузына кезек қарап қалыпты.

— Менімше, бұл жеке адамдікі болуға лайық! Мекеме болса бұлай болмаса керек еді, — деді қара бурыл сақалды Салық қарт.

— Бұл осы өзіміздің колхоздың адамдарынан түскен колхоз ақшасы болып жүрмесін, — деді келіні Әмина.

— Кімдікі болса онікі болсын, ақша қолға түскен соң не сөз бар, бұл құдайдың мол пішіп бере салған байлығы ғой! — деп Мәрия кемпір жымың қақты.

— Баяғыда Бейсенбі қажы купестің қара күмәжінегін тауып алып, кейін қажы да, дәулеті асқан бай да, болыс та сол болып, дәуірлеп кеткен екен. Абзалында бұл байлықты қайырлы етсе, Дәуітжанның атағын бір шығарар.

Салық қарт «құдайтағалаға» мейірлене риза болып, түскен олжаның баянды, қайырлы болуына дұға оқып бетін сипады. Оны ежелден, Салық молда деп атайтын. Қартаң тарта бастағаннан бері колхозда жұмыс істемейтін. Қарттықты сылтау қылып, жұмысқа бармай қойғанды. Соңғы жылдары түгелдей молдалыққа, сопылыққа қарай ауысып, өлікке жаназа оқып, уағыздар айтатын.

Алпыс бестерден жаңа асқан Салық жас адамдай әлуетті де. Оның алыпқа тән зор денесін май баса бастаған, кеудесі сәл еңкіштеу, нарттай қызыл жүзіндегі дөңгелек қара бурыл сақалы ғана көрілігін хабарлап тұрғандай. Қоңқақ мұрыны мен үлкен ала көзі, түксиген қалың қабағы, жалтыр маңдайы бар; бұл адамның мінез-құлқы мен кәсібі өзінің туған ұлына да ұнамайтын.

Дәуіт жалынып та, қорқытып та, жаңа өмірдің тамаша сырларын түсіндіріп те үгіттейтін. Бұлардың бәрін әкесі жүре тыңдайтын.

— Оның рас, көкесі,— деді Мәрия кемпір,— Дәуітжан тегі бақытсыз, дәулетсіз болмас деп едім, енша-алла жаман емес. Баяғыда осы қарағыма жерік болып жүргенде, бір түнде бірнеше жылқы сойылып, тастай батып, судай сіңе берді ғой. Сол жылғы Қарпықтың ұрыларымен жортқан сапарларыңның сәтті болып шығуы-ай! Соны ырым қылушы едім.

Бұл сөздер Әминаның жүрегіне тікендей қадалып, шошындыра түсті. Сөзді аз сөйлеуге тырысып, ас жабдығымен жүрді.

— Сіздер,— деді ол,— бұл ақшаны пайдаланып Дәуіттен «Бейсенбі қажы» шығармақшысыздар ма? Ақша жеке адамдікі емес, қазнанікі болуға тиіс. Мемлекет мүлкіне қол сұғу қылмыстың барып тұрғаны. Дәуіт оған баспайды. Мұны түсінулеріңіз керек.

Салық сықылықтап күліп:

— Абзалында, мемлекет мүлкі дегеннің өзі, тұрақты иесі жоқ мүлік қой. Шарифатта дәл содан пайдаланудан күна жоқ дегенді айтқан.

— Тегі шарифатыңызың өзі озбырлыққа бастайды екен ғой,— деді Әмина түтігіп.

— Тек шырағым, күнакар болма, абзалында, ақымақ адамға тән сөзді сөйлеме!

— Сөйлеген сөздің ақымақтық сөз екенін, асыл сөз екенін түсінуге тиістісіздер! Мемлекет, колхоз деген алдымен кім? Соны білу керек, ол осы отырған бізбіз. Өзімізді өзіміз ұрлау ақымақтық болмай ма? Шарифатыңыз солай деген ғой, тегі?

— Абзалында біз ұрлаппыз ба? Тауып алдық қой, сен де Дәуіт сияқты «білімпаз» болып кетпесең жарар, келін. Біз сендерден байпақты бұрын тоздырдық. Бұл жайды аз болса да көрдік қой. Абзалында, тауып алған соң күнадан пәк боласың, деп хадиста айтқан. Бұл бере салған артық байлық!

— Әмина, шырағым,— деді Мәрия кемпір,— сенің түтінің қалай шалқыса, Дәулеттің ойы да солай шалқушы еді. Жобанда осы байлықты қайтарып беру бар, ол ойдан аулақ болайық. Сен Дәуітті көндіруге тырыс. Алтынның аты алтын. «Алтын көрсе періште жолдан таяды,» — деген, сендер періштеден таза емессіңдер ғой... Сөйт, шырағым...

Мариям кемпір Дәуіттің анасы, алпыстан асса да, әлі көрілікке жеңдірмеген, зор денелі мығым адам еді. Со-

пақша, әжім басқан беті шалбарланып, қырысталған маңдайында түк өскен қара мені маңдай терісімен көшіп, қозғалып тұратын. Қызарған көкшіл көзін қалай сус-тана сөйлегенде жүзі ызбарланып кететін. Жайшылықта ұзын тілімен жасқап отыратын келінін бүгін «шырағым» деп бәйек болуда. Оңашада да көп сөз айтты.

— Жок,— деді Әмина,— біз бұған көне алмаймыз. Бұл масқарашылық, қылмыс!

Әмина отыздардан асқан, бұйығы мінезді әйел болатын. Аққуба, сұңғақты сұлуша жүзі балғын жастың кейпінен әлі де айырылмаған. Әжесін сыйлап, сөзін екі етпеуге дағдылана тұрса да, бұл жолы осынша байлықты сіңіруге көнбеуі Мәрия кемпірге таңқаларлық жай еді.

— Мына келіннің түрі жаман,— деді Мария кемпір, Әмина шығып кеткенде,— бұл Дәуітті өз ықтиярына көндіріп, ақшаны беріп қояды әлі...

— Соны айт, ендігі амал сенде, кемпір, абзалында Дәуіт сенің сөзіңді тындайды. Сенен қаймығады да. Мені соңғы жылдары ұнатпай жүр. Сен белге салмасаң, абзалында, іс болмас.

— Дәуіт, қалғып кеткенсің бе, ояншы!— деді Әмина оған, ойлы көздерімен төне қарап.

— Не болды?

— Төтенше жағдай. Сейпжан лыжымен кешқұрым орманға барған екен, іңірде қайтып келе жатып жол үстінен чемодан тауып алыпты, іші ақшаға толы.

— Ие?

— Біреу жоғалтқан болу керек, чемодан міне тұр.

Дәуіт орнынан атып тұрды, мұрын астына қойған кішкене қара мұрты әнтек қозғалып, тотыққан жүзінен күдіктің белгісі байқалады. Үлкен қой көздері шарасынан шығып кеткендей Әминаға тағы тесіле қарады.

† — Апкел бермен!

Бұрыштарын жезбен көмкерген қоңыр чемоданды ашып, бетімен бірдей салған ақшаны көрді.

— Қозғаған жоқсындар ма?

— Жок.

— Бала қайда?

— Осында.

— Шақыр.

— Сейпжан-ай, бері келші.

Алдыңғы бөлмеден он екі жасар аққуба бала кірді.

Ақ жағалы көйлегіне таққан қызыл галстугі аздап оңға қарай бұрылған, қара шұға шалбарының балағын қонышына түсіре киген, түрі Дәуітке ұқсайды.

— Чемоданды қайдан таптың?

Бала асыға, ентіге сөйлеп:

— Кешқұрым Сапар екеуміз орманға барып, қайтып келе жатып тауып алдым. Жолдағы орда төгілген шөп көрінді, жанынан өтіп бара жатсам дәл осылай жатыр, — деп чемоданды қырынан қойып көрсетті.

Бұл кезде Дәуіттің бөлмесіне семьялары түгел жиналған еді.

— Жаныңдағы бала қайда еді? — деп Мәрия кемпір көлденеңдей сұрады.

— Ол жөніне кеткен.

— Ешкім көрмеген деймін, Дәуітжан!

— Бұл құдайдың бергені. Мына ақымақ қатының мен балаң ауылнайға хабарлаймыз деп бой бермейді сандалып, мен қой десем ғана болмайды, түге.

— Сөніңше қалай, олар қате айта ма?

— Қате ғана емес, ақымақтық, — деді кемпір салмақтай сөйлеп, — осынша алтыннан безген адам бола ма, оларды ауыздықтау керек, Дәуітжан, дыбысы шықпайтын болсын.

— Дәуіт шырағым, абзалында бұл байлық құдайдың артық бере салған нәсібі ғой, ынтымақ қылып сіңіре білсек. Абзалында, сен семьяның ұйтқысы болсаң, осы байлықты сіңіруге де ұйтқы бол.

— Өткен уақыттарыңды есептемегенде, жаңа өмірде жоқтық көрген жоқсыңдар. Ақша үшін қылмысқа итергендеріңіз қалай Дәуітті, қартайғанда сіздерге не жетпей барады осы? — Әмина ашулы да, ызалы да еді, Сыздана айтқан осы сөздері Мәрия кемпірдің қытығына тиді.

— Сендердің енді қақандама деп, қақбас деп қол жұмсауларың ғана қалған екен. Бізді қартайған шағымызда қуып шықпақ ниеттерің бар екен, түге. Ендеше осы үйден алдымен мен кетіп тынайын!

Дәуіт шексіз ардақтайтын анасына бұл жолы ренжи, тосырқана қарады. Үлкен қой көздері өткірленіп, ұзын кірпіктері мен кірбік қара мұрты болмашы діріл қағады. Көмірдей қара шашының кекілі ашулы өткір көздеріне түсіп қыпылықтата береді. Оны күректей жалпақ алақанымен қайырып тастайды. Тамағына ты-



ғылған ашулы сөздерін бірден құсып тастаудың ретін таба алмай, зор денесімен жеңіл қимылдап орнынан тұрды. Ауыр етігін шақырлатып ерсілі-қарсылы жүрді. Салық пен Мәрия кемпір әр қимылына зер салып қарап отыр. Әмина мен Сейпи бала түрегеп үнсіз тұр. Әлгінде ғана көңілдендіріп тұрған электр шамдары енді күңгірттене түскендей, қырауытқан терезелердің аржағынан оттан шыққан темірдей қызарып туып келе жатқан айдың да бір шетін бұлт жаба бастады.

— Сіздердің осы қылықтарыңызды не деп білуге болады. Шын мәнінде алжасқандық па, қалай, естерін дұрыс сияқты еді ғой.

— Е-е, ым-м,— деді кемпір басын изеп,— бізді енді алжыған деуге дейін бардыңдар ма? Бәрекемді, ана Салиқа кемпірдің, ана Әзипаның, ана Қазизаның бәрінің балалары осылай деп жатқан шығар. Көргенсіздер, түге!

— Абзалында, қой деймін бәтшағар, осы бір ашуың-ай сенің.

— Қоймаймын! Қоймаймын деген соң, білдің бе! Қартайғанда осындай сөздер естимін деп өсіргем жоқ оны, ақ сүтімді ақтамадың, ұлым. Енді сол ардақты сүтімді көкке сауып қарғысқа байлауым қалды сені.

— Болды, болды, шеше, жоққа бола қарғысқа байлай салсаңыз аналық атқа кір келтірерсіз.

— Тәйт, әрі сен қатын, сумаңдамай. Естімеймін сөзіңді, бар пәле сенде.

— Жарайды жетер, кемпір. Абзалында, ақылсыз балалар емес қой. Осы бір болмашы сөзге тұлдана қалатының-ай сенің!

Дәуіт бөлме ортасында әлі түрегеп тұр. Тотыққан қара торы жүзі ызадан түтігіп барады. Мұрнын әлсіз-әлі тарта түсіп, бірден сөйлеп кетті.

— Сіздер ата-анасыздар, жолдарыңыз бөлек, ардақты жансыздар, сіздерді қадір-құрмет етуге міндеттіміз. Сол құрметті пайдаланып, сөздің асылын да, жасығын да орындатуға тырысасыздар, қарғысқа түгіл оққа байласаныздар да осыларыңызды қабыл ала алмаймын!

Соңғы сөздерді ол даусын көтере нықтап айтты да, қолына ақшалы чемоданды көтеріп, үйден шығып кетті...



Жүрер поездың қарбаласы әлі аяқталған жоқ. Қабыл өз купесіне ертерек жайғасқан еді. Сәулетті вокзалдың әшекейлі қабырғалары мен перронда сабылған адамдардың төбесінен қарап үнсіз отыр. Тар коридорда жүк көтеріп өткен жолаушылардың әбігер дауыстары, соқтығысқан чемодандардың тықылы бір тынар емес. Қабыл купеде жалғыз. Көңлі марқайып, жүрегі дүпіл қағады. Енді, бірнеше минуттарда алыс әрі көңілді сапарға жүріп кеткелі отыр.

— Ассалау... інішек! — деген дауыс ойын бөліп жіберді. Купенің есігінен иіле бас сұғып, егделеу тартқан сопақша сары бұжыр жігіт күле қарайды.

— Айналайын, айта қойшы, осында жалғыз сен ғана ма?

— Тағы бір адам бар.

— Орыс па, қазақ па?

— Бәрі бір емес пе! — деп езу тартты Қабыл.

— Айналайын-ай, мен онша сауатты адам емеспін, орыс тілін де шала білемін, алыс жолға да шығып көрген жоқ едім. Өмірде бір рет пойысқа мініп шыққанымда бір шпоналардың арасында болып, өліп қала жаздағаным бар,— деп, шағын қызыл чемоданын төменгі орынға қойды.

— Уһ, жаны түскір-ай, ие, не айтам деп ұмытып қалдым,— деді терін сүртіп ойланып,— ие, әлгі... шпәнәсі түскірдің жайы екен ғой! Содан әлгілер түнде ұйқтап жатқанымда керек-жарақ дүниемді үштепті де кетіпті. Әйтеуір, өзім аман қалыппын, биттім де қалдым,— деді талпақ танауына саусақтарын тығындап.— Айналайын-ай, жап-жас бала екенсің, қайдан білейін деп едің. «Жолдасыңды таппай жолға шықпа»,— деген бар. Осы вагон бойынан сені іздеп тауып алғанымды көрмейсің бе? Енді күдіксіз ұйқтап дем алатын болдым,— деп, шаршап-шалдыққан адамдай бар салмағымен отыра кетті.

— Ой, садағаң кетейін қазағымның баласы-ай, кісінесіп танысатын әдеті ғой. Тосырқама, айналайын, атым Қыдырбек... Шәшке қарауылмын. Алматыға бара жатыр едім. Құдайдың дес бергенде сені кездестіріп, сапарлас болғанымды көрмеймісің?

Поездың тіркеуі салдыр ете қалды да, қозғала бер-

ді. Станция үйінің мәнерлі қабырғалары жылжи қозғалып қалып барады. Тақала тұрған жүк вагондары мен үстіне машина, сайман, құрылыстық ағаш тиелген кең платформалардың үстіндегі олпы-солпы жүктер терезе алдымен баяу өтіп жатыр.

— Құдайға шүкір, сені кездестірдім, грамытысы жоқ адамға жол жүру де қиын екен. «Ий, знаком» деп орысқа жалынасың да жүресің.

— Солай шығар.

— Айтпа-а! — деп даусын созып қойды Қыдырбек, өзің қай уалаяттансың, таныса ~~отыралық~~, шырақ, енді кең жайылым болды ғой.

— Ұруым қойлы Атығай болса керек, әкем солай деуші еді, — деді Қабыл терезеден көз алмай, сыртқа қарай отырып.

— Ойбо-ой, айналайын-ай, інім болдың ғой, бауыр екенсің ғой! Ендігісін айтпа, болды, жетті. Өзіңе жол болсын, жөн-жоспарыңды айта отыр, жаным?

— Алматыға семинарға.

— Қандай?

— Тамақ өндірісі министрлігі жанындағы.

— Кәсібің не еді?

— Қаладағы нан комбинатының технигі.

— Иә, ымм... солай де, сола-ай де, әке-шешен бар ма, айналайын?

Қыдырбектің ұшы-қиыры жоқ сұрақтары жігіттің мазасын кетірсе де, ол туралы ойы өзгере берді: «қандай ақкөңіл адам» — деді ол.

Поезд шапшаңдата жүріп кеткен еді, паровоздың ақшыл қоңыр түсті бұйра түтіні шұбатыла созылып еріп келеді. Кірбік қар басқан сарала дала баяу дөңгеленіп, бірін бірі қуалаған адыр белестер кейін тоғытылады. Қабылдың көңлі сергіп «Сары арқаны» ыңылдап әнге қосады. «Енді аз уақытта астанада боламын», — деген қуанышты ой жүрегін желпіп өткендей болады. Ағасы да ойға батып, телміріп қалыпты. «Жас бала, сөзге сенгіш, іздегенім де сол емес пе», — деп ойлады да, қыли көздерімен аңдаусызда жігіт кескініне ұрлана қарап қояды.

Дөңгелек жүзді, секпіл бет бала жігіт ойлана отырып болмашы күлімдейді. Ағасы чемоданын ашып, қағазға ораулы тағамдарды столдың үстіне қатарлап қоя бастады.

— Ой-бо-о-ой, қатын байғұс та ес қалмай тығындаған екен. Мынау қойдың тоңазыған еті, мынау қант қосқан шыртылдақ, мынау жент... Мынасы несі?! Ә... «Ағзам» екен ғой. Ой, аузыңнан айналайын Шәйін-ай, қамқоршы-ай, мұнсыз ішкен ас бойға тарай ма? — деп кеңкілдеп тұрып күлді.

— Кәне, жеңгеңнің қолынан дәм тат, ауылдың дәмі ғой, жарықтық. Ал, шырағым, қымсынба, — деді Қыдырбек бүкір саусағымен дәмді нұсқап.

Қабыл өз чемоданын ашуға ыңғайланып еді.

— Ту-у, шырағым-ай, мұның қалай? жатсынғаның ба? Адал ас емес пе, дәмнен үлкенбісің! О, не қылғаның?! — деп ағасы ашу шақырған болды. Қабыл қымсына түсіп асқа отырды, тоңазыған қой етін еріне шайнап терезеге қарап қояды. Ағасы томпақ аузына тағамды тығындай түсіп, сасыр жеген түйедей малжандай сөйлеп:

— Кәне, Қабыл інішек, мынаны ішіп жіберейік! — деді көз жасындай мөлтілдеген арақты ұсынып. — Кәне, соғыстырып жіберейік!

— Рақмет, аға, мен ішпеуші едім.

— Сөзді ғой, ағаң ұсынған соң шегіншектеу дұрыс емес, кәне-кәне... жүз грамм, артық бермеймін, бұл астың иманы ғой!

Қыдырбек столда шайқалақтап тұрған Қабылдың стаканын ернеуінен тық еткізіп:

— Кәне-кәне! — деді асықтырып.

Қабыл аз бөгеліңкіреп қалды, «несі бар жүз грамм ғана болса».

— О, бәрекелді, сыйлап берген соң ішкен артық, өзің шіміркенбейді де екенсің, солай болмай жігіт бола ма? Закуска ал, бәрін қамти же, солай.

Көп ұзамай жігіттің көзі бұлдырап, шекесі дуылдай бастады. Көмір қара кекіл шашы тершіген маңдайына түсіп үнсіз отыр.

— Же, шырағым, бұйырған дәм, ауылдың дәмі... Ой, айналайын-ай сенімен жолдас болғанымға қатты қуанамын, қандай рақаттанып қалдым. Құдайға шүкір, әйтеуір... Кәне інішек, мынау қалдық маған мал болмас, ішіп жіберейік! — деп ағасы қара шыныны жоғары көтерді.

— Ой, бәрекелді, міне жігіт! — деп «үй иесі» қуанып қалды.

Қабыл жасаураған көзімен терезеге қарайды, ма-  
нағы бір суреттер өзгеріп, көз алдындағы буалдыр  
сағым тасқын судай сапырылысып жөңкіп барады.  
Ағынмен ыққан бөріктей адыр төбелер де қылаңдап  
қалып жатыр.

Бір кезде ыңылдап әндете бастады Қабыл. Кори-  
дордың қалтарысында ағасы бір пұшық қара жігітпен  
сыбырласа сөйлесіп тұрды...

— Ақшасы бар.

— Көзіңмен көрдің бе?

— Көргенде қандай.

— Жібере тарту керек.

— Сөз бар ма оған.

Қыдырбек купеге кіргеннен-ақ әндетіп отырған Қа-  
былды көргенде жылпың қағып:

— Рақмет, міне жігіт, бәрекелде-е! — деп, қошемет-  
теп қойды. Купеде үнсіздік орнады. Қабыл терезеден  
алысқа көз жіберіп, томсарып қалыпты.

— Інішегім, зерігіп кеттің білем, қартқа зауқың  
соға ма, бір-екі алып жіберейік, қалай қарайсың?!

— Қартты жетік білмеуші едім.

— Оқасы жоқ, мен де жүйрік емеспін, жол қыс-  
қарсын, ермек болсын, кәне...

— Кітап оқиын деп едім.

— Қой әрі, кітап-сітабыңды, кел ойнап жіберейік!  
Жастай оқып сарғайғанда не пайда таптың? Қараңғы  
түсіп келеді, көзің кетеді. Кел, кәне не ойнаймыз?

— «Подкидной».

— «Жиырма бір» ден артық ойын бар ма? Бір сом-  
пап көнге саламыз, ермек қой әйтеуір...

— Мен білмеуші едім.

— Оқасы жоқ, үйреніп кетесің.

Ақжем болған көне қартты Ағасы шапшаңдатып  
үлестіре бастады. Қалтасынан жаншылған бір сомдық-  
ты алып столға ұрды.

— Қаншасына барасың?

Қабыл қартты тұмсығына тақап отырып бір-бірден  
ала берді.

— Ізде өзің.

Қыдырбек екі-үш қартты қатарынан алып:

— Асып кеттім,— деді өкінген болып,— балақай,  
шала білем десең де уытың бар екен, салған жерден  
іліп түстің ғой. Әй, қу бала-ай! — деп қойды.

Есік үсті-үстіне қағыла қалды.

— Ие, кіре қал!

— Ассалаумағалейкөм!

— Әликісәлем, төрге шық!

Орта бойлы, пұшық қара жігіт үйдегілермен қолдасып амандасты.

— Жаңағы станциядан мініп едім, қазақтап жалғыз екенмін деп қайғырсам сіздердің купелеріңізден дауыстарыңызды естіп есік қаққаным, ғафу етіңіз!

— Оқасы жоқ, қазақ байдың баласы екенсің, бізбен бірге бол, бәрекезде-е,— деп Қыдырбек бәйек болып жатыр. Амандық, саулық тез аяқталды.

— Қарт білесің бе, жігітім?

— Шамалы.

— Оқасы жоқ, үйреніп кетесің. Мына інішегім де «шамалы» деп еді, салған жерден қусырып барады, бәтшәғар! — деп қарқылдап күліп қойды Ағасы.

— Сола-ай ма? — деді пұшық жігіт даусын көтере сөйлеп, Қыдырбекке көзін қысып қойды.

Қарт бірнеше айналғанда Қабыл үнемі ұтумен болды. Жан қалтасында жаншылып қалған ақшалар қоммақтанып барады. «Жүз сомнан артық алды-ау» деп ойлады ол. Қартқа ынтасы артып, бейілдене түсті.

— Стук елу сом, — деп жариялады пұшық.

— Мен бәріне де! — деп Қабыл ұрып жіберді. Алып шықты. Қыдырбек иінінен су кеткендей салбырап шығып кетті де, көп ұзамай жартылық арақ алып кірді.

— Құдайдың құдіреті, арақ ішпесем басым айналады, шырматылып отырғанымды көрмейсің бе? — деді стакандарға лықылдата құйып жатып.

— Алып жіберейік!

Барлығы да ішіп салды. Қабылдың көздері бұлдырай берді... Қарт ұрыла берді... алғашқыдай емес, Қабыл сыпырыла берді... Таң алдында жынын алғызған бақасыдай сұлық отырып қалды. Қалталарының түбін айналдырып қарады...

Ағасы ұзыннан түсіп ұйқыға кетті. Томпақ аузы сәл қозғалып ыңыранып қояды. Бетін жыбырлатып әлдекімдерге «ым» қағып жатқандай болады. Қабыл осы бір жексұрын құбылмалы кескінді көргісі келмей теріс айналып кетті.

«...Не істесем екен, әлде осының өзінен сауға сұраймын ба? Ақша ала қоятын таныс та жоқ, болған

күнде не деп сұраймын? Ұтылып қалдым дегеннен тонап алды деген көп жеңіл сияқты».

...Ағасы арақтан ісінген бетін тырыстырып жайбарақат Қабылға қарады. Қадақ-құдақ ақ шабдар мұрты ұзарып тікірейіп кеткен.

— Сегіз жүз сом ақшаны ұтып алдыңдар, бір тиын қаржым жоқ, ең құрығанда жүз сомын өзіме қайтарыңдар! — деді оған Қабыл, даусы сәл дірілдеп.

— «Қайтарыңдар?!» Табылған ақыл, ұтқан пұшық қара, өзін танымаймын да, о не қылғаның?! Мен не бары үш жүз сомдай ұттым. «Қайтарыңыз»... Ол қайдан шыққан заң? Сен айналайын, бес жасар баланың сөзін сөйлеме, жігіт емес түбіт екенсің ғой! Ақшаң болмаса қайтейін, мен бейнаमतпын ба? Міне қызық! — деді таңдайын қағып.

Содан кейін-ақ Ағасы асығыс жиналып, келесі станцияда поездан түсіп қалды.

Сыртта нілге малған бөздей көгеріп таң атып келе жатты. Дөңгеленіп қалып жатқан сарғылт даладай жүдеу көңілмен мұңайып Қабыл алысқа қарады.

---

## ОРМАНШЫЛАР

Әлгінде ғана жауып өткен нөсерден жиналған қақтарды шашырыта тіліп жүйткіген мотоцикл Шақанның үйінің қақпасына тірелгенде, мотордың бірде гүрілдей, бірде басыла шыққан үні өшіп, айнала тым-тырыс бола қалды. Жапсардан сығалап тұрған Шақан қонақтарды көре салып, сүріне-қабына үйіне кірді.

— Ойбай, қатын, орманшылар келіп қалды. Орманшы болғанда ана бір дәуі... аты кім еді, барболғырдың...ие, әлгі Жанғожа, жанындағысы өзіміздің ұзын сары.

— Абыржыма енді, бір жөні болар,— деді Әнипа жеңгей төрге көрпе салып жатып.

Қонақтар машиналарын орнықтырып қойып, үстерін шашыранды балшықтан тазартып күйбеңдеп жүрді. Әлгінде ғана өткен өткінші бұлт көкжиекке қарай шалқайып ұзап барады. Барған сайын қалыңдап, түнере түскендей қара күрдененіп талауратып кеткен. Сиыршының бишігіндей ирелеңдеп нажағай оты тілгілеп өтеді. Жа-

уыннан соңғы хош иісті ауамен кеуде кере дем алып, үстері малмандай су болған жолаушылар үйге қарай беттегенде Шақан жалбақтап қарсы алды.

— Ой, Жәкембісің, бәрекелді, хош келіндер, төрлетің дер! Құдай-ай, жаңағы бір өткіншінің астында қалғандарың-ай. Қап, мына құдайдың құдіретіне шара болмас тағы. Сау-сәлемет бармысындар, әйтеуір! Ту-у, Сәрсембек шырағым, сен де аманбысың, келін-кепшік амандық, саулықта ма?

Жолаушылар қысқа амандасып үйге кірді.

— Қате-ен, қимылда, мына Жәкем тоңып келіпті, құдайдың құдіреті, әлгі бір өткенші түскірді көрдің бе?

Шақан орта бойлы, етті-женді денесімен ширақ қимылдап қонақтарды шешіндіріп, киімдерін іліп, бәйек болып жүр.

— Ел-жұрт аман ба, әйтеуір? — деп Шақан орақ мұрнын сіңбіріп тастады да, жалбыраған қою қара мұрты мен шоқша сақалын жалпақ алақанымен қапсыра сипады.

Қазандық алдында қайнап тұрған самаурынды буын будақтатып Әнипә столға қойғанда, қонақтар төрге жайғасқан еді. Орманшылар үй иесінің сұрағына жауапты сараң қайтарып, шайды сораптай айналаға көз тастады.

Аласа балшық үй қапырық та, лас та көрінді оларға. Ыс шалған төбеде өрмекшінің торы болмашы қозғалып, дірілдеп тұр. Қиуы қашқан еденнің жуылмағанына бір талай күндер болған сияқты. Босағадағы төл үйшігінде қысқы қидың қалдығы тазартылмаған, үйдің табиғи ауасымен қосылып етене болып кеткен жағымсыз иіс содан тарайтын көрінеді. Қараңғы үңгірге тесіле қараған көз жанарындай жаңбырдан соңғы күннің сарғылт сәулесі кішкене терезелерден ұрлана сығалайды. Сыртта жаңа көтерген үйдің жарты қабырғасы мүктері салбырап, кішкене терезелерге ентелей төніп тұр.

— Осы біреу үйді көтерген болып жатыр едік, ағашы да жетпей қинап болды, әйтеуір,— деп Шақан шайды тарта түсті.

— Құдай-ай, мынадай інілерің барда не уайым бар, ағаштың ретін келтіре салады дағы,— Әнипә жеңгей әжімдене бастаған атжақты сопақша жүзін қонақтарға бұрды. Кішкене қара көздерімен кескіндеріне талмай қарап ішкі дүниесін танытқандай болады.



— Орман — өкімет меншігі, «інілеріңнің» билігі келе ме? — деп Жанғожа күңкілдей сөйлеп, шәшкәсін төңкере салды. Май басқан қапсағай денесі жадырап, қызыл күреңденген семіз бетінен шып-шып шыққан терін сұртпек болып, маңдайшасына қайыңның жез жапырағын қадаған көне құлақшынын жерге қойды. Кірлеген қол орамалымен мойнын, бетін, қасқа маңдайын қыдыра сұртіп, кертеш мұрны алдындағы қызыл мұртын сықырлата уқалап түшкіріп салды.

— Жархымәкім. алла, жолың болсын! — деді, Шақан елпілдеп.

Қонақтар сыртқа шығып қиылып жатқан жаңа үйдің әр ағашына үңіліп қарап жүрді. Батысқа ауысқан шілденің күні қайтадан жарқырап қыздыра түскен. Суға тойған жазық дала бусанып, таза ауа тынысты кеңейтіп жіберді. Аршыған жас теректің қышқылтым иісі таңауды қытықтайды.

— Міне, мыналар, сонан соң ана қабырғадағы он бөрене түгел өз бетімен кесілген, «СП» ны соқ Сәрсембек! — деді, Жанғожа бұйыра сөйлеп.

— Себеп? — деп сұрады Шоқан, «СП» ның қазақша — «рұқсатсыз кесілген ағаш» деген белгі екендігін еркін түсінбесе де.

— Себеп сол, ағашты өз бетіңмен кесуге тиім салыпғанын білмеушіме едің? Ежели билетің болса көрейік! — деді, Жанғожа ызбарлана сөйлеп.

— Қағаздарым бар.

— Қашанғы?

— Былтырғы.

— О, «былтырғы?» Мынау ағаш жақында ғана кесілген. Олай алдай алмайсың, бәтір! — Жанғожа түбірге отырып, алым-жұлым болған сумкасын ақтарып жазуға кірісті. Шақан тұнжырап қарап қалыпты. «... Қиын болды-ау, мына пәле шынымен бетті теріс бұрды, сайып келгенде кассадағы тырнақтап жиған он мың сомның шетінен опырып кеткелі тұрғанын көрмейсің бе?»

«Ақша шығарып билет сатып алмайын, дегенім мынау болды. Енді қайттім. Әлде шынымды айтып жалынсам ба екен».

— Шырағым, Жанғожа-ай, бір қате болды, ендігісін өзің біл, енді, — деп Шақан жыламсырай сөйледі. Орманшылар үн қатпай әлде нені есептеп жазып жатты.

— «Қате болды», қате екенін біле тұрып қирата ке-

сесің, енді тіке сотқа берем. Ежели кешірсем өзіме оңды емес, нарушительсің, настоящий! — деп Жанғожа зіркілдеп алды де қағазын оқыды.

— Жиырма жеті бөрене — жүз сомнан, екі мың жеті жүз сом штраф, — деп бір қойды.

Шақанның қызыл көздері шарасынан шығып ежірейіп кетті.

— Алла, құдай деген, бүкіл мүкәмалым да жетпес Жасатқаны түскір-ай, енді қайттым! Садағаң кетейін, Жәкесі-ай, өзің білесің, қолхозда-жұмыс істеп жылына он еңбек күн таба алмаймын, жас та келіп қалды. Оның үстіне бірде ауру, бірде сау. Азын-аулақ қараның өнімімен күн көріп отырған жайымыз бар еді, жарықты-ғым!

— Өкімет дүниесіне қол сұқпа, білдің бе?! Сөз қысқа, мен как обящик жол бере алмаймын. Мына ынжық орманшылар ашық ауыздығы үшін лесхоз алдында жауап береді, — деп Жанғожа ұзын бойлы сарыбұжыр жігіт Сәрсембекке үсік қолын шошайтып қойды.

Орманшылар шығысымен Шақан семіз бағланды жарқыратып сойып тастаған еді. Бүлкілдеп қайнаған қазандағы етті май сіңген істік ағашымен ауыстыра отырып ойға шомды.

«...Алдарының тары ай, шіркіндердің! Асқа қармаймыз, деп безек қағады, кетіп қалып малым босқа сойылып, сорлап қалмасам жарар. Машиналары осындай болса да «пырр» еткізіп, шу қара құйрық, тайып отыру да ғажап емес. Жо-жоқ, үйтпес. Асанды аттап қайда кетер дейсің. Айналайын, Асан-ай, сен болмасаң оны да істейтін еді. Бригадир болса, ауылдың бәтуәлі адамы болса сендей болсын, қарашығым-ай...»

— Шақа, — деген дауыс ойын бөліп жіберді. Артында күле қарап, егделеу тартқан қырмасақал қараторы жігіт Асан тұр.

— Алып келдім, асың пістіме, тездетіп жібер!

— Қазір-қазір, қарашығым, — деді Шақан қазан астындағы сиырдың тіліндей сумандаған отты түртпектеп, — он минутте дайын болады, айналдыра бер өздерін...

Қой басының құлағын қалқайтып үлкен табақты қонақтардың алдына тартқанда күн еңкейіп қалып еді.

— Бұйырған дәм, жей бастаңдар, қызмет бабы өз жайымен, қонақасы өз жолымен, — деп, Асан селебе

пышақты жарқылдатып етті турай бастады. Қонақтар етті екі-үш асап мұрттары майланып қалған кезде:

— Мынадан аздеп алып жіберейік! — деп Асан стакандарға арақ құя бастады.

— Жок-жок, рахмет, мені не қыласың, соңғы кезде қойып жүр едім, — деді Жанғожа етті компандай шайнап отырып, қаршығаның көзіндеі сары ала көздерімен жауаңдап қарай берді.

— Сөзді қой, ішесің! — деді Асан өктем үнмен мөлтілдеген стаканды алдына қойып, — сыйлап берген соң ішкен артық, давай-давай!

— Ал жарқыным, ал-ал! — деп, Шақан да елпілдеп қойды.

— Болмас енді...

Жанғожа керіле түсіп, стаканға қол созды.

— О, бәрекелді.

Табак толы майлы ет орталанған кезде, арақ тағы құйылды.

— Мен ішпеймін, — деп Жанғожа кілмиген көзімен Асанға қарады.

— Орынсыз сөз сөйлеме. Сен Жанғожа, мен Асан болып, өзіміз мың жылғы құда болып, көңілдес, іліктес болып ішпей кетсең сөзім жоқ. Әйтпесе алып қой мынаны, — деп Асан мөлт-мөлт еткен екі стаканның біреуін қонағына ұсынды.

— Аф-фырмай, болмас енді...

Қонақтар аттанарда қызыл іңір болатын. Тәңтіректей басқан Жанғожа Асанмен қоштасып болып, Шақанға үлкен құшағын жайды.

— Шақан бауе-рем, әкел қолыңды, ризамын, ғаф-фу етіңіз, мә, түскірінді, — деп шумақталған маңағы жазылған қағаздарды ұстата берді. Шақан уқаланып қалған қағаздарды тездетіп қалтасына тығып жатты. Қара көлеңкеде оның жымың қақан жүзіндегі мысқыл күлкіні Жанғожа аңғармады.



## АНА ТАҒДЫРЫ

Толғағы піскен Жаңыл жеңгей құр жіпке теңселіп беулеп тұр.

— Ойпырмай, жаным а-а-й: — дейді зарланып. Тұншыға шыққан дауысы ауыр азапқа зорға шыдап тұрға-

нын аңғартады. Бетінің қаны қашып, дөңгелек қараторы жүзі қуқылданып, маңдайына терең әжімдер түсе қалады. Қою қара қасын тырыстырып, безерген ернін жалап, сәл тыныштайды да, қайта безектейді.

— Алда де, шырағым, Бибәтима піріңе сыйын,— деп кетік қара кемпір Сағила ақыл айтады.

Кемпір жеңгейдің ішін сипап тұрып, көзін жұмып, ұзақ сүре аят пен тілектерді жаудырып «босатшы, босатқа» басады, пайдасы да шамалы сияқты. Жаңылдың азап шеккеніне бірнеше сағаттар болып барады.

Ұясына төнген күн көзінің алтындай қызғылт сәулесі сығырайған терезелерден шұбатыла түсіп тұр. Еңсесі аласа шағын үйде жинала қалған төрт-бес әйел Жаңыл жеңгейдің төңірегін қоршай отырысқан, қабақтары тым қатыңқы.

Шеткерек отырған шүйкедей келіншек шіңгірлеген дауыспен:

— Дәрігерлер жіпке асылғанды дұрыс демейді, өзім толғатсам әйелдер босанатын үйіне барам, онда қандай таза? — деді аузын сылп еткізіп.

Сағила кемпір мұрнын шүйірді.

— Әдрем қа-ал, білгішсуін бейбақтың, баяғыдан бери осы жұртты дәрігер босандырып жүр деген, құдай босатса өзі де босанады! — деді жаңылдың ішін сипап тұрып.

— Алла сақтасын десейші, дәрігер деген батыл жұрт қой. Темір аспаптарын жұмсай бастайды,— деді беті шалбарланған ақсары кемпір.

— Құдай-ау келін-ау,— деді Сағила кемпір шұлғый сөйлеп,— батымдығы сол емес пе? Жатқызып қойып, малша туғызады дейді, ішіне мұз басып азаптайды дейді. Алдыңғы жылы Бірімжанның Шәйініне соны істепті ғой. Содан қатпа болып жүрген жоқ па, сорлы! — деді сыбырлап.— Май ішпеген соң не болушы еді, жазған, ішіне қан қатып ақыры мынау болды.

— Бәтіманың апасы-ау, айтпа деймін, суық үйге тастайды дейді, маңдайы жібімеген соң не болушы еді,— деді, сары кемпір де қостап.

— Оның рас келін,— деді Сағила дауысын құбылта сөйлеп,— мына бір бейбақтар дәрігер, першіл, деп шіңгірлеп ақыл айтпақшы болады, әлін білмеген әлек деген! — деп келіншекке оқты көзімен қарап қойды.— Құдай оны маған көрсетпесін.

— Бәтіманың апасы-ау, өзіңнің де үмітің бар ма еді?— деді сары кемпір қалжыңдап. Әйелдер жабыла күлді. Жаңыл күлкіні жаратпай қабағын тырыстырып шыдамсыздана түсті. Есік аздап ашылып, аузын түк басқан, ала көзді, танқы танау Тұяқбайдың үлкен басы көрінді. Үрейлі көзімен үйдегілерге кезек қарап үнсіз тұрып қалды.

— Шынында, дәрігерге шаптырсам қалай болар екен, Жаңыл? — деді қалтырған даусымен.

Жеңгей зарлана түсіп бас изеді. Сағила кемпір шошынып баж ете қалды.

— Ой-бай-ай, о не дегенің қайным, першіл дегенді атай көрме, құдай өзі босатады. Шырағым Жаңыл-ай, саған не болған, першіл оңды болушы ма еді,— деді безектеп.

Жаңыл әлсіреп талықсып тұр, Тұяқбай шыға жөнелді.

Күзгі кеш. Күн көзі алыстағы ирек-ирек орман тізбектерінен әрі балқыған темірдей қызарып батып бара жатты. Әлсіз сәулесі тарамдана жайылып, шарбы бұлттарды алтынға малғандай қызартып тұр. Адам көлеңкесі ұзарып елбеңдейді. Салқын леппен тербеле шұбатылып, сиырдың сілекейіндей мизам ұшып барады. Қыздың көз жанарындай мөлдіреген кішкене көлдің беті ақты-алалы қаз бен қуға толы, әсем дауыстары сырнай үніндей сыңғырлап естіледі. Қырдан әрі бірнеше мотор тынымсыз гуілдейді, біреулер қарқылдап күліседі. Көшемен нәң қоңыздай дырылдап мотоциклдер жүйіткіп өтеді. Бәрі де бұрынғысындай шат-шадыман, Тұяқбай басындағы ауыр ойлармен жүдеушілікті сезбейтін де, ешқандай мән бермейтін де сияқты.

Тұяқбай ағай қақпаға сүйеніп дәрігерді шыдамсыздана күтеді. Үйден тұншыға шыққан Жаңылдың дауысы сабырын кетіріп, зайыбының азабына ортақтасқандай жанымен толғанып тұр.

«Неге ғана туу үйіне баруына қарсы болдым екен, сорлының өзі де тартына қалды. Егер, өліп кетсе не болдым, қызыл аяқ балалармен шулап қалғаным ғой!» Жаңылдың зары жаназа үніндей естіледі оған, көзінен жас тамшылары еріксіз домалап түсті, жаны түршігіп мұздап кетті.

Бір сәт ауыр ойлар сергіп, көздері күлдімдей қалды. Сондай жақсылық көрем деген жылы еді биыл, қырсыққанда жеңгейдің кешеулеп қалғаны мынау. Алды институтта оқып жүрген бес қызды қанағат көрген Тұяқбай жоқ, «қыз туудан Жаңыл жаңылмайды, өкпелеуін Тұяқбай қоймайды» деп күлісетін болған жұрт.

Айналаға қараңғылық үйіріліп келеді. Батыста жиектері сарғылт сәулемен көмкерілген қоңыр бұлттар тапжылмай тұр, жылтырап жұлдыздар көріне бастады. Биік бағаналардың басында лектр шамдары жымыңдап, үйлердің терезелері де жарқырай қалды.

Жіңішке ұзын жарығын өкшелей қуалаған мотоцикл дырылдап келіп, қақпа алдына тоқтады. Көзді ұялтқан ақшыл сәуле қора ішін аралап барып сөнді.

Акушерка қыз электр жарығына толы бөлмеге кіріп шешінгенде, Жаңыл жеңегей тым әлсіреп тұр еді, ақ сары кемпір дәрігерге үрке қарап, шытына қалды.

— Мына құрғыр қайдан келіп еді,— деді күбірлей сөйлеп қызды ала көзімен атып.

Ұзын бойлы, қызыл шырайлы қыз — акушерка балғын жастық реңді болатын.

Сағила кемпір қабағын шытып, аузын сылп еткізді.

— Әдрем қал-ау, жап жас басыңмен менен артық білмессің,— деді теріс қарап күңкілдеп.

Акушерка Жаңылды төсегіне жатқызып ішін сипап қарай бастады.

— Жаным-ау, осы қыз не қылғалы отыр, жіпке неге асылдырмайды, уақыты өтіп барады жазғанның,— деді кетік кемпір шыжалақтап.

— Першіл осылай босантады, даурықпацдар— деді шүйкедей келіншек білгірсіп.

— Тәйет әрі сумаңдамай,— деп жанындағылар келіншекке ұрсып тастады.

Акушерка қыз жарқырауық шприцтің инесін орнатып, ішіндегі сарғылт дәрісін жарыққа ұстап, шайқап қарады.

— Бетім-ау, Бәтимапың апасы-ау,— деді сары кемпір бажылдап,— мен айтпаппа едім, бұлар осылай етеді деп, мен кеттім енді, шыдарлығым қалмады,— деп орнынан тұрды.

Қыз сұрлана тұрып:

— Барыңыздар шешейлер, сіздердің кесірлеріңізден жеңгей хауіпті жағдайда қалыпты. Тұяқбай ағай

бұл үшін сіз де жауапты боласыз,— деді ашулы дауыспен. Әйелдер сыпырыла шығып кетті.

Жаңыл жеңгей зарланудан ауыр ыңқылға ауысып талықсып жатыр. Тұяқбай акушерқаға қынжыла қарай береді, ішкі дүниесінде мол өкініш бар. Енді манағы бір бөгде тілектерді доғарып, жеңгейдің шыбын жанына сауға сұрап телміріп отыр.

Акушерка қыз дәрі еккен соң жеңгейдің тынысы келіп, көз алдындағы буалдыр перде ашылып кетті. Көп ұзамай тағы да бебеулей бастады. Бірақ, Жаңылдың зарлы үнін дүниеге келген сәбидің шырылы басып өткен еді.

Қыз Жаңылды орап отырғызып болып:

— «Қырық жеті» — деді қуанышты дауыспен,— қайырлы болсын ағай!

— Шынында не болса да ризамын, сәулем, Жаңылымның жаны қалса болады,— деді Тұяқбай ағай даусы қалтырап. Оның қуанышты жүзінде дәрігер қызға деген мол ризашылық бар еді.

---

### КЕСЕЛДІНІҢ КЕСІРІ

Кең үйді лық толтырған колхозшылар жиыны алдында қапсағай денелі, келте қара мұртты, орта жастағы ақсұр адам даурыға сөйлеп тұр. «Жолдастар, біздің бригада, мен тұрғалы всегда алда келеді. Осыған дауларың бар ма! Стало быт бригадир жаңарған соң қарқын да жаңарып, ілгері басуда» — деп сөзін бір түйді. Енді бір маңызды жұмыс істеп, алдындағы қағаздарына қарап қалды. Жиналыс аяқталып келе жатқан сияқты. Столдың төрінде тік тұрған шешен өткір алақөздерімен жұртты қыдыра шолып, дүрдиген мұртын сипап кержие қалды. Үлкен қоңқақ мұрнын құшырлана уқалап, кірпінің шөгіріндей тікірейе өсіп келе жатқан бурыл шашын сипай өтіп, желкесін тықырлата қасыды. Жиналыс бастығымен қатар отырған аудандық Совет өкілі — сығыр көз жас жігіт баяндамашыға қарап қалыпты. Оның қызу сөздерімен орындап тастаған көптеген жұмыстары өкілді қанағаттан-

дырып-ақ тастағандығы айтпай түсінікті еді. Столда жанған шамның сарғылт жарығы үйдің ыстығынан күңгірт тартып, темекі түтінінің көкшіл тұманы еңсені басып дем алысты ауырлата түседі.

Бригадир Нәби ұзақ сөйледі. Сөзін сырлап сөйлеуге күш салғаны көрініп тұр. Осы әурешілікпен қанша өткенін де аңғарар емес. Күн бойы жұмыста болған еңбек адамдары қалғи да бастады, самарқау кеңесіп, өз жайында отырғаны да көп. Қырауытқан шағын әйнектерден айдың сарғылт сәулесі түсіп тұр.

— Жолдастар,— деп әндете жөнелді,— кәзір де большевиктік пешатқа жазылу науқаны жүріп жатыр. Ескі жылдың аяғы жақындап келеді. Стало быт жаңа жылға газет, журналдарға жазылу міндеті тұр. Бұл науқанды да біркісідей орындаймыз деп сенемін. Біз жұмыста алда болсақ, газетке жазылуда да солай болуымыз керек емес пе?

— Әбден болады.

— Дұрыс айтасыз, Нәбеке.

— Жазыламыз,— деп шу ете қалды көпшілік.

— Хораша-а,— деп сөзін жалғастыра берді.— Газет, журнал жан азығы, оған жазылмай қалу позор болар еді. Стало быт, ондай адамдар ырымға да табылмайды бізде. Ал мен өзім екі газет, бір журналға жазыламын.

— Ей, шырағым, жаза баста!— деп хатшы болып отырған жігітке бұйыра сөйледі.

— Менде бір сөз,— деді біреу арт жақтан. Сары шапанын желбегей киген Жамал кемпір орнынан тұрды.

— Шырақтарым газет, журнал тасу үлесі маған тигелі көп уақыттар болды. Мен өз міндетімді әйбәт қана орындауға тырысамын. Ал шырағым Нәби, сіз тым ұста сөйлейсіз, кеше поштаға көлік сұрағанымда «көлік, шана мал азығын тасуға керек»,— дедің, сөйлеспедің де. Рас жетпей жатқан шығар. Бірақ, мал азығынан жан азығы қымбатырақ болар. Жаз күні де осы хақында ұрысып қалғанбыз-ды. Мұны қою керек, менің бар айта-рым осы.

Жамал кемпір аузын бұлтаңдатып, тәутиген иегін шапшаң қозғалтып, әбігерлене сөйледі.

— Ұрды қос қолдап,— деді біреу күбірлеп, осының орайына кейіннен сықылықтап күлген жастардың дауысы естілді.



— Перестань!— деді Нәби орнынан шапшаң тұрып, шоқ басқандай безектеп.— Бұл кім безобразия жасап отырған, тәйт әрі ыржақтамай!— Өткір көздерімен күлкішіні қыдыра іздеп шығып Жамалға қарады. Күлімсірей жайдарлана сөйледі.

— Айтуың өте дұрыс, критика болмай іс болмайды. Бірақ саған көлік, сайман бермеген жерім жоқ сияқты, не можит быт,— деді Нәби қызараңдап.— Пошта үшін бермеген көлікті кімге беремін, о, не дегеніңіз дажы атай көрмеңіз. Онан да мына науқанды өткізейік. Қәне жазыла бастандар, давай те...

— Жазыңыз мені,— деді Жамал кемпір,— бір газет, бір журналдың жылдығына, шырақтарым, газет, журналдың жылдығына жазылу өте пайдалы. Үзбей алып тұрасыңдар, сөйтіндер.

— Мені жаз!— деді жас әйелдер.— Балаларым жылап жатқан болар.

— Мені жаз!— деді әртүрлі дауыстар жамырап, столға жақындай түсті. Осы бір «мені жаздар» хатшы жігіттің дегберін алып асықтыра түссе, Нәбидің бойын көкке тигізгендей болды. Жиналыс артынан шыққан өкіл Нәбимен табалдырық алдында қоштасып жатты.

— Көрдіңіз бе, жолдас, біз басқарған бригада қандай, отағасының өзіне айта барарсыз деп сенемін сізге!

— Рахмет,— деп өкіл қолын сілкіп алғыс айтты.

\* \* \*

Нәби теңселе басып, үйіне қарай аяндады. Көңілі марқайып, жел көріктей дүрдиіп келеді. Ол бүгінгі жиналысқа аса риза еді. Ауатком алдында өзін қалай ұстағаны, қабілетті басшы екенін танытқаны, өкілдің сөзсіз жақсы ойда кетуі, бұл туралы ауатком бастығының өзіне де айта баруы мүмкін екені, сәті түсіп жоғарырақ шенге көтеріп жіберуі; кім біледі, бағы ұшайын десе, о да ғажап емес. Көрші колхоздың қабілетті бригадирлерін басқармалыққа, ауылнайлыққа дейін көтеріп жатқанын көзі көріп жүр. Әлгі мына көршінің сумұрын бригадирі Сәпенді аудан күштеп басқарма орынбасары етіп жібергенін де жұрт біледі. Ал Сәпен болса, мұның ширегіне де келіп көрген жоқ.

Осы ойлар үміттің нәзік арқанымен сүйреп алып кетті. Үлкен шенге жоғарлап қалғандай сезінді, шатта-

на түсті. Енді әріптестер жинап, азулы болып алса қандай жақсы. Әлгі бір адуын кемпірлер жұрт алдында таңынан тартпақ түгіл, атынан үркіп тұрмас па еді?!

Күн тымырсық аяз еді. Қатпарланған бұлттардың арасынан сығалаған ай, күл арасындағы шоқтай жылтырайды. Әр жерден мөлтілдеп түнгі жұлдыздар көрінеді. Аяқ астындағы ысқаяқ қарды шақырлата басып жүріп келеді. Белуарынан күртік көмген ауыл үйлерінің терезелерінен шам жарқырап тұр. Әлде қайдан шаның сықыры мен көңілді күлкі естіледі. Нәби бұрылыстан үйіне қарай бұрыла беріп, тоқтай қалды.

«Ерте барып үйде не бітірем, Әлібайға кіре кетейінші, бірденесі бар ма екен?» деп шағын балшық үйдің қақпасына кірді.

— Кеш жарық!

— Айтқаныңыз келсін, төрге шық, Нәбеке,— деп Әлібай күле жауап берді.

— Шығуын шығамын ғой, сонда берерің бар ма, көз көргеннен ештеңе қалды ма, стало быт, қалу керек еді ғой.

— Анығында көрегенсің-ау, Нәбеке, жоғары шықшы өзің, бір жөні болар,— деді Әлібай күліп.

— Бәсе, бәсе!— деп Нәби голошын шешіп жоғары шықты. Әлібай жақында ғана армиядан келген аласа бойлы, шегіркөз жігіт болатын. Үстіндегі әскери гимнастерка мен сұр құлақшыны солдат екенін айтпай түсіндіргендей. Туысы жағынан Нәбиге аталас ағайын, Нәбекең тілімен айтқанда Бәкен руынан еді. Нәби төрге шығып жайғасып отырды да, аласа қалпындағы столды өзіне қарай тартып, орнықтырып қойды. Үй-іші таза, ұқыптап жиналған. Пеште қыпылықтап іңір оты жанып жатыр. Көкшіл шәліні қылқындыра орап алған бәкене келіншек ас жабдығымен жүр.

— Әпкел бермен берерің болса!— деді Нәби өктем үнмен. Әлібай бетіне түсіп мазалай берген қызғылт сару кекілін сілкіп тастап, өтіне сөйледі.

— Анығында, сабыр етсеңіз қайтеді, ас піссін.

— Нешауа, маған ет керек емес, ішерлік болса болады. Ет біздікінде тезектен де көп, зачем ол маған.

— Анығында, ағасы, дәмді нәжіске теңеуге болар ма екен, ағат кетпеңіз.

— Нешауа, маған ақыл айтуға жеткен жоқсың, неңді әкел, болшы...

Әлібай төсек астынан қылқындыра ұстап, жартылықты алып шықты. Шүпілдете құйған рюмканы бірден қағып салып, сәл тамсанып отырып қалды ағасы. Тағы құйды, тағы көтерілді. Соңғы рюмкені айналдыра қарап отырып:

— Қайдан тапқансың бұл елу грамдықтарды! Стало быт сараң үй болуға бет алғансың ғой. Бұл ішу емес, чепуха, только что горлушка мыт деп тыжырына қалды.

— Анығында, ағасы, жаңа жұрт болып жатырмыз ғой. Рюмкеге қарап тұрған жұмыс жоқ, іше беріңіз. Әлібай шығарып салып, дәмін татқаны болмаса, арақты ішкен жоқ. Үй иесінің «сыпайыгершілігіне» қуанбаса, уайымдаған Нәбекең тағы жоқ, өзіне тиесі торсықты бітіріп шықты. Безеу секпілдеген ақ-сұр бетіне қап жүгіріп, өз тілімен айтқанда «жаңа кісі» бола бастады. Үлкен ала көздері суланып, тілін орай, сөзінің кей жерлерін домдай сөйледі.

— Әлібай шырағым, рахмет, ағанды жақсылап нетің... Маған артық ненің керегі де жоқ. Стало быт, бірлігіміз не хватает, сен армиядан келдің, аздап авторитетің бар, қолдасаң мына елдің бетін бұрып алар едік. Өкімді бір жүргізіп алсаң, «әйт десе өзің, шәйт десе жусайтын» болады бұл ел. Сонан соң өзін қожа болып, шаруаң қабыса береді. Мына елу грамдықтардың қарасы өшіп, шанақтауға кірісесің. (Бұл жерде кеңкілдеп күліп қойды) — От, шырағым қандай положение. Мұнда кілтші Қаламбайдың жіліктің майлы басын сорып отырғаны көкең ұруы көптігінен ғой, ал біз көп болсақ та шөппіз. Елубай мен Тілегенге айтып осы жерге сені орналастырса деймін, демоблизованный солдат дейміз, нешеуо подовно дейміз. Ең құрығанда обящик қойып, шөп пен егін қожасы болып алу да тиімді. «Ожаудың ұзын сабы қолында болса, сорпаның майлысы аузында болады». Мұны біліп қой. Мұны обезательно болдырамын. Соңғы уақыттарда әлігі екеуіне ұнап қалсам керек. Мен десе еңселерін салып, іші-бауырлары елжіреп уважайт етеді де тұрады, обалы нешік. Орайына қарапайым адамдар жаман көздерімен қарайды, ұнатпайды. Шорт сним, бастықтардың көзі теріс болмасын. Әсіресе көкең ұруы ұнатпайды мені. Ең аяғы ана бір Жамал кемпірі жазды күні шаңылдап көшеде скандал қылды. Жиналыста айтқаны анау, әй, сені ме!— деп тісімді басып отырмын сол кемпірге, оған ба!

Әлібайдың ішкі дүниесінде Нәбиге деген мол реніш сезім бар, әйткенмен де мақұлдаған түрмен жетектей берді.

— Ұзын сөздің қысқасы, сіз менен не тілейсіз. Анығын айтыңыз, ағасы?

— Мен саған стало быт, қатын әпер демеймін, қатын маған керек емес. Айтарым ағайын бірлігі. Мына Бәкең балаларының басын біріктіруге помогайт қыл деймін маған. Қате ме. осым? — Нәби барлай қарап, Әлібайдан жауап күтті. Әлібайдың шегір көздері шатынап, ашулы дауысымен қатты-қатты сөйледі.

— Мен сізден анығында шен сұрағаным жоқ. Қолмен жұмыс істеймін, денім сау, күш-қуатым бар. Екінші, ұрушылдық, жікшікділ — қылмыс. Мансапқорлық та сондай, анығында, бұл ойыңыздан тиылыңыз. Егер сіздің осы әрекеттеріңіз көріне қалса, жақсылық күтпеңіз, менен алар «көмегіңіз» осы.

Нәбидің үстіне суық су құя салғандай сезіндірді мына сөз. Күтпеген жай болды. Аузынан шықпас сөздер де қапылыста шығып кеткен сияқты. Оның мастығы тарқап сала берді. Сөз қысқарды. Нәби құлақшынын бастыра киіп, ірі денесімен икемсіз қозғалып, «ым-ым» деп әндетіп шығып бара жатты. «Сенген қойым сен болсаң, күйсегеніңді ұрайын», — деді ішінен.

\* \* \*

Жамал кемпір ерте оянса да, шытырман ойларға батып, қимылсыз жата берді. Кішкене терезелерден солғын тартып қысқы күннің алғашқы бозамық жарығы түсе бастады. Қорадан қоңыраудай сылдырлаған қораз дауысы естіледі. Кемпір жалғыз тұратын, ері ертерек қайтыс болып, баласы Абдрахманды өсіріп оқытты, ер жеткізді. Отан соғысына аттандырды. Бірақ ұлы қайтып оралмады, хабарсыз кетті. Өмірдегі үміті болған ұлы ананың ойынан бір минут та кетпейді. Бүгін, ертең кіріп келіп құшағына ала түсетіндей болып елестейді де тұрады. Сол күнді көрсем де өлсем дейді зарыққан ана. «О, тілеуің кесілсін Китлер!» — деп оңаша зарланып жылайтын күндері де болады. Соңғы уақыттарда қайрат күші де азайып келе жатқанын сезеді. Ымшық-шымшық аурулар да әуес болып алды. Тұрмысы бірқалыпты — малы, құсы, киер киімі, шлан тола астығы

бар, тұрмыстан тарлық көрген жері жоқ. Алайда, ежелгі еңбек адамына еңбексіз отырудан қиын тағы жоқ. Онда тез қартайып мендеп кетер түрі бар. Өзі колхозына қолдан келген көмегін істеуі керек сияқты. Қанатымен су сепкен қарлығаштай болсам да, деп ойлайды. Осы оймен ана бірде — бригадирге барып:

— Шырағым, маған жұмыс тауып бер, ұлым болса кешікті, күнкөріс менде кем болмаса да, қатардан шығып отырып қалу өліммен бірдей көріне береді.

Бригадир жігіт жүлді де:

— Жәмеке, не істемек едің, шөп маялай аласың ба?— деді әзілдеп.

— Сауытбек шырағым, сен таңданба, мен шөп маялай алмағанмен ана почта тасып жүрген қып-қызыл жігіт Ырысжанды ал да көлігін маған бер.— Бригадир қуана келіскен болатын. Содан бері колхоз орталығы мен бригада арасында үзбей хат-хабар тасып келеді. Екі доңғалақты арбаға жеккен сынық мүйіз қызыл өгізді көк талмен шып еткізіп салып қалып, ыңылдап отыра беруден жалығып көрген жоқ. Бұл іс Жамал кемпірдің төл ісіне айналып, үйреніп кетіп еді. Осыбір әпербақан бригадирдің лаңынан жұмысы жөнге баспай қойғаны. Соңғы апта бойы шана жоқтықтан тұйыққа тіреліп отырып қалды. Нәбиге әлденеше рет барды, сылтау тауып, бар шананың өзін бермейді. Балалар мен газет оқушылар алдынан шығып:

— Жәмеке, газет, журналыңыз қайда?

— Әжеке, газет, журналымыз қайда? — деп, уәделесіп қойғандай жамыраса кетеді, бар болғырлар. «Мен не істемекпін, ұялып та барам. Құдай-ай, хат-хабар тасуға осынша кертартпа бригадирді қайдан душар қыла салып едің. Бұл сұмдықты кім көрген, қой, соған барып ақырғы рет сөйлесіп көрейін, болмаса жаяу барып алам да келем». Осы ойға мықтап бекінген ол, орнынан тез тұрып, киініп алды. Малдарын жайғастырды, асықпай отырып шайын ішіп, тысқа шықты.

Күн бұлыңғыр тұман еді. Дымқыл ауада сіркедей ақ түйірлер жөңкіді. Болмашы желдің лебі сезіледі, қар көмген ауыл үйлердің мұржаларынан жөңки шыққан бұйра түтіндер, самсаған антенна сымдарын жанай өтіп, әлдеқайда кетіп жатыр. Қарайып ашық қақпалар көрінеді. Қақпа алдында бірлі-жарымды малдарын айдаған қарттар, бұрқылдатып қар лақтырған жастар жүр. Әлде

қайдан ішін тартып сиырлар мөңірейді, біреулер сөгініп айғайлайды. Ол Нәбиді көшеде кездестірді. Жанында жұпыны киінген, иығында айыры бар Әлібай тұр еді. Бригадир салған жерден солғын амандасып, салқынын сала келді.

— Нәби, шырағым, хат-хабар жеткізуге шана бер, жұрттан ұят болып...

— Жә, жетті, патифонша сайрамай, маған жұмыс керек, шана сайман сенсіз де жетпей жатыр.

— Жеке басым үшін емес, ақырма маған, соншалық қате сөйлеп тұрмын ба мен! Ой-хай-ай, мына басың құрымағыр қалай айғайлай сөйлейді өзі!

— Ой, аулақ жүр әрі тантымай, стало быт вес көң ұруы болып жабылсаң да түк істей алмайсың маған,— деді бригадир қолын сілтеп.

— А, сен колхоздың екі бастығына арқа сүйеймін дейтін шығарсың. Осы оңбағандығыңды олар да қостай бермес.

Сөзге Әлібай араласты. Ол бригадирдің мына тағылық мінездеріне тандана қарап тұрған еді.

— Сабыр етіңіз, сіз бұл арада дұрыс істеп тұрған жоқсыз.

— Ал, солай болса не қыла қоймақсың? Поштаны жабдықтау менің міндетім емес, стало быт, мен собес емеспін, менен жұмыс требовит етеді, немене мені қорқытқың келе ме? Әлде көкең ұруына көкейің бұрып тұрма, аулақ әрі бас-басыңа билік айтпай, түсінікті ме?! — деді бар дауысымен екілене сөйлеген Нәби. Әлібайдың ашуы асқынып, қатты айғайлап кетті. Шегір көздері шатынап, «ағасына» төне түсті.

— Анығында сен... Сенің мына қылығыңды тиісті орынның алдына қоямын.— Әлібай айырын лақтырып тастап, телефонға жүгіріп бара жатты. Айғай шыққан жерге адамдар келе бастады. Нәби такаппар үнмен кеңкілдеп күліп:— Пішту сөпләк, мақтансаң бастыққа айтарсың, қиратып жіберме, ақырын, бәрі образованный шегінен!— деп ернін шығарды да, ешкімге тіл қатпастан алшандай басып, жөніне кетті.

\* \* \*

Жамал кемпір тоқтаусыз жүріп келеді. Қарсыдан соққан дауыл жел кеудеге итеріп, жүрсін өндіртпей-ақ қойды, Бетке сабалаған қиыршық қар жаулығының жа-

ғынан кіріп, суық су иегінен сорғалайды. Қаптал күлісінің етегін жұлмалап, мазақтағандай болады. Киіз етігінің қонышына қар толып, күтүрлейді, арқалап алған ауыр жүк иығын езіп, кейін тарта береді, жүрісінің өнбеуі де содан болуы керек. Газет-журналдардың бұрыштары желпілдеп ызыңдайды, жүрегі аттай тулайды. Күн кешкіріп қалды. Көздеріне хауіп елестейді, боран азынаған мына қарлы дала қорқынышын қойнына тығып тұрғандай болады. Отыра қалып, еңіреп жылап зарлағысы келеді. Дауысы да шығар емес, өз даусынан өзі шошып кетер түрі бар. Буынды босату өліммен бірдей, күші сарқылғанша жүре беруден басқа лаж жоқ. Боран жауа борап, ұйытқып күшейе түседі. Маңдайдан тура соғуын қайтесін, қырындау болса жүріс жеңілдеу болар ма еді. Жолдан да жиі айырылып қалады. Аспан әлемін көгертіп қыстың кешкі бейуағы тақалғанда, боран алысты көзден мүлдем жасырды. Енді қайнаған сүт ішінде жүзген жалғыз поқаттай шайқалақтап жүріп келеді. Жіңішке ақ таяғынан басқа серігі де, қаруы да жоқ. Бағанағы жанжалдан кейін ешкімге айтпастан шығып кеткен ол, он шақырымға әп-сәтте-ақ жетіп қалған еді. Хат-хабарларды қабылдап алды да, тоқтаусыз кейін қайтты. Күн тымық. Ақ көбелектей қалықтап, ірі қар түйірлері түсіп тұрды. Ауылдан ұзап шыққан соң құйынға ұқсас қатты жел орағыта соқты да, азыпап қоя берді. Енді мына күн, мына қиыншылықтан күшқуаты да сарқылып, титықтай бастады. Ықтап тұрып, аз тыныстайды да, тұқырып тағы ілгері жүреді, бағытын дұрыс болжаудан қалды. Көз алдында оттар жылтылдап кеткендей, немесе жыртқыш аңдар бас түйістіре ұлығандай болады. «Жоқ, жоқ, мен өлмеймін, жалғызымды көремін, арпалыспа кәрі жын» — деп, долы боранға айбар шегеді. Боран мазақтағандай өршелене түседі, гүрілдеп, сарылдап аласапыранға айналған дүние. Түннің қаншасы өткені де белгісіз. Ақырғы күші сарқылып бітуге айналды, аяқтары өз билігінен кетіп барады. Отырса бәлкім тынығып қалар ма еді. Титықтап біткен кәрі дене тынығуды тілейді, мына долы боран астында қалай тынығу керек? Арқасындағы ауыр жүкті еппен жерге қойды да, шынтақтап отыра кетті. Бұрынғысынан өшіге түскен долы боран алды-артын орай ұйытқып, қармен тез көміп тастауға күш салады. Алайда тыныштықтың аты тыныштық, жан саясын тапқандай

калғып бара жатып, шошып оянды. Үстін қар басып барады екен. Қарсы алдында одырайып зор мақұлық тұрғандай болды. Ерсіл-қарсыл жалтарып шабынып тұрған жыртқыштың тап өзі, шамадан тыс үлкен, артында шұбатылған бірдеңілері бар. Қозғалуға әрекет етсе де, денесі көнер емес. Бауырдай қатқан да қалған. Жіңішке ақ таяғы осы тұста жатса керек еді, айналасын қарманып іздей бастады. Орнынан екі рет көтерілмекші болып қайта отырды. Осы кезде әлгі бір мақұлұқ жанына тақап келіп, ойқастанқырап қарап тұрды. Таяқ тастам жерге келіп қалғандай болды. «Тәйт әрі!» деп таяғын сілтеп қалды Жамал. Сөйткенше болмай арт жағынан аппақ екеуі бөлініп шығып, шапшаң, қимылмен жақындап келді де;

— Мұнда, мұнда — а! деп айғайлап жіберді. әлде кімдерге. Бұл келгендердің Әлібай бастаған ауыл адамдары екенін ол білген жоқ. Бірақ олардың арасында Нәби жоқ болатын.

---

### МАНСАПҚОР

*„Биік мансап — биік жармас,  
ерінбей еңбектеп жылан да шығады,  
екпіндеп ұшып қыран да шығады...“*

(А б а й)

Шадырбай шағын үйдің төрінде етпеттеп жатып ауыр күрсініп алды.

. . . Дүние бірде онда, бірде солда,  
Тұрмайды шіркін дүние үнемі қолда —

деген осы бір өлең шумағы тіліне орала береді. Дұғалықтай-ақ миына сіңіп алыпты. Неге екенін кім білсін, ыңырсып айтып жіберсе көңілі көншіп, кеудесі босап қалатын еді.

Көк жиектен баяулап көтерілген күн көзі кішкене терезелерден қызғылт сары сәулесін түсіріп Шадырбайдың мазасын ала бастады. Жамал жеңгей де тұр-тұрлап қояды. Мазасы кеткен Шәкең жеңгейге ала көзімен атып орнынан тұрды.

Тыр-тыр қасынып дөңкиіп отырып алды. Көп ұйық-



тағаннан көздері ісініп, бақыр қазандай үлкен басы жеңгіп отыр.

— Уһ! — деді ол ауыр жүк арқалап келіп тоқтағандай, көздерін сығырайта, аузын жапқан қара бурыл мұртын қисайтып тамсанып қойды. Үкінің басындай жалпақ төбесі, қасқа маңдайы шыныдай жалтырайды.

Қырма сақалы кірпінің шөгіріндей тебендеп тікірейіп қалыпты. Жасы елулерден асқан Шадырбай ағай орта бойлы, ақ сары реңді толықша адам болатын. Ашушан, әбігер мінезді, көбіне ақырып-бақыра сөйлейтін байбаламшыл еді.

Тұрысымен-ақ:

— Шапанымды бері таста.

— Етігімді әкел!

— Шәйнектегі суды жылт! — деген сияқты бұйрықтарды Жамал жеңгейге жаудыра бастады. Жеңгей киіндіріп, құманын қолына ұстатып, сыртқа шығарып салды да, төрге аласа қалтылдақ столды қойып шай жазады.

Шәкең үлкен қара тонды жамылып, шәйды сораптай отырып, жадырай сөйледі. Көптен қабағының ашылғаны осы еді.

— Қатын, — деді ол шайға малынған үлкен мұртын сүрте түсіп, — түнде бір жақсы түс көріп рахаттанып қалдым. Тегінде бақ қайта қонарма деп ойлаймын.

— Енше алла! — деп жеңгей елжірей қалды.

— Баяғы совхозға управляющий, — деді, күлімсірей отырып, — қара арғымақты секіртеп келе жатып, қияға көтеріле беріппін. Көтерілген қиям биіктей келіп, заңғар шың болып кетіпті. Мен сол шыңның басында тұрып айналаға көз салсам — аяқ астымда адамдар құмырсақдай қыбырлап маған қарап бас иіп тұр екен деймін.

— Болды, болды, ар жағын айтпа! — деді Жамал жеңгей сапылдай сөйлеп. — Мана сүйінші деп оянсаң еді. Оллаһи бақ орнайды. Баяғыда управляющий болғанда да, басқарма болғанда да тап осындай түс көргенсің де...

— «Жалқау түсінде баиды» — деп, қолға түскен ештеңе жоқ, неге өзеурей қалдың ей! — деді Шадырбай кекете күліп.

— Оллаһи бақ орнайды, Кәкітайдың ағасы-ау, осы

жорығаным келсе әнеугі айтқанды әпересін бе? — деді жеңгей назданып.

Шадырбай шамданып қалды.

— Туфли дейсін де тұрасын. Осында төртеу-бесеуі жатыр,— деді ежірейе қарап,— туфлиге ақша шығара беруге бола ма? Бақ дәрежесі барға кісі де келегеш болады. Әрберден соң, қонақтарды күтуге де ақша керек. Көбі ішіп-жемді ұнатады. Әрберден соң, қайсыбірінің аузына май жақпасаң да болмайды. «Берген перде бұзады» деген қайда? — деді мықынын таяна, шайды сораптай отырып.

— Басқарма күнінде ақша, дүниеден тарығып көрген жоқпыз. Құдайға шүкір, колхоз дүниесін өзіміздікіндей ұрттап-шайқадық. Тап сондай бақ орнаса ақша туфелиге де, қонаққа да жетпей ме? — деді жеңгей көзін төңкере ойнақшытып.

Самауыр әлсіз ызындай жөнелді.

Болмашы көкшіл түгін кішкене терезелерден түскен таспадай жарықты көгілдірлендіріп дірілдетіп тұр.

Қолдары жүзікке толы жеңгейдің ажары көркем емес еді. Жасы қырықтар шамасында, бетіне әжім түсе бастаған, қара шұбар реңді болатын. Көбіне, ұсақ мұжық тістерін көрсетіп наздана күлуді ұнататын еді. Қөйлекті тазадан киіп, шашын бәйге атының құйрығындай шарт түйіп, жібек шалылатып, біз өкше туфлиді шақырлата басып, ағай келгенде бұрала наздана қалатын.

Шәкең басқармалықтан қуылып, көңілі жарым болғаннан бері Жамалдың назын да көтермейтін болып алды. Бүгін жақсы тілек үстінде жеңгей бұрынғысындай бұралақтай қалды.

Шадырбай қымтана түсіп, шәйін сораптай отырып:

— Қатын,— деді қырылдаған даусымен,— құр түстен ештеңе өнбейді, іспен өнеді. Әрберден соң бақ шіркін өзі келіп қона бермейді. Іздеп тауып алуға тура келеді.

— Осы колхоздың бар активін шақырып араққа жығып жіберсе қалай болар еді. Әрберден соң, берген перде бұзады. Көк қасқаны сояйық та, қоңыр бағланды жоғарыдан келгендерге қояйық, білдің бе? Басқарма орынбасары болып алсам не уайым бар. Әрберден соң маған бермегенде, кім бар лайық! — деді көтеріле сөйлеп,— өздері «мә» демесе, сұрап аламын.

Терезеден өткен адамның көлеңкесі қарандай қалды. Қолында салт қамшысы бар бригадир кіріп келді.

— Ал, Шәке, мынау көктем егісі, адам жетпей жатыр. Сейлқаға тұқым салуға барасыз!

— Қалай, қалай дейсің? Эрберден соң, колхозда мүше де емеспін. Мен «Талапкер» ден келмесем өліппендер! Қой, шырағым, байқап сөйле! Эрберден соң, өмірі бұрау басып сындырмаған Шадырбайды қара жұмысқа айдау оңай болмас!— деді Шәкең ызаланып.

Жеңгей де арашаға түсе кетті.

— Ойбай-ай, шырағым, сен қалай дедің! Өзі жаңа жіпсіп терлеп отыр еді!— деді ағайдың тонын қымтап.— Қозғалмай отыршы, сөйлегенде қоқаңдап кететінің-ай, жазған! Ойбай-ай, елім-жұртым деп келгенде мынадай інілерің мұрныңды тесіп жұмысқа салсын деп пе едің? Қой шырағым, Шәкем ана Мәлік пен Сұрағандай қара жұмыста салпақтап жүре алмайды, білдің бе? Берсе қызметін істейді, бермесе қызметі бар жерге барды!— деді даусын соза сөйлеп.

— Ал, сізге де қызмет керек пе? Сіз неге жұмысқа шықпайсыз!— деді бригадир қатқыл үнмен.

Жеңгейдің жаны түршігіп кетті.

— Қалай дейсің, мені де жұмсап тұрғаннан саумысың. Өйтіп басынбаңдар! Басынатын кісің Шәкең екеуіміз емес, аулақ жүре ғой сәулетайым!— деді жеңгей сыпайы сөйлегенсіп.

Шадырбай қораздың көзіндей өткір ала көздерін ежірейтіп:

— Бара тұр, эрберден соң, сен маған өнеге айтуға, менің үйіме келіп қамшы үйіруге жеткен жоқсың, тайып тұра ғой шырағым,— деді есікті нұсқап. Шәкеңнің жүзі қалтырап, тістері сақылдап кетті. Қопандап отыра алмады.

Бригадир жігіт үнсіз шыға жөнелді. «Іздегенге сұраған» дегендей, Шадырбайдың көрген түсі аумай келіп, көп ұзамай «көпей бақ» орнай қалды. Бақтың аты бақ, желіктірмей қоя ма, ұзын сирақ торыны ерттеп мініп, мықынын таянып көшеге шыға келді. «Мен қалай екенмін, тағы да қырға шыққам жоқ па?» дегендей көңілінде мол такаппаршылық бар.

Жұмысқа шыққан адамдар кеңесіп күліседі:

— Шадырбай шағынып, жағынып жүріп, шен алды-ау ақыры.

— Пай-пай, шіркіннің шіренуі-ай!  
— Бригадирлікті де зор мансап көріп тұр-ау, бай-  
ғұс.  
— Аана бригадирді қуып шыққанын ұмытты ма  
екен.

— Енді, өзін қуып шықса қалай болар еді,— деп шо-  
ғырлана қалған үш-төрт колхозшы қатты күлісті.

— Ақырып, келе жатыр...

Шадырбай әскер еріне біржамбастай отырып, торы-  
ның пысық аяңымен жақындай берді. Үстінде шолақ  
пальто, басында көтере түрген сарғылт құлақшыны, ау-  
зын жапқан жалбыр мұртын ықшамдап қырқып, ши-  
ратып қойған. Аттың тері аралас әтір исі аңқып тұр.

— Неге тұрсындар ұйлығып, әрберден соң, жұмыс  
істейін деген ниеттерің жоқ! — деді ызбарлана сөйлеп,—  
сендерге кеше айтқам, мен сендердің ана Сауытбек  
бригадирлерің емес, байқандар! Әрберден соң, жерге  
қағып, суырып аламын, білдің бе?

Колхозшы жігіт кекесін үнмен:

— Адамнан қазық жасайды дегенді тұңғыш естуім!—  
деді тандана сөйлеп.

Жұрт жабыла күлді.

Шадырбай атты борбайға бір салып, көшемен шаба  
жөнелді, бажылдап сөгініп барады.

---

## ҚАЛТАРЫСТАР

Қызметтен қайтқан қыз бей жігіт кешқұрым үлкен  
селоның көшесімен үйлеріне қайтып келе жатты. Үстіне  
сұр плаш, басына плаш түсті қалпақ киіп, қомақты кі-  
таптарды құшақтап алған атжақты аққұба жігіт, қызыл  
пальтолы, бұйра бас, сары қызды қолтықтап, күлімсі-  
рей тіл қатады:

— Сонымен, Сонечка тойды қашан жасаймыз енді,—  
дейді жалынышты дауыспен.

— Жасаймыз ғой, Қайрөш,— деді қыз ерекелей сөй-  
леп,— той жастық шақтың ең бір қызықты кезі ғой  
сүйіктім, уақыттың да жақсы кезеңін тандап алған  
жөн.

— Солай, солай,— деп Қайрөш аз бөгелді де,— эк-  
зам аяқталуға жақын, жазғы каникулдың алғашқы  
күндеріне белгілесек, Сонечка.

— Оған да көп қалған жоқ,— деп, күлім қаққандай болады қыз.

Әлде қашан батып кеткен күн көзінің қызғылт сәулесі тарай қоймаған. Күлгін түстес бұлттардың қатпарлары жалын шарпығандай алаулап тұр. Түзу, кең көшедегі мүлгіген екпе ағаштардың кешкі әдемі иісінен жан рақатын тапқандай болады. Бағаналардың басында самсаған электр фонарлары көше бойымен қуалай қарағанда отты арқандай шубатылып ұзап кеткен. Сейілде жүрген жастардың әні мен құлаштай тартылған сырнай даусы естіледі. Қайырғали мен София ағаш жапырағын бүркенген қарағай үйдің қақпасына кіргенде, ауладағы орындықта өткен-кеткендерді айтып, әке-шешесі кеңесіп отыр еді. София қолын ұсынғанда:

— Әкем-ай, мұнысы кім еді,— деп Жақсылық кемпір сескеніп қалды.

Қайырғали күліп жіберді де, қызды қолтықтап үйге кіріп кетті. Ашық терезеден күмістей сылдараған олардың күлкісі естіліп тұрды.

— Көрдің бе,— деді Әмірғали отағасы шоқша сақалымен үйді нұсқап,— осы балаң сау емес, осы бір қазық-аяқ қызды қолтықтайды да жүреді, не білгені бар екен, жарықтығым!

— Жастар емес пе, ойнап-күледі дағы,— деді бәйбіше ауыр денесімен қозғала отырып.

— Әй, білмеймін-ау, осы балаңның бет алысы жаман,— деп әкесі басын шайқады.— Тақымын жылтыратып, сидандаған жалаңбас келіннің қолында қалмасақ жарар кемпір?

— Қойшы, тіпті, мен орыс тілін де білмеймін,— деп, бәйбішесі кимешегін жөндеп қойды,— Қайрөшжан оны істемес, бізбен де санасар,— деді сенімді дауыспен.

Қыз бен жігіт күле сөйлеп, баспалтақтан төмен түсіп келе жатты.

— Шығарып салайын, Сонечка?

— Онда рахмет айтамын,— деп қыз Қайырғалидың қолтығынан қыса ұстап, қақпадан шыға берді, сыртта баяу сөйлескен дауыстар естіледі. Әмірғали қақпа түбіне барып тыңдай қалды да, ымдап бәйбішесін шақырды.

— Күнді кейін белгілерміз.

— Тек ұзартпайық, Сонечка!

— Игіліктің ерте-кеші не?

— Мен неғұрлым ерте болғанын ұнатамын, Сонечка. Шолп етіп сүйіп алғаны естілді де, дауыстар ұзай берді...

— Сонышқан құрып кетсін, тумай туа шөккір! — деп Әмекең күңк ете түсті.— Естідің бе баланның не деп тұрғанын? — деді бәйбішесіне ақырып.— Ана жолы Шәкендікіне барып құда түсіп келейін дегенде, тартпақтай бердің, ақыры не болып барады? — деді ашық, ауланы басына көтере айғайлап. — Бұл тумай туа шөккір, осы ойын орындаса, мен тіке асылып өлемін, білдің бе?

— Жасатқан-ай, жалғыз баланы осындай бәруәйсіз ғып берерсің бе? — деді Жақсылық бәйбіше жыламысырап.

— Оразам бар, намазым бар, орыс қатынның қолынан дәмді қалай ішермін, ойбай! — деді әкесі күйініп.

Сансыз көп жұлдыздар Әмірғалиді табалағандай жымың қағады. Қөшеде село жастарының көңілді әні естілгенде, мұңға бата түскендей болды ол.

\* \* \*

Шәкен мен Әмірғали ауыл сыртындағы көгалға келіп отырған еді, жазғы күн тас төбеде шыжытып, тынысты тарылта түсулі. Желкілдеп өсіп қалған жасыл бетеге арасында әртүсті гүлдер жайқалады. Кішкене ауылдың маңайы мал мен құсқа толы, көбі құрақты көлдің жиегіне қарай екшелген. Әмірғали сағым ойнаған көкжиекке қарап ойланып қалыпты, келте мұрты мен шоқша сақалының ағы әдеттегісінен көбейе түскен сияқты. Жайшылықта қан тамған семізше жүзі қуаң тартып, қызыл көздері жасаурағандай болады. Қауға сақалды қара кісі Шәкең қонағының аузына қарап үнсіз отыр.

— Шырағым, шырағым, — деді Әмекең жеңіл күрсініңкіреп, — мен сендердің бір ұрпақтарың ғой, жиен назары күшті деген, жарықтығым. Сала келген қолқам бар, көнсең де, көнбесең де...

Аз тоқырап, насыбайын жұқа ерніне қыстырып, шырт түкіріп тастады да, сөйлей берді.

— Көзімнің ағы мен қарасындай жалғызым Қайырғали, құдайға шүкір, жоғарғы білім алып мұғалім болды. Кемпір екеуіміздің ендігі бір арманымыз — шүйкебас әперіп, қызық көрсек дейміз, «атаң қайсы, енен

қайсы» дейтін емес, бұрыннан ілік-шатыс адамдар едік, сүйек жаңартсақ деймін, жарықтығым.

— Бұған балалар қалай қарар екен? — деп Шәкен түрік еріндерін жайып, жалпақ сары тістерін көрсетті.

— Шәкен-ай, шырағым-ай, атамыз қазақ қашан балаларға ерік беріп еді, жастар толқыған сынап емес пе? Ақылдары көз алдында тұрмай ма? Әке мен шешеден шығып қайда барар дейсің, өз ойыңды айтсаң болмай ма, жарықтығым?

Шәкен қалың қабақтарын түкситіп ойланып қалды.

«... Баласы жеңілтек, ақ құс» деп естіп едім, орыс қызымен жүреді деп еді, қисынсыз жерден қипағанын қарашы. Оқасы жоқ, көңілімді тапса көрермін.»

— Айтуың дұрыс қой, Әмеке, бір баланы саған бермеген де, сенен артық құда табамын демеймін. Бірақ, баламның, жасау, жабдықтары жетпейді, биыл бала бере қоям деген ойым да жоқ еді,— деп, Шәкен аз бөгеліп қалды.— Бұрынғыдай қалың алатын емес, сол бір жасау жабдықтарына тиып-сиып қараса салсаң...

— Оның дұрыс қой, жарықтығым, әбден-әбден...— деп Әмірғали отағасы қалбақтап қалды,— шамасы қанша болар екен?

— Шамасы дейсің бе?— деп Шәкен көздерін сығырайтып, алысқа қарады.— Жеті-сегіз мың жетпегенде қайтер дейсің? Одан кем соқса аздық етеді.

Әмірғалидің денесі шымыр ете түсті. «Апырмай, мынау аяқты қалай салады, жаным? Жайшылықта болса, құрып кеткір, шоже бас қызына пысқырып та қарамас едім. Мына тумай туа шөккірдің қылығынан ығысып келіп қалып, көрдің бе?»

— Өте көп сұрайсын, бала болса биыл ғана қызмет істеп жатыр. Кемпір-шал көп жылдар тырбақтап оқыттық, қаражат жағы кем еді, жарықтығым,— деді Әмірғали жалынышты дауыспен.

— Көп сома емес қой, ел-жұртың бар, көптеп көмектесер!— деді Шәкен.

— Кәкір-шүкірді білмеймін,— деді Әмеке,— әкел қолды, бес мың сом ал да біт,— деп, Шәкеннің жалпақ алақанын сарт еткізіп соғып жіберді.

— Айналымыма келмейді ғой, Әмеке.

— Ендеше алты мың болсын.

Екі жағы да үнсіз қалды.

— Апамыздан туған жиен едің, бермесем аруақ реп-

жиді, аруақ аттау да қиын, көп емес қой, жеті мың бер де ала ғой,— деп, Шәкең жалпақ алақанын жайды. Әмірғали қысылып отыр, саудаласа берудің реті келмейтін сияқты. «Көп ақшаның түсер көзі де тар, осы жолы құда түсіп, аяғын шырмап қоймаса баласының беталысы анау, «қарызданып қатын ал, қатының қалар жаныңда» деген бар еді деп ойлады ол. — Жайшы қолыңды,— деп Әмекең арапшылап шұбырта жөнелді де,— ия алла, бір біріне мейірбанды етсін,— деп сақалын сипады.

— Әмин, айтқаның келсін,— деп, құптады Шәкең

... Әмірғалиді аттандырып жіберіп, кемпірімен екеуі артынан ұзақ қарап тұрды.

— Бес мыңын беріп кетті, өзі ақшалы екен, жаным!

— Бұл табысқор кісі ғой.

— Осы бітуәнә жайында Сәмижанға айтпай-ақ қоя тұршы, күн бұрын жар салсаң біреу көңілін бұзып тастар, кезінде бір-ақ айтармыз,— деді Шәкең сыбырлай сөйлеп.

— Қөнбесе ше?

— Бізден туғаны рас болса көнеді ғой, көнбеді екен деп бата бұза алмаймын ғой,— деп, Шәкен кемпіріне алая қарады.

Әмірғали қарт үйіне келгенде күн еңкейіп қалып еді, Жақсылық бәйбіше есік алдында қуанып қарсы алды.

— Кейімей келдің бе, әйтеуір? Жолың болды ма, құда бола алдың ба?— деп сұрақты жаудыра бастады.

— Болғанда қандай, батасын қылып, ырымын істеп келдім, — деді, Әмекең насыбайын шалқая қағып жіберіп,— жақында алатын болдық.

— Бәрекелді ендеше,— деп, кемпір шайқалақтай басып, үйге кіріп кетті.

Әмекең шайды тарта түсіп:

— Енді екі мың сом ақша керек, бір қой керек, тағы неменесі еді, құрып, кеткір,— деп тоқырап қалды.

— Арақ-шарабына мың сом.

— Арағы құрып кетсін,— деді Әмекең кейіп.

— Ат байлар, шаш сипатар, қол ұстатар, көрпе қимылдатар, тоғыз аяқ тоғыз табак,— деп бәйбіше шұбырта жөнелді.



— Күйеу босағасы мен той тарқар деген сұмдығы қайда? Ай, қазағымның ырым-жырымы түпке жетеді, құрып кеткір,— деді Әмірғали отағасы кейіп,— оған да мың сом.

— Шынтуайттап келгенде Қайрөшжанның аяғын шырмауға он мыңнан артық ақша керек,— деді, бәйбіше аузын сылп еткізіп.

— Құда шақыру қайда, күйеудің апаратын ілуі қайда,— деді Әмірғали,— бәрін орындап шыққанша құлағыңнан көтергендей боларсың.

— Оқасы жоқ,— деді Жақсылық кемпір,— жалғызымның өзі аман болсын, бәрі орнына келеді.

Есіктен кітаптарын қолтықтап Қайырғали кіріп келді.

— Қайрөшжап, келіп қалдың ба, шаршап-шалдықтың ба, қарашығым? Шайды қайта қойып жіберейін, мына бір жұтым қымызды іше қойшы айналайын,— деп кемпір бәйек болып жүр,— сен жұта қойсын деп күні бойы тартпақтап едім, беу, шеше бар болғыр-ай, десейші!

Жақсылық бәйбіше үнсіз аз отырды да:

— Қартайып мамырлап қалғанымыз мынау,— деді ақылгой дауыспен,— әкең құда түсіп келді, шаруа азабынан құтыламын ба деймін құдай жеткізсе!

— Құда болды дегені қалай?— деді баласы сұрланып.

— Шәкенмен бітуәнә жасап келді, әкең екеуміздің қуанышымыз қойнымызға сияр емес, құдайдың бергеніне шүкір.

— Ондай қуаныштың мен үшін керегі жоқ!

— Керегі жоқ?— деді әкесі алая қарап.— Жасын отызға келді, уақыты болмады ма?

— Болды.

— Ендеше не?

— Сүйген қызым бар.

— Қайдағы?

— Осындағы мұғалима қыз — Сонечка.

— О, Сонышқаң құрып кетсін! Бұл қайдан шыққан әдет, қай атаң орыс қатын алып еді? Қартайғанда сүйегіме таңба салайын деп пе едің?

— Ешқандай таңба жоқ, әке, орыс жаман дегенді кім айтты сізге?

— Өзіңе оп-оңды-ақ шығар, бірақ, ғибадатшыл қарт әке-шешене обал істеп отырған жоқсың ба? Мұнан да

өлгенім артық! Қолың жетіп алған соң әке-шешеге осы қорлықты көрсетейін деген екенсің, асылып өлемін мен!

— Өлмейсіз әке,— деді баласы күле сөйлеп,— өмір сүресіз, қайта бақытты боласыз.

— Орыс келінмен бе, ойбай!

— Дәл солай, әке.

— Құдай ненді алдым, қу құдай!— деді әкесі зарланып — жалғыз баланы осындай қатыбас қылып бергенің не, құдай!

— Сабыр ет әке, жас болып көрген шығарсыз...

— Сонда мен орыс қатын алыппын ба, жасатқан!

— Жо-жоқ, әке, «Қылыш пен отқа бағынбаған, Махаббат еркі!» — деген екен бір ақын, жүрекке зорлық жүрмейді, әке!— деді Қайырғали салмақпен.

---

### „ҚАИНАҒАСЫ“

Шойын қара ренді, жуан денелі. Тәмен терезе алдында түнеріп отыр. Осылай отыруды көптен шығарып алды. Көзіне түскен қалың қабағын ашып-жауып, үркіте қырған бурыл мұртын қисайтып, мұрнын тартып қойды. Салпы еріндеріне шылым қыстрып үнсіз отыра берді.

Дәме жеңгей болса бұрандай басып бәйек болып жүр. Ол келгенде үйге аю кіріп кеткендей сескенетін. Суық көз қараспен зеки, ажырандай, кеміте айтқан бейпіл сөздер шымбайына батса да ішінен тынып жүре береді. Оңашада ағыл-тегіл жылайды, балаларының амандығын тілеп өзіне-өзі тоқтау салады. Ол қырықбестер шамасындағы ақсары өнді, сопақша жүзіне әжім түсіп ескіре бастаған, ұзын бойлы еңкіштеу адам еді. Соңғы уақытқа дейін тәп-тәуір келген семьялық өмірі сақар сабындай бұзылып астан-кестен болып кеткелі тұр. Қара шалы асаусып, құлағына қол жеткізбей барады. Кей түндері төсегінен безініп, жоқ болып кетеді. Таңертең айғай-ұйғайымен дүниені көшіре келеді. Сынықтан сылтау тауып жеңгейге бір соқтықпаса көңілі көншімейді.

Алғашында әркімдер өтірік-шынды Тәкеңнің бозбалашылығын шағыстырып айтып жүреді. Бірақ, жеңгей:

— Ие, әдрем қалсын, сол барболғыр шалдан сондай ерлік шықса қуанар едім! — деп қосыла күлетін.— «Қу-

ға қу қызыл іңірде кез болады» — деп, осы шалға қызығып жүрген қай оңған адам дейсің, мейлі, өзіне жақсы болса, — дейтін еді.

Дәме жеңгей «қуанамын» дегенмен қуана қойған жоқ-ты. Көлденең сөздер көңіліне кіршік болып жабыса берді.

Сөзді Тәмен бастады. Ошақ басы шүңкілдесе кеңесуді арман етіп жүруші еді. Арты жақсы болып, оңалып кететініне сенбейді де. Жауар күндей түнеріп келіп шартшұрт сынғаны да Дәменің көңілі суи берсін дегендік еді. Оған көңілі суи қоятын жеңгей бар ма? Енді, ұғыспастың жолы осы деп, сөзді өзі бастап отыр. Қабағы да жадырап сала берді. Аласа столдың шетінде еңкейе отырып қою шайды сораптай тартып қойып:

— Бізге,— деді ол,— қосылғалы көп жылдар болды. Әрине өміріміз жаман өтті деп айта алмаймын. Құдайға шүкір, бір екі қарғамыз бар. Алды үйлі-баранды болды. Әрине сен болсаң қартайдың. Мен болсам да жасарып келе жатқам жоқ. Екеумізді күтетін адам алсам деймін. «Көсеу ұзын болса қол күймес»,— дегендей, пайдасынан басқа зияны болмас, білдің бе? Құдайдың бергенін қанағат көріп отырып қалу, әрине, ездiң ісі: «Талапты ерге нұр жауар»,— деген бар. Әрине, кісінің өзі жас иісті сағынады екен. Сол үшін ырыздықтың қауғасын тағы қағып көрсе деймін, білдің бе? Әрине, жас иісті былай қойғанда, мына Әбеннің шаңырағы жығылып, түтіні сөнгелі тұрғаны мынау; сол үйдегі келінге сөз айтып, бірлік қылсам деймін, білдің бе? Ең бастысы Әбеннің тырнақтап жиған мал-мүлкі әркімнің қолында кетейін деп тұр. Кемпір, сен түсін, білдің бе? Нәрсе-қарасы, малы барда келіннің басын айналдыра тұрайықта. Түбінде өзіміз білеміз ғой. Ұнамаса, сайтан болып бара жатса топайдан жалғыз-ақ қақпаймызба?

Дәме жеңгей бетін басып:

— Бар болғырым-ау, балалардан ұялсайшы,— деді солқылдап жылап.

Тәмен белбауың буынып жатып:

— Қанжауғырдың қызғаншақтығына не берерсің,— деп күңк ете түсті. — Сен мал-жанмен, баламен бол, әрине, мен жас тоқалмен болам, білдің бе? Менің жиған тергенім аз келіп бара ма саған. Өзім де ешқайда кетпеймін. Әрине, ата-баба салтынан ауар сасық ми мен емеспін, білдің бе?— деді екілене сөйлеп. Дәме ағыл-тегіл

жылай бастады, өлікті шығарардағыдай дауысын созып әндете жөнелді.

Тәмен осы бір «жексұрын» дауысты естімеу үшін тез басып шығып кетті. Дәме жеңгей оңаша қалып біраз зауқытып алды. Тартынған жоқ. Шалын сөге де, тілдей де, өткен күндерін еске ала да, жас шағында Дәменге зорға жеткенін де, енді мына қойқаңдауын да қосып сыпырта жырлап шықты.

Тәмен үйден шығып аңғара қарап тұрды. Басы зеңіп кеткендей болды. Дәменің зарлы даусын естігенде жаны түршігіп, көңілі бұзылды. Көзіне жас келіп қалды. Мұрны шуылдап кетті. Ішкі дүниесі елжіреп сала берді.

«Мен не істеп жүрмін осы,— деп ойлады ол,— жасымнан қосылған қосағымнан, бала-шағамнан жеріп, қалған өміріме қандай бақыт таппақпын. Қой, бұл ойдан тиылайын. Аулақ менен әрі!»— деп көзін сүртіп, мұрнын сіңбіріп тастады.

Ойдың аты ой емес пе? Қанша үркіткенмен безіп кетпей, айналақтап жүріп алды.

«Хош, солай-ақ болсын, сонда жас келін мен мал-мүлік кімге олжа болмақ, әлде кімге беріп қоя беріп, қиқпаған кәрі кемпірдің жанында отырмақпын ба? Құрысын үйткен күн. Келін өзі келісті деп отыр. Бет ашып алу ғана қалған сияқты. Жо-жок, атай көрмеңіз, мен ескі ойдамын. Келін менікі, мал да менікі»,— деп қайта ширап алды.

Жеңгетайлықта жүрген қу жігіт Ырымжан жақсы хабарларды жаудырып Тәменді елжіретіп қойған еді.

— Балдызыма сөйлестім, солай да солай дедім. Әбен не, Тәмен не, ағайын адам, бұл өлім Тәкеңе аз қайғы емес. Сен жатқа кетсең шаңырағы құлайды, Әбен екі өледі. «Іні өлсе аға мұрасы», тұғырдан түсіп жатқан ол жоқ. Мына қайын ағаң сөз салады, Дәме екеуіңді егіз қозыдай мәпелеп бағамын дейді. Сен түп-тура Тәкеңе тиіп ал деп тоқ етерін айтқанымда керенауланбай-ақ, былқ ете түсті. Балдызым жездесінің сөзін далаға тастаушы ма еді.

— Ата жолынан қайда кетер дейсің, тек Дәме абысыным шалдан дәмесін үзсін! — деді. «Ортақ өгізден, оңаша бұзауым» — деп сол жағын көбірек айта берді, — «деген хабарлар үшін», «қызыл тебетейлілердің» талайының мойны бұралған еді. Ішуді жақсы көретін қу жігіт ішіп отырып та көйіткен:— обалы нешік, Ғалия

тіптен саған риза болып отыр. «Ағатайым байғұсты несің айтасын, ендігі жөн-жоба білетіміз де сол ғой!» деді.

Қудың осы бір сөздері көңіліне мықтап орнап, Ғалияны сырттай мүлдем иемденіп алған-ды. Енді кемпірі жылаған екен деп қалай ғана ауытқиды. «Жыламаса көзі ақсын. Өзі келісіп, елпілдеп тұрған келіншектің төсегіне біреу көтеріп салу керек пе? Әлде уылжып тұрған жас келін өзі соқтықпақ па? Қой, ұят мал болмайды, бетті ашып алайын».

Қызыл іңір, аспан әлемін жұлдыздар секпілі басқан. Батыс көк жиек әлі де бозамықтанып тұр. Ауыл үйлерінің терезелерінен мол жарық көрінеді. Тәмен сылти басып Әбендікіне келе жатыр. Жүрегі лүпіл қағып аузына тығылады, дүрсілдеп соғып атша тулайды. Алдында «қияметтің қыл көпірі» тұрғандай сескенеді. Сөзді неден бастау керек, келінге түп-тура «сен маған ти» демек пе? Әлде, «қосылайық келін» — деп, жұқалап қана айтпақ па? Әйтеуір, үркітіп алмаса жарар. Әбен білімді, аңғыр жас болатын. Тәмендегі ескіліктің шірік әдеттерін айтам деп, көңілін қалдырған кездері көп еді. Жақындығы да шамалы, үш-төрт атадан қосылатын. Тәмен болса өзімен бірге туған інілерін де ағайын көріп, жанына қондырып көрген жоқ.

... Ол еппен басып табалдырықтан аттады. Еңсесі биік кең үйдің іші шамның жарығына толы еді. Жасаулы жинақты бөлменің төрінде терезелердің арасын тұтас алып, үлкен айна тұр. Тәмен өзінің шойындай қара кескінін, аюдай қорбаңдаған зор тұлғасын көрді. Неге екенін кім білсін, түсі сұрланып кеткен ұсқынсыз екен. Өз тұлғасына менсінбей қарады. Келіншекке өзін лайықсыз көріп кеткендей болды. «Шешінген судан тайынбас», — дегендей алдына салып қуалап келген «нартәуекел» итермелей берді.

Әйтеуір, Ғалия үйде жалғыз екен. Іс машинасымен көйлек тігіп отыр еді. Жалғыздығына қуанып кетті.

— Ден сау ма, Ғалия, — деді Тәмен сыпайыланып.

— Шү... — дей салды Ғалия ернін қозғалтып, өзі машина құлағын зырлата берді. Тәмен балпаңдай басып төрге отыра беріп:

— Ойпырмау, тізесі түскірі-ау, — деп қалды да бетінен оты шықты. Қара кісінің қызарғаны көріне ме, түк білмегендей отырып қалды. Мал-жан амандығын сыпыр-

та түгел сұрап шықты. Ақсап жүрген қызыл торпақтың жайын да, биелердің құлындау мерзімін де, қой-ешкілерінің күйін де, тауықтарының жұмыртқалау жағдайын да қалдырмай сұрады. Қорадағы көнді тазалап тастау керектігін де айтып жатыр. Осы үйде ұн, шай бар ма, жоқ па?— деп те көңіл қойып отыр. Тап балапандарын қамқорсыған мекиен тауықтай-ақ канат астына алуда. Ғалия ісінен көз алмай баппен жауап беріп отырды. Орнынан тұрып самаурын ыңғайлай бастады. Шай қойма деп те айтқан жоқ.

Ғалия жиырма бестерден жаңа асқан, дөңгелек жүзді, мөлдір қара көзді, аққұба келіншек болатын. Тәменнің келісіне түсіне қойған ол, сыр білдірмей самаурын қойып іске отырды. Тәмен түрік еріндерін салпитып, темекісін қайта-қайта сора берді. Жанама сөздер осымен аяқталғандай болды. Нағыз сөздің өзін қайдан бастаудың ретін таба алмай алыстан орағыта сөйледі.

— Ғалия шырағым, мына бір ісің тым ұнап кетті. Әрине жақсы көйлек болып шыққалы тұр. Біздің жаман қатынның іс білмеуі-ақ қажытып барады, қанжауғыр,— деп кертеш мұрнын мықшита тартып қойды.

— Жеңешем қартайғанда іс үйренбес енді,— деді Ғалия машина құлағын айналдыра отырып.

— Ыдыс-аяқ, төсек-орнының кірі бес елі, әрине, барып тұрған салақ, әйтеуір бала тапқанына мәз, қанжауғыр!

— Ол жарамайды,— деді Ғалия,— тазалық зор байлық, таза болса жаманның өзі жақсы, лас болса жақсы да жаман, жеңешемнің ондай-ондайы бар ғой.

«Мына қара — деп ойлады Тәмен, — сөзді кемпірді жамандаудан бастасам-ақ, көңіліне қона кетейін деп тұрғанын қарай көр. Бірімжанның айтқаны рас болды.»

— Шырағым, Ғалия, әрине көп жақсы өмірім, сол бір сүмелек қатынмен босқа өтті. Қанжауғырдың, мінезі де шөлкес-ау енді,— деді жер шұқып отырып.

— Мінез әркімде болады ғой,— дей салды Ғалия жіпті тісімен үзіп.

— Әрине, сөзді кісі сияқты кісіден естісем бір сәрі, кері мөшкедей жаман кемпір адуындағанда сайтаным ұстап кетеді.

— Сол кісі соңғы кезде ашушаң болып алыпты,— деп, қостады Ғалия.

— Әрине ол қанжауғырдың ашуы әлгі... Осы... не...

жайында ғой, — деді, Тәмен қипақтап. Ғалия «не» деп сұрап қала жаздады да тиыла қойды. Енді, Дәмені қоса жамандасуға кірісті.

— Жеңешем байғұс жасық сүйекті адам ғой, жоққа ашуланады өзі, — деп қалды.

— Жоққа дейсің де қоясын, бай қызғанған неге керек десейші, сол қанжауғырға.

— Бай қызғанғаны қалай?— деп Ғалия төтесінен сұрады. Тәменнің жүрегі су ете қалды.

— Ол әрине әлгі... Не ғой,— деді, Тәмен сасқалақтап.

Самауыр тасырлап қайнап төгіле бастады. Ғалия трубасын алып, шәйнекті үстіне қойды. Дөңгелек столды жазып, шынаяқтарын жасады. Тәмен сымбатты сұлу келіншектің жүріс-тұрысына қызыға, елти қарап отырды. Шай үсті үнсіздікпен өтті. Тәмен борылдата тартып екі-үш шыны шайды тез ішіп төңкере салды.

— Ішіңіз ағатай,— деп келіншек бәйек болып жатыр. Шай қайдан барсын, ішкі дүниесі әлем-жәлем болып берекесі кетулі. Шай жиналды, Тәмен салпынып үнсіз отыр. Қабырға сағатының үлкен жез шайқалғышы баяу қозғалып, уақыттың өтіп жатқанын хабарлап тұр. Жарты түн болды. Қашанға дейін отыра бермек, көзіне ұйқы тығылып барады. Әбден қысылды.

«Қой, бір күн туыппын, бір күн өліппін», қатыннан қорқып маған не болған, өзінің Жәбеке дегені анау, білмей отырса екен. Жүрегі жарылып кете ме, сөзді бастап жіберейін, нар тәуекел, қайдан шықса онан шықсын»,— деп қорытып:

— Ғалия, шырағым, әрине «жас жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір»,— дегендей... Жо-жоқ... ие... солай... тап солай. Ұлы сөзде ұят жоқ, екеуміз қосылайық,— деді Тәмен мінгірлеп. Ғалияны күлкі бунап отыр.

— Қосылғаны қалай,— деді Ғалия тікесінен.

— Қалай болсын,— деді Тәмен,— бірлік қылайық дегенім ғой. Осы отыз бес-қырық жастың ішінде...

— Елу-елубес деңіз,— деп түзетіп қойды Ғалия.

— Мейлі солай-ақ болсын. Әрине, қанжауғыр жаман қатын өмірімді өксітіп келді. «Іні өлсе аға мұра», бауырым Әбен,— деді жыламсырап,— тапсырып кетіп еді. Ахирет күнінде қолыңнан аламын деп еді.

— Сізсіз өз аяғымнан бара алмаймын ба мен?— деді Ғалия.

Тәмен тоқырап қалды.

— Құрметті қайнаға,— деді ол,— сіз әкем Жекен екеуіңіз жасты адамсыз. Осы сөздерді айтуға қалай ба-тылығыз барып тұр. Қызыңыз Нұрзипа менен үш жас үлкен еді, ұялмайсыз ба?— деп, етегін қағып орнынан тұрып кетті.

## ТАСҚЫН

Бақтыбай тасқынның гүрілінен оянып тысқа шықты. Таң жаңа атып келе жатыр еді. Тасқын селі айнадай жарқырап алқаны түгел жауып кетіпті. Судың алғашқы жайылуын тамашалауды ұнататын ол, ұрланып келіп қалғанына өкінішпен ұзақ қарап тұрды.

Аспанды жапқан қалың бұлт ыдырай сөгіліп, әлдеқайда асығыс кетіп жатыр. Батыс жиекте тұтасқан қара-көк бұлтты нажағай оты осып-осып кетеді. Жарқыл жиі қайталайды, көптен соң дүңгірлеген болмашы дауыс естіледі. Дауыл үдей соғып, шатырлар мен қора төбесі-нің жабуын желпілдетіп, кесек сабандарды қалбалақта-тып ұшырып әкетеді.

Дөң үстіндегі ауылды қарқ қылуға талаптанғандай су жөңкіп келіп жарқабаққа соғылады да, қоршаулар мен шарбақтардың ішіне жайылып барып кейін серпіледі. Көз ұшында тоғай ағаштарының бұйра бастары судан қылтиып көрінеді. Тіркескен үлкен сендер сол тұстан баяу жылжып келеді, бір біріне қатты соғылып, гүрсіл-деген кесек дауыстар естіледі. Кейде үлкен ақ мақұлұқ-тардай құшақтасып жоғары көтеріледі де, қаракөк суға шолп сүнгіп кетеді. Көбік шашқан бұйра толқын-дар сендерді ұршықша үйіріп асығыс қуалап барады. Тасқынды тамашалаған ауыл адамдары топтала кеңе-сіп, жарқабақта жүр.

— Бәрекелді, егін, шөп мол болады екен! — деді біреу әндете сөйлеп. Жаңбырдың ірі, суық тамшылары сытырлап түсе бастады. Жұрт ықтасынға қарай екшел-генде әлдекім:

— Адам, адам, сең үстінде! — деп, шырылдап айғай салды.

Алыста тіркескен сендердің үстінде адам тұлғасы қарайып көрінеді. Ерсіл-қарсыл жүгіреді. Қол былғап



айғайлайды, даусы масаның ызыңдай талып естіледі.

— Ал, жігіттер, кім барады бұған,— деді қабасақал қарт жұртты көзімен шолып.

Тәуекел етуші көрінбеді.

— Өте алыс, жету қиын ғой,— деді біреу самарқау дауыспен.

— Қауыпты. Мына сапырылысқан сендер қайықты бір соққанда құлпаршасын шығарар. Мен өзім бара алмаймын,— деді егделеу қайықшы жаңбырдан ықтай тұрып.

— Қутқарың-да-ар,— деген дауыс анық естіліп тұр. Сең жағаға жақындаған сайын мүжіліп азайып келеді. Адам жан ұшыра айғайлайды, қол бұлғайды.

— Жолдастар, мұнымыз не? — деді Бақтыбай ашулы дауыспен.— Көз алдымызда адамды өлімге беріп отырамыз ба? Арқан дайындандар, мен кеттім.— Ол жарқабақтан секіріп түсті де төменде шынжырмен байлаған қайығына келді. Жағаға ұрған толқындар қайықты секірте лақтырып тұр екен.

Қарбаласқа түскен жұрт шумақталған арқандарды жалғастыра бастады. Бақытбай арқан үшін мұқияттап беліне байлап жатты. Тулаған дүлей тасқынға сабырлы жүзімен байыптай қарады. Үлкен қара көздері ұшқын шашып, кейпі сұрлама түскен. Қарлығаштың қанатындай жіңішке қара мұртын қазған, мұрнын тартып қояды. Суға шайылып ақ жем болған ұзын сырықты алып, үнсіз қайыққа отырды.

— Жібер!

Байлаудан босатылған кішкене қайықты тасқын жаңқадай қақпақылдап ала жөнелді.

Жаңбыр құйып тұр. Кең аспанды айқыш-ұйқыш сызып нажағай жарқ ете қалады. Ирелеңдей шұбатылған ақшыл сәуле қарауытқан судың бетінде сәл дірілдей жоғалады. Лезде күн шатырлайды. Бақтыбай қос ескекті сірестіре тартып ағынды қиялай жылжып барады. Күшті ағынмен жөңкіп келіп тоғысқан ірілі-уақты сендер аттатар емес, қайықты күйретіп кетуі сөзсіз сияқты. Шағын сендерді сырықпен ығыстырып, үлкендерінен жалтарып кетуге күш салады. Шашыранды су қайыққа шолп етіп құйылып кетеді. Көгілдір сендер тұс-тұстан өрмелеп қоршай береді. Қайықшы бірде ескекке, бірде сырыққа жармасып сендердің соққысын дарытпай ілгері

жылжиды, қара терге малшынды. Адам отырған кішкене сең жиекке жақындап келеді.

— Бауырларе-ем,— деп зарланады әйел адам.

Бақтыбай оның алдын орағытып, жағадан едәуір ұзап барады.

\* \* \*

Жәния малын жайластырып үйге келгенде қара көлеңке болатын. Батыс жиектегі қатпарланған бұлттар қызғылт тартып әлі де алаулап тұрды. Қатты жел шүйкеленген қоңыр бұлттарды түнерген алыс көк жиекке қарай ығыстырып барады. Күмістей жылтырап, жұлдыздар көрініп кетеді. Балалар яслиінен жаңа ғана келген кішкентай Есет пен Бақытты бауырына басып беттерінен ұзақ сүйді де, жетектеп үйге кірді, кнопканы басып, электр шамын жақты. Жасаулы таза бөлмелер электр шұғыласына толып, жарқырап кетті. Балалар секіріп ойнап, үйренген өлеңдерін айтып, анасының күндізгі шаршағанын тарқатып жіберді. Бөбектерін сөйлетіп күле жүріп, қайнаған самауырды столға қойғанда ферма бастығы Әбу кіріп келді.

— Ден сау ма, Жәния, малың аман ба? — деді кеспелтек денелі, орта жасаған, қызыл жирен адам орындыққа отыра беріп.

— Жоғары шығыңыз аға,— деді Жәния төрді нұсқап,— ақсап жүрген боз қасқа саулық қалып қойыпты. Байқамаппын, кәзір іздеуге барам.

Әбу қызыл сары мұрты мен шоқша сақалын сипап, үлкен қызыл көздермен таңдана қарады.

— Жәния шырағым-ау, не деп отырсың. Керек болса мен айтайын, түнде Есіл тасиды деп хабарлады ғой. Алқаға жан бармасын, сақтансын деп звонит етті.

— Оқасы жоқ, саулық осы жақын тұста қалу керек, жортып барам да келем. Қолхоз малын далаға тастаймыз ба?

— Жоқ шырағым, бармай-ақ қой, орнына бір қозы туа салар. Керек болса мен айтайын, жазатайым болып кетсең мен бейнамат болам... Актымен де шығарып тастаймыз ғой. Реті келеді ғой. Сөйт шырағым!

Жәния езу тартып күлді де:

— Сіздің актыңыз даяр тұрады, бір малды шығын етпейміз деп міндеттеме алғанымыз қайда?— деді аққұба бидай өңді жүзіне қан жүгіріп, әдемі кішкене көздері ұшқын шашып Әбуге қадала қалды.

— Шырағым, мен қойдым, түбінде өкінбе! — деп Әбу шығып кетті.

Жәния киініп болып айналақтап шыға алмай тұрды. Төсекте ұйықтап жатқан екі бөбегін кезек искеп тұрыңқырап қалды. Әлде неге жүрегі қобалжыды.

Түн. Ойлы-қырлы жазықпен шоқытып келе жатқан жалғыз салт атты қыр үстіндегі жарығы самсаған үлкен ауылды артқа тастай ұзап кетті. Көзге тұртсе көргісіз қараңғылықта дауыл желдің азынаған үні күшейе түседі. Көмірдей қара бұлттар қоюланып, кең аспанды құрсаулап алған. Алыс көк жиекте нажағай оты түнгі аспанға болмашы сәулесін түсіріп жылт ете қалады. Жәнияның көңіліне жалғыздығы сезіліп, ауыр ойлар басып келеді. Армиядағы сүйген жарына деген ыстық сағынышы арта түскендей болды.

«Сен командир болып Отан шегін қырағы қорғасаң, мен колхоз дәулеті — малды қонды етіп аман сақтаймын», — деген өз сөздері есіне түсті.

— Аман сақтағаным осы ма?

Өзінен өзі қысылып ұялып келеді. Түннің біразы өтіп барады. Ақсақ саулық шоқ талдың ығында қоздап, қызыл шақа мирнос қозысын аяқтандырып тұр еді. Саулықты ер үстіне көтеріп салудың машақатымен едәуір уақытын өткізіп алды. Қой өңгерген аттың жүрісі де мардымсыз. Құн райы өзгеріп дауыл күшейіп барады. Алыстан гүрілдеген қорқынышты тасқын үні естілді.

Жәния да ауылға жақындап қалды. Жарығы самсаған түнгі ауыл қол созым жерде тұрғандай еді. Тебіне түсті, хауіпті жардан қалай да шығып кетермін деп ойлады ол. Жүрегі алып ұшып барады.

Тасқын зор шапшаңдықпен айдаһардай ысқырып келеді. Жағаға ондаған метр ғана жер қалды. «Не істеу керек? Жәния саулықты құшақтай ұстап шаба жөнелгенде, жаза басқан ат сүрініп омақата құлады. Иесінің аяғын басып үйелеп жатып алды. Тасқын селі қаптап жүре берді.

— Қош екі құлыным, сүйген жарым! — деген ащы дауысы естілді Жәнияның.

Тасқын ішінде қанша арпалысқанын кім білсін, сең үстіне ілегіп есін жинағанда алыста ауылдың оттары жұлдыздай жымындап қалып бара жатты.

— Қош екі құлыным! — деді өксік атып, жас келіншек.

Бақытбай адам отырған сеңдердің тізбегіне қарай ескекті сірестіре тартып жылжып келеді. Көбіктенген үлкен толқындар кезек соғып қайықты лақтырып тастайды. Мұз сынықтары сап етіп ұрып өтеді. Төсіне өрмелеген өр адамды тұңғиғына бақтыруға күш салып өршелене түседі. Апатқа ұшыраған адам ағынмен ығып Бақтыбайға жақындады.

— Уа, мына арқанды беліңе байлай аламысың? — деді Бақтыбай тер құйылған көзін жеңімен сүртіп. Жәния жауап орнына еңіреп жылап жіберді.

— Ағатайым-ай, бауырым-ай? — деді шырылдаған дауыспен.

— Уа, буыныңды бекіт, тез байла! Әйтпесе екеуіміз де құрғимыз! — деді Бақтыбай бар даусымен айғайлап. Өкірген тасқын үні даусын бөліп-бөліп жіберді.

Кішкене қайық толқын үстімен бір сәт алыстап кетеді. Қарулы қол қайта жақындатады, қатарласып келеді.

— Бол!

— Болдым!

Жар жиегіндегі жиналып тұрған ауыл адамдары жалғанған арқандардың ұшынан тездетіп тарта бастады. Жәния жағаға шығарылғанда талықсып кетті. Есін ауруханада бір-ақ жинады.

## МҰСАТАЙДЫҢ БІР КҮНІ

Терезені үсті-үстіне қаққан тарсыл үдей түседі. Шыдатар емес, құлаққа түрпідей тиіп, ояңбасына қоймады.

— Мұсатайшы, Мұсатай— деген асығыс дауыс сапылдап тұр.

— Аллатағалай,— дейді зарланып Мұсатай. — «Тырнадан төре қойсаң басыңнан қиқу кетпес»,— деген осы-ау! Жаңа сыпырғыштың таза сыпыруы-ай, шіркін! Мына ұзын мұрын пәледен көреді екенбіз, тәңірім!

Дауыс та, терезе қағу да тоқталды. Жым-жырт болды.

Үй іші әлі қара көлеңке, терезеден бозамық тартып, таң сәулесі түсіп келеді. Семьясы түп-түгел ұйқыда. Көзіне ұйқы тығылып барады. Басын көтеріп, теңселіп аз отырды да, қайта құлап кетті. Қор ете түсті. Ол түс көрді, түсінде:

«Бригада барыпты. Тракторлардың барлығы тоқтап тұр, адамдар да көрінбейді, айнала тыныштық, будканың мұржасында көздері алақандай байғыз ғана қонақтап отыр.

Таң атпай сені кім шақырды осында. Тракторлар бүгін түгіл ертең де жүрмейді. Ой, басы айналған байғұс екенсің ғой» — деді байғыз адамша сөйлеп.

Мұсатай ашуланып кейін қайтты.

— Мұсатайшы, Мұсатай, — деп айқайлайды әлде кім, тап жердің астынан шыққандай. Артына қараса әлгі байғыз бригадир болып дігірлетіп тұр. Ашулы Мұсатай қолын бір сілтеді де тарта берді. Осы бір беймаза дауыс қыр соңынан қалар емес, ақыры тағы оятып жіберді.

— Аллатапраллай, ұйқымның берекесін алдың-ау, тәңірім сенің де берекенді алсын, одан басқа не дейін саған! Жолың боғыр-ау, не қыл дейсің маған? — деді Мұсатай кейіп.

— Трактор агрегаты бір сен үшін тоқтап тұрама? Неге бармайсың! Осың не сенің, — деген бригадирдің ашулы даусы естілді аржақтан. — Бол тез!

Мұсатай баппен киіне бастады. «Бригадир сасқан екен» деп ол сасқан жоқ.

Күн көзі қызғылт сары сәулесін шашырата шығып келеді. Үй ішіне мол жарығын түсіріп тұр. Ұйқысы ашыла қоймаған Мұсатай мұрны шуылдап, шала ұйқы болған күйінде күйбеңдеп отырды да қойды. Терезе сыртында бригадирдің басы қарандайды.

— Бол деймін!

— Жаным-ау, не қыл дейсің маған? Мен шай ішпей қалай барамын. Жолың болғыр-ау, тарта берші өзің! Мен бір-екі шыны шай ұрттап қана шыға қояйын!

— Трактор құдықтағы судың қайнауын тоспайды! Шай онда да бар, болшы өзің, сөзді көбейтпей!

— Астағыпыр аллай, мынау бір сұмдық екен. Өз үйіңнен оразаңды ашпай, таң атпай дірдекте дейді. Жолың болғыр-ау бара берші өзің! Мен...

— Жо-жок, сені алмай кетпеймін!

Мұсатай киініп отырып күңкілдеп сөйледі:

«Қап, мына пәледен көреді екенмін. Япырмай, мынау бір сұмдық екен. «Бай болған бақырып болама», — дегендей, жаным, мынау бригадир болдым деп қиратып барады ғой.»

Ол күйбеңдеп жүрді де қойды. Қағынып-соғынды

қонақтайтын тауықтай жоғарыға қарап әлде нені іздеп жүріп алды. Шақшасына насыбайын толтыра салып, шыбықпен шұқып біраз отырды. Осының барлығына бірнеше минуттар өтті. Ақыры асықпай тысқа шықты.

— Дереву бригадаға тарт, сенің кесіріңнен трактор әлі тоқтап тұр! — деді бригадир.

\* \* \*

Мұсатай елулерге жақындап қалған ашаң өңді, ат жақты, мысықтың мұртындай тікірейген бессандыра мұрты бар, ұзын адам еді. Оның «Мұсатай көсе» деген жанама аты болатын. Соңғы кезде «Жалқау Мұсатай» деген атты тағы қосып алыпты. Өзгесі өзге «жалқау» дегеніне жол болсын. Жалқау болған адам осындай болма? Олай деп жатып ішерлерді айтса керек еді. Ал, бұл болса жұмыс істеп жүрген сияқты. Көп ұйқтағаннан айтқан болар. Ұйқы ұйқтамай, тамақ ішпей өмір сүрген адамды көрген емес. Ат қоюға мұндай шебер болар ма бұл жұрт. Әйтеуір «Жуас түйе жүндеуге жақсы» дейтін шығар. Әйтпесе немене!

Мұсатай өзінен-өзі күңкілдеп сөйлеп келеді. Кей кезде қолын сермеп, даусын шығарып:

— «Бұл дұрыс емес!» — деп қалады.

Күн көзі алтын табақтай дөңгеленіп баяу көтеріле бастады. Күн тымық. Мөлдіреген бұлтсыз аспанның батыс жиектерін қорғасын түстес қоңырқай бұлттар құрсаулап жатыр. Күн көзі көтерілген сайып көк жиекке батып бара жатқандай әлгі бұлттардың бойы да аласара түсті. Аспан биігінде жарты күлшідей болып, аршыған жездей жылтыраған айдың қалдығы ілініп тұр.

Ауыл таңғы тыныштықта. Айналадан қосыла шыққан бір неше мотордың үні тынымсыз гүрілдейді. Қыр үстінде қызыл тулары желбіреп будкелер көрінеді. Маңайында тракторлар, адамдар қараңдайды. Қыраттан әрі тракторлар жұмыс істеп жүр.

Мұсатай жаңа көктей бастаған бетегелі даламен ынтасыз бригадаға жақындап келеді.

Смена ауыстыру аяқталып қалыпты. Күндізгі кезектегілер жұмысқа кірісіп те кеткен. Қос басында үш тұқым сепкіш тіркеген «ДТ» тракторы тұр. Тұрбасынан көкшіл дөңгелектер атқытып, ақырын бақылдайды. Тұ-

қымды толтыра салған тұқым сепкіштің қақпағы шалқасынан ашық, біреуінің доңғалағына сүйеніп, дөңгелек жүзді, таңқы танау, адыраң көз қара бала Дәкен шылым шегіп тұр. Куфайкасы мен шалбарына май тиіп жалтыраған тракторшы жігіт мұны көріп жанына келді.

— Мүсеке, мұныңыз тіптен жарамайды. Міне жарты сағатқа жуық сіздің жінәңізден тоқтап тұрмыз, — деді ол білегіндегі сағатына қарап. — Бұдан былай қайтала-саңыз ұят болады!

— Астағыпыраллай, шырағым, сізге не болған. Маған айтқаны жаңа ғана, сендердің тоқтап тұрғандарыңды түсімде көріппін бе? Қайдан білейін мен!

— Сізге кеше жиналыста айтпаппа еді? — деді, Дәкен бала қосарланып.

— Иа, құдірет кәрім құдай-ай, бәрі өш маған! «Жуас түйе жүндеуге жақсы», дейтін шығар! Мүлдем иектеп алған мені! — деді кейіген болып. — Шырағым, жолыңды оңғарсын, жүріп, кетші өзін, есесі толар, — деді тракторшының көңілін аулап.

Трактор гүр ете түсті де, жылжи бастады. Екеуі екі шеткі тұқым сепкіште тұрып, ортадағысын кезекпен бақылап тұру керек еді. Мұсатай шеткісіне асылып, алдыңғы беттен көз алмай қарады да тұрды. Пәлендей қиын да жұмыс көрінбейді. Маңдайдан тер шықпаған соң жұмыста қиыншылық болама. Бұрын да бірлі-жарым көрген жұмысы болатын. Осысын сезіп кеше жиналыста тез келісе қойған. Қандай тыныш жұмыс, тек тапжылмай тұруға жалықпасаң болды. Көршісі аласа бойлы бала жігіт Дәкен аңыздың басынан ұзап шықпай-ақ тұқым сепкіштің дән түсіретін өңештерін шұқып, дискелерін қалағымен қағып қалып, ортадағы тұқым сепкішке де шығып, тарсылдатып қақпақтарын ашып-жауып дамыл көрмеді.

Мұсатай бәз баяғы қалпында әлі тұр. Көзінің қырымен әріптесінің бар әрекетіне қарап қояды.

«Шіркін, жастық-ай — деді ол ішінен, — аптығы басылмаған бала көңіл манадан бері қанша ұшып-қонды. Неге керек екен, соның бәрі!»

Мұсатай үнемі аяғынан тұра беруге жалықты да, тұқым сепкіштің үстіне шығып отырды. Белі ауырып қалыпты.

Енді, әріптесінің бар әрекеті көз алдында жүріп жатты. Дәкен бала дән түсіргіш тетіктерден көз алмайды.

Қақпақтарын салдырлатып жиі ашады, тұқымды қолымен араластырып қояды. Ортадағы тұқым сепкішке де жиі шығып бақылайды. Сазды жерлерге келгенде дискелерді сәл көтеріп өтіп кетеді. Ағаш қалағы мен сымын қолынан түсірмейді.

Мұсатай үшін осының барлығы бос әурешілік, балалықтың ойыны сияқты. Ішінен Дәкенді сөгіп, ұнатпайды.

«Пысықсуын пәлекеттің!» — деп тыжырына қарайды. Өзі жайғасып отырып алып, ыңырсып әндетеді. Көңілі көтеріңкі.

Баспалдақтардан секіре басып жанына Дәкен келді. Қақалып-шашалып асыға сөйлей бастады:

— Мұс-мұсатай аға, мұныға жол болсын. Семипроводтар нетіп, дән түспей қалды. Дис-дискелерің бар топырақты сырып көшіріп келеді. Ал, сіз болсаңыз сеялка үстіне төріндегідей нетіп алғансын.

— Жолың болғыр-ау, менің сеялкам өте жақсы істейді. Бекер айтпа! — деді ол жайбарақат алысқа көз жіберіп отырып.

— Түсіп көр — деді Дәкен. — Қалай нетіп тұрғанын қарашы өзің?

Ол Мұсатайдың аяғынан тартқылап түсуге мәжбүр қылды.

— Аллатағалай, осы не дейді — кәне көрсетші өзін.— Екеуі дискелерге үңілді. Тұқым сепкіштің орта тұсында қатарынан үш диске қозғалмай тұрып қалған. Ұзындығы бірнеше метр жерге тұқым түспеген.

— Мынау, — деді, Дәкен, — қылмыс. Бұл жерге енді ештеңе шықпайды. Сіздің кесіріңізден егінге зиян болайын деп тұр.

— Аллатағалау, мен не істемекпін. Бәрің бірдей білімпаз болып алыпсындар. Маған бәрің өктем сөйлейсіндер. Жолың болғыр-ау, айтшы өзің, енді не істемекпін.

— Мына сымды ал да былай-былай нет. — деді, Дәкен жыпылдай сөйлеп, қолындағы ұзын сымды дән түсіргіш өңешке жүгіртіп.— Дискені былай-былай қағып, балшығынан нетіп отыр. Көз алмай қара. Нетіп алуды қой! — деді Дәкен бала пысықсып, бұйыра сөйледі. Сүйтті де ықшам денесімен баспалдақтардан мысықша секіріп орнына кетті.

Мұсатайдың көңілі басылып қалды. Дәкеннің артынан қарап күңкілдеп:



— Оқуды осылай үйренсең етті, мыйғұла, мектептен қашып келмей! — деді ол кейіп.

Мұсатай енді оқтын-оқтын қарап отыратын болды. Тұқым сепкіштің тетіктері бірқалыпты істеп келеді. Трактор тоқтаусыз жүруде. Аңыз басында қаптаулы даяр тұқымды, тұқым сепкішке аударар салуға қас қаққандай-ақ уақыт өтеді. Машина күн ұзақтағы сарынынан жаңылмай жүре береді.

Түскі асты ішкелі қашан, күн еңкейіп келеді. Адам отыруға да жалығады екен. Тұқым сепкіштің үстінде аяғын салбыратып ұзақ күн отыру Мұсатайға жылдай көрінді. Көзіне ұйқы тығылып қалғын бастады. Басы былғалақтап теңселіп кетеді. Аузына насыбайын салғыштай береді. Болмаған соң тұқым сепкіштің үстінен түсіп тетіктерін қарады. Бәрі орнында сияқты. Қақпақтарын ашып кейін қайырып тастады. Алтындай бидай тұқымы шұқырланып түсіп тұр. Шеткілерінің түсуі сараңсып қалса керек, шұқырлары жоқ, әрі биік қалған. Ол дискелерді қағып, өңештерге сым жүгіртіп қойды. Бәрін жайғастырып болып тұқым сепкіштің үстіне шықты, қақпақты жаппай жәшіктің ішіне тұқым үстіне жатып керіліп алды.

«Қандай тыныш орын, манадан білсемші, нағыз төсек үстінде жайлы екен; иә, аллай, жан рахаты мұнда екен ғой!» — деп ойлады ол мөлдір аспанға қарап жатып.

Аздан соң ұйықтап кеткенін өзі де білмей қалды. Оянғанда трактор аңыздың басында тоқтап тұр еді. Дәкен мен тракторшы жігіт Мұсатайдың тұқым сепкішінің тетіктерін айналдыра қарап жатты. Шеткі дискелердің екеуі тоқтап қалып аңыз бойы тұқым түспей балшықты сырып келген.

Дәкен ашуланып, кекештене сөйледі.

— Мұс-Мұсатай аға, сап-сапасыздық үшін мен не емеспін. Бұл сенің неткенің. Мен агрономға айтам. Бригадирге де көрсетем. Мен. . . мен. . .

— Иә, құдірет кәрім құдай-ай, маған не қыл дейсін. Мен дискелерді қолыммен айналдырып отырмақпын ба? Қарап отырдым. Шұқып дамыл көргем жоқ. Жолың болғыр-ау, айтшы өзің, мен не істемекпін?

Тракторшы жігіт басын шайқады да тракторына отырды.

Кешкі жауынгерлік листок тұқым сепкіштің жәшігінде шалқасынан түсіп ұйықтап жатқан Мұсатайдың суретін салып қойыпты.

Жұрт жабыла күлгенде Мұсатай жабырқап төмен қарады, ешкіммен сөйлескісі келмеді. Тісі ауырған адамдай томсарып үйіне қайтты. Ұзақ түнгі мотордың шуы гуілдеп құлағында тұрып алды. Оған жұрттың көңілді күлкісі араласып, ар-намысын аяусыз тырнап жатқандай болды.

### ҚЫС ҚЫСПАҒЫНДА

...Солтүстіктің қысы биыл ерте түсіп, үскірік лебімен қыспағына алғалы бірнеше күндер болып барады. Бұл уақыттарда тебіндегі жылқылар күйін төмендетпегеніменен төтенше жағдай — буаз билердің іш тастауы кездесе бастаған-ды. Бұрнағы күні бұл жағдайды кәнігі жылқышылардың өзі де «кінәрат», тағы басқа іштен болған аурулардың салдары деп дәлелдеп, Дәрібайдың «мұз жұтудан болып отыр» деген дәлелін жоққа шығарған еді. Қазір, оның алыстағы тебін далаларын зерттеп келе жатқан беті. Ол жылқыны төнген хауіптен аман сақтаудың бірден-бір жолын тапқанына берік сеніп, өз қортындысын ортаға салуға асығып келеді.

Уақыт сәскелік мерзім еді, күн көзі көрінбейді, аспанды көкшіл қоңыр бұлт жапқан, төңірек көңілсіз, бұлыңғыр. Қар әлі жапалақтап жауып тұр. Қалың қардан қылтырып көрінген сыбызғы құрайлар сәл ғана тербетіледі. Алыста Қабанбай дөңінде мұнарасы қыйсайған ескі ескерткіш, қара-құра мола тамдары қалып барады. Ұзақ жүрістен кейін Тайсойған орманына жеткенде кедір-бұдыр жылқы тебініне кездесе бастады. Орман арасында қалың жылқы жайылып жатыр еді, тебін шеті тым алыста көрінеді. Жылжымалы шанаға орнатылған жылқышылар қосының қара қошқыл мұржасынан көкшіл түтін будақтайды, түтін әлсіз желмен ырғала түсіп, жоғары көтеріледі де, көгілдір аспанға сіңіп жоғалады. Біикте қырауытқан антенна сымдары жуан ақ арқанға ұқсап қимылсыз қалған. Есік алдында аттар байлаулы тұр екен, Дәрібай жақындап келгенде ақбақай айғыр басын сілкіп кісінеп жіберді.

— Уә, Дәрібай да келіп қалды, — деді жылқышы. Қоста үш адам бар еді, қос ағасы, әрі жылқы фермасының бастығы, алпыстар шамасындағы, орта бойлы, шоқша сақалды Сәден, сұлу қара мұртты, жасы қырықтан асқан, батыр тұлғалы Сапарғали және аласа бойлы толық денелі, шикіл сары, сол Сапарғали шамалас Сабыралы үшеуі бұл кезде түскі астарына жиналған-ды. Қостың есік жағына орналасқан темір пеш қыздыра түсіп, сытырлап жанып тұр. Пеш үстінде қайнаған шағын қазан үй ішіне сорпаның иісін жайып, жоғарыға ақшыл бу іркіліпті. Қостың іші таза, едені, қабырғалары күңгірт сары сырмен боялған, малшылар ұйықтайтын нарында төсек, жастықтары тәртіптеп жиналған. Бұрышта арнаулы орында қызғылт сары радио қабылдағыш орнатылған. Осылардың барлығы жылқышылардың жайлы мекеніне ерекше сән беріп тұр. Қостың іші жылы, жарық. Қостағылар сыртқы киімдерін шешіп, биік столды қоршай отырысқан, көңілдері көтеріңкі еді. Мысқыл — сықаққа аузы епті Сапарғали:

— Дәрібай, қара көз келінге барғанда, айналып шыға алмай қалатын едің, бұл жолы сар далада сағынған адамың болмаған соң тез-ақ оралдың-ау, бәтірекесі. Абзалында, шүкіршілік бұған да, — деп, екі езуі екі құлағына жете күле отырып қағытып өтті.

— Мал аман ба? — деп келте сұрады Дәрібай. Содан соң. — «Бұл жерде ұстай берсек аман да болмайды. Қос орнын тез далаға ауыстыру керек» — деп кілт тоқтады. Сапарғали жалпақ сары тістерінің арасынан көңілдене шырт түкіріп тастады да, Дәрібайға кекесін көзбен сықақтай қарады.

— Абзалында, — деді ол күлімсіреп, — жылқыны орман панасы тұрып, сары далаға айдау ақымақтық болар еді ғой, іш тастаудың көкесін сонда айдасаң көрерсің.

Дағдысында көп сөйлемейтін Сабыралы да бұл ұсынысты үнсіз мақұлдап бас изеді.

Дәрібай мәселеге қатысы жоқ адамдай үнсіз отыра берген еді, кішкене қос ішінде дағдыдағыдай жайғаса отырысқан жолдастарына жаңа кездескен бейтаныс адамдардай тесіле қарады.

— Хауыптің көкесі далада емес, орман маңында. — Дәрібай Сапарғалиға қадалған көзін Сәденге ауыстырды.

— Сәке, сіз менің аса қадыр-құрмет тұтатын адам-

дарымның бірі едіңіз, бұл жолы сіз адасып отырсыз. Сізбен тартысуға тура келеді. Іш тастаудың, көзсіз адамға айқын себебін көрмейсіз. Менімше, іш тастаудың себебі мұз жұтудан болып отыр. Сіздің орман саясы деген «саяңыз» жылқыға пәле болулы. Қар жауар алдында болып өткен зор нөсер осы алқапты түгел камтығанын, жауын суы кеппей лезде қар түсіп, бетегені көк мұздақтың ұстап қалғанын әр қайсыларыңыз білесіздер, біле тұра шындықты бүркемелегіңіз келеді.

Ұзын қара мұртын жұлқый ширатып, Дәрібайға тесіле қарап қалған Сапарғали:

— Абзалында, құдайдың ен жауыны ол далаға жаумаған шығар,— деді.

— Жаумаған. Көде түбін қопардым, құп-құрғақ. Қарайлауға болмайды. Қазірден бастап қос көтеріледі. Жылқы «Шошқалы», «Ұялықөл» далаларына айдалады.

Қостағылар үнсіз отырып қалды.

— Абзалында, 20 жыл жылқы баққан тәжірибелі жылқышыға олай деуге, Дәркен, сен әлі жассын. Сен ең әуелі мендей еңбек сіңір. Сонансоң бәлкім кеңсерміз,— деді басын шайқай сөйлеп Сапарғали. Марқа қозының терісінен тіккен үлкен құлақшынының бір құлағын жымқырып, екінші шекесіне қарай қисайта киіп, орнынан тұрды. Есік босағасындағы жез легенге қарап, шырт еткізді де, жұқа еденді сықырлата басып ерсіл-қарсыл жүре бастады.

Дәрібай кигізбен қапталған есікті кере ашып, далаға шығып кетті де, аздан соң қайтып оралды.

— Тағы бір бие іш тастаған.

Сәден шошынғандай басын көтеріп алып, Дәрібайға көзілдірік арқылы тесіле қарады. Шокша сақалды жүзі қозғалып қалтырап кеткендей болды.

— Орманның барқынына деп отыра берсек, біз жылқыдан мүлдем айрыламыз,— деп Дәрібай келте сөйледі,— көшеміз.

Сапарғали бірдеңе дегелі келе жатыр еді, Сәден кілт сөйлеп кетті:

— Таласты қояйық, жылқы далаға айдалады, кідіруге тіпті де болмайды.

Боран әлі соғып тұр еді. Аспан өңірінде сырғыған күн көзі көк жиекті қызғылт сәулесіне бояп, батып та кетті. Бүгінгі сұрапыл боранды бейуақта күн көзінің қашан, қалай батқанын көрген жан жоқ. Айнала күн-

гірт тартып, қараңғылық дүниесі қоршай берді. Азынаған боранды түн басталды. Дауыл кең даладағы қысқы қарды аспанға көтеріп қақпақыл ойнағандай сапырылыстыра түседі. Мұхит толқынындай өкірген желдің күшімен ұйтқыған боран құрық сілтем жерді көрсетпейді, қақаған үскірік кең далада жан иесін қыспағына алуда. Жылқышылар дамыл көрмей, қалың жылқының алдын бұрумен жүр. Қостан аттанғалы Дәрібай жылқыны айнала тынымсыз жортумен болды. Ол бүгінгі боранның ерекше күштілігін сезінуде. Қыстың қандай қатты суығында жал құйрығы суылдап, желге қарап тұрып қар тебетін қайратты жылқы бүгін ықтай беруді. Ол аздан соң Сәденнің айғайы естілген жаққа қарай жүрді. Екі жылқышы аттарының басы түйіскенде ғана бірін бірі көрді.

Дәрібай аттан түсіп, Сәденнің ық жақ үзеңгісіне тақалды. Сәден иліп, үзіп-үзіп айғайлай бастады.

— Күрең төбелді ұстап мін, астыңдағы босаңсыған болар. Қасқырлар торып жүр, берік бол... Қозғай беру керек... «Ұялы көлге» а... у... у...

Сәден сөзінің аяғын азынаған жел толық есіртпеді. Дәрібай күрең төбелді ұстап мінгенде түн ортасы ауып кеткен еді.

Бұл уақытта «Тайсойған» орманы бірнеше километр артта қалған болатын, бір қырындап соққан аязды боранда қалың жылқы үйір-үйірімен шұбап келе жатты.

Осыдан бір жеті өткенде қалың жылқы Елібай тақтасында жатты. Елібай тақтасы деген көлемі бірнеше шаршы километрге созылған тал аралас қалың шілік еді. Төперектің күзетшісіндей ақ қайыңдар сорайып көрінеді. Елібайдың қойнаулары көп, жаз адам да, мал да баспаған бұл қойнаулар шөбі ащылы бетегелі болатын. Қалың жылқы осы қойнауларда жайыла түсіп, қар тебуге. Тал жиегіне кіре орналасқан жылқышы қосы көрінеді. Соңғы жетіден бері қаһарлана соққан сұрапыл боран басылып, аспан әлемін қоршаған кара бұлт түріліп, көк жиектен күн көзі де көтерілген еді. Аязды үскірік жел тынысты тарылта түседі. Соған қарамастан іш тастау кінәраты тиыла бастады.

Дәрібай өз ісінің дұрыстығын сезіп қуанышы қойнына сыймайды. Сондай бір сезімнің үстінде тұрғанда салтатты Сапарғали келіп қалды. Ол екі-үш күнге ауылға сұранып кеткен болатын. Содан оралған беті.

Дәрібай көлденеңдей келіп сәлем берді.

— Мал аман, ба, іш тастау тиылды ма? — деп сұрады ол сәлем алудың орнына.

— Аман, іш тастау да тиылды.

Ол Дәрібайдың кескініне қарады.

— Абзалында... — деп кідірді де, атының басын бұрып жүріп кетті.

«Абзалында осының өзі тыңғылықты жігіт». Ал, Дәрібай, ол «абзалының» қай мәнде айтылғанын түсіне алған жоқ.

---

## ҚАНАТТЫ ӨМІР

(Болған оқиға)

— Алло... Алло... «Баян» нан сөйлеп тұрмын. Ауру халы тым төмен... Бірнеше ғана сағаттық өмірі қалған... Естіп тұрмысын... Жедел көмек керек... Қалай?... Қашан?... Сағат үште... Онда кешігесін... Дұрыс... тез-тез...

Қапсағай денелі, шүңірек көз, кең маңдайлы, айыр иекті, бетіне қаны теуіп тұрған медицина фельдшері Третьак қабағын кіржитіп айналаны көзімен шолып шықты.

Колхоздың кеңсесі әрі кең, әрі мәдениетті еді. Фельдшер қызыл шұға жапқан столдар мен қызыл барқыт капталған орындықтарға, дивандарға, шынылы портреттерге, колхоздың дипломына қарап сәл тұрды да, ауыр күрсініп тысқа шықты. Кеңсе алдындағы бойтүзеп өсіп қалған клен ағаштардың қырауытқан бұтақтарына соқтықпас үшін, жайлап басып бұрылысқа шығып көрінбей кетті.

Күн тымық, бұлыңғыр. Кең аспанды жапқан көкшіл бұлт қысқы күн көзін қоңыр пердесімен жауып алған. Ауада көңілсіз дымқылдық сезіледі. Түзу кең көшелерде сапырылысқан адамдар, алаңдағы онжылдық мектеп маңында жүгіріскен балалар, колхоз қоймасы маңында астық ақтаған мотордың үздіксіз гуілдегені, айғайлаған адам дауыстары, телефон бағана-ларының ызыңы колхоз ауылының таңғы тіршілігін баяндап тұрғандай. Фельдшер осылардың барлығына аса бір көңілсіздікпен қарап теңселе басып жүріп келе-

ді. Аяқ астындағы ысқаяқ қар сықыр-сықыр етеді. Кейде сүрініп барып түзеліп алады. Медик ауыр ойда еді.

Сол бетімен көк сырлы қақпалы үлкен үйдің алдына келді. Қақпа алдындағы топтана қалған ауыл адамдары өзара баяу кеңесіп тұр. Жүздері солғын, осынау биік үйге кенеттен кез болған ауыр қайғыға ортақтасқандай еді. Олар фельдшердің жігерсіз басқан аяқ алысына, солғын жүзіне күдіктене қарайды.

Ашаң жүзді, шегір көз жігіт:

— Доктор жолдас,— деді даусы қалтырап,— менің құрдасымның тағдыры немен шешілер екен? Оның өмірін қорғап қалуға мүмкіндік бола ма?

Медик ойланғандай кідіріп қалды. Жауап күткен ауылдастар жақындай түсті.

— Менімше,— деді ол,— турасынан айтқанда, Шайпин жолдастың науқасы тым ауыр, оны өздеріңіз де көріп отырсыздар! Бірақ, медидцина ғылымы мұндай кеселдерді жұлып тастап жүр. Бұл анық. Ол үшін дереу шара қолдану қажет.

— Сіздерге байланысты жұмыс емес,— деді Три-тяк қақпа алдына көбейе бастаған топты көзімен шолып,— ол санитарлық авиацияның міндеті, ауруды дереу қалаға жеткізіп операция жасау керек. Мен самолет шақырттым, екі сағаттан кейін келіп те қалмақ. Қалаға жөнелтеміз.

— Бәрекелде-е! — деп шу ете қалды топ. Таяғына сүйеніп деміге жөтеліп тұрған қарт ана әр кімнің аузына бір қарап жаутаңдап:

— Не дейді, қарғам айтыңдаршы? — деп жалына сұрады. Шегір көз Сұраған қарт анаға еңкейіп құлақ түбіне айқайлап, істің мән-жайын түсіндірді.

Қарт ана еңіреп қоя берді.

— Алда, Бірімжан қарғам-ай! Құдай жар болсын саған. Құлыншағым-ай! — деп қарт ана егіле түсті.

— Сабыр ет, әже, тәуір болады деп отырған дәрігер! — деді пісте мұрын жас келіншек ананы жұбатып, шапшаң сөйлеп.

— Айтқаның келсін, балапаным,— деді қарт ана жаулығымен көзін сүртіп. Сыртқарак тұрған кексе әйелдер өзара бас шұлғысып әңгімеге кірісті.

— Қайтсын,— деді біреуі,— жақсы әжемнің жылауы да орынды. Бірімжан қарағым әскер семьясы десе жанын алып ұшып тұрушы еді ғой.

— Ие, алда жар болсын десейші — деді тағы бір шүйкедей кемпір көзіне жас алып, — әйбет, сүйкімді ғана еді!

Тритяк жиылып қалған халықты көзімен тағы бір рет шолып шығып қақпаға кірді. Ыңылдай түсіп есікті ашқанда, жарыса кірген құшак-құшак ақшыл бу ақ мақтадай шудаланып төрге қарай лап қойды. Буға оранған күңгірт бөлмедегі көңілсіз адамдарға бас изеп үнсіз амандасты да, жайлап басып екінші есікке кірді. Түкпірдегі бөлме жылы, жарық еді.

Биік төсек алдында кеудесіне жастық қойып, еңкей отырған аурудың өңі аса реңсіз, мүләйім. Әдеттегі ақ құба толықша жүзі көгілдір тарта түктеніп кеткен. Екі ұрты ауасын сорып алған топтай күшиып, қой көздері терең құдық түбіндегі мөлдір судай жылтырап көрінеді. Қара қасы дағдыдағыдан әлде қайда қоюлана түскен, тар маңдайы қырысталып тұр.

Бұл Баян ауыл Советінің секратары, жайдары жас құрбымыз Бірімжан болатын. Бірімжанның науқасы да қауырт басталып, соңғы үш күннен бері ауырлап кеткен еді.

Дәрігерге қарап күлімсіремек болғанмен ауру күле де, сөйлей де алмады. Мазасыз локсу қайта басталып барып, жастыққа құлап, өңі сұрланып дыбыссыз жатты:

... Ие, десейші... Ол кеше ғана бала еді ғой... «Масаның» құмайт жағасында асыр салып ойнаған балғын балалық шағы да, мектеп есігін алғаш ашқан күндері де, болашақ үшін саналы азамат болуға талпынып, білім теңізінде шабақтай жүзген көптеген жылдары да көз алдында көлбеңдеп аз тұрды да, ғайып болды.

Енді бір сәт жаңа елестер оралды... Оқ түтеген қарнарлы күндер... Ақ теңіз жағалаулары... Сызды окоптар. Кескілескен қанды ұрыстар... Бекініске қарай жылжып келе жатқан немістердің дәу тәніктері... «Ентелей жүгіріп келе жатқан, бет аузын түк басқан неміс жыртқыштары... Оларға қарсы жан аямай күрескен арпалыс күндер... Жеңіс сағаттары... Содан кейінгі бейбіт өмір... Ақыры міне, болашақпен мезгілсіз мәңгі қоштасқалы жатқан осы бір соңғы сағаттар... Не деген аяныш десейші...

Ауруды күтіп жүрген, оның жас жары Шәйін солқылдап жылай бастады. Манадан бері өз жайына ойнап



отырған кішкене Еркеш анасының мойнына асылып шыры ете қалды.

Бірімжан көзін ашып, егіле жылаған әйелі мен баласына қарап:

— Неге жылайсыңдар. Әлде мен сондайлық төмендеп кеттім бе? Жок, бекер болар, Еркеш келші маған кішкентайым!

Кішкене бала еңбектеп барып ауру әкесінің мойнынан құшақтағанда, оны бауырына қысып:

— Жарайды құлыншағым, сен болашаққа қалдырған белгім бол...— Ауру қысып тағы да локси бастады.

Осы кезде манағы шегір көз Сұраған үйге ентіге, қуана кірді.

— Самолет!

— О, бәрекелді!

Жұрт жапырыла тысқа шыққанда самолет алаң үстінде қалықтап ұшып, бірнеше орап төмендей бастады. Кабинасынан шыққан ықшам денелі пилот жиннала қалған балалар мен ересек адамдарға мотор үнінен асыра айқайлап аурудың қайда екенін сұрады. Самолет ышқына селкілдеп ұшып кетердей қомданып тұрды да, моторы баяулап барып сөнді. Айналаға дағдылы тиыштық орнады. Самолеттен түскен арықша сестра шанамен жеткізілген ауруды тездетіп, орап, қымтап, зембілге жатқызды да, қоршап тұрған жігіттерге көтеріп кабинаға салуға қосты.

«Санитарка» қайта аспанға көтерілді. Ауыл үстін үш айналып, айдын көл «Масаның» үстімен қалықтай ұшып ұзап бара жатты. Тұтанған үміт ұшқынындай болған самолет аздан соң қатпар бұлттарға сіңіп көрінбей кетті.

\* \* \*

Электр шамдары нұрын төккен кең залмен жүгіре басып зембіл көтерген санитаркалар түкпірдегі бөлме алдына келіп тоқтай қалды. Бөлме есігі ашылғанда ішінен: кең маңдайлы, басына ақ тақия, үстіне крахмалды ақ халат киген, алып денелі аға хирург порофессор Кролевецтың зор тұлғасы көрінді.

— Дереву операционнойға! — деді ол бекем сөйлеп. Операционный жылы, жарық еді. Ортадағы операция столы үстінде төне түскен зор электр шамы бөлмеге мол жарық беріп тұр. Терезеден көгілдір тартып әлі тарап

болмаған кешкі жарық көрінеді. Ышқына өкірген паровоздың үні естіледі.

Әлгінде ғана хирургтен басқа адам жоқ бөлмеге біртіндеп ақ халаттылар көбейе бастады. Олардың баяу сөйлескендері еркін естілмейді.

— Преснов ауданынан, әйгілі Баяннан.

— Жас жігіт...

— Барып тұрған (хранический перетонит).

— Несі бар, қорғап аламыз.

— Дайындалындар! — деген хирургтың салмақты дауысы жұртты аяғынан тік тұрғызды. Дәрігерлер сапырылысып кетті. Барлығының да ауыздары таңулы, сөйлеген сөздері тым күңгірт естіледі. Ауру өзімен өзі болуда. Оның көкейіне қонған жалғыз сөз тіліне орала береді. «хранический перетонит» дейді икемсіз тілі күрмеліп. Жүрегі дүрсілдеп соғып шіміркенеді.

— Бастаныз.

Арудың жүдеу тартқан жүзіне қаптала қалған тұммылдырықтан эфир исі аңқып қоя берді.

— Деміңізді ішіңізге тартып санаңыз. Ол санай бастады. Бірден басы зеңгіп, құлағы шыңылдап кетті, құзға құлап бара жатқандай сезінді, енді бір уақытта:

— Арахыны куп ішкән көрнәсіз, — деген татар дәрігерінің даусы, ұзап бара жатқан адам даусындай талып естілді. Одан кейін не болғанын білмеді...

Бірімжан көзін ашқанда жарық бөлмеде аурулар арасында еді. Ортада электр шамы жанып тұр. Терезеде көкшіл тартып кешкі сәуле көрінеді. «Бәлі, манағы кешкі сәуле әлі тараған жоқ, тез оянған екенмін, әбден жарады» деді ол ішінен риза болып.

Төсегіне төне түсіп, сестра тұр.

— Ауру, көп ұйқтадыңыз, бір сөтке болды ұйықтанғаныңызға. Қалай, жеңіл ме?

Бірімжен сестраға таңдана қарап:

— Бекер айтпаңыз, мені әлгінде ғана ұйықтатып осында әкеліп салдыңыздар.

Сестра күлімсіреп:

— Жарайды, оқасы жоқ, сіздіңше-ақ болсын, хал қалай? — деді.

Ауру жауап беру орнына тамсанып қарай берді. Оның тілі егеудей болып ысқаяқтанып кеткен. Аузы, жұтқыншағы мүлдем құрғап қалған. Басы тым ауыр

тартады, басқа адамның басын әкеп орнатып қойғандай.

— Су,— деді сестраға тесіле қарап.

— Жарамайды.

— Неге?

— Рұқсат етпейді.

— Бір ұрттамды да ма?

— Дегенмен ауыз жібітуге болады.— Сестра адымдай басып палатадан шығып, қайта оралғанда стакан ішінде еліден артық қана су бар еді.

— Осымен тамағыңызды жібітіңіз.— Ауыз жібіту орнына жұтып жіберіп, тамсанды да қайта ұйықтап кетті.

Ол келесі сәткеде ояғанда едәуір серпіліп қалғандығы байқалды. Қолымен сипап ішінің таңулы екенін көрді. Ішектері шаншып ауырғанымен бұрынғысынан көп жеңіл. Соңғы бес күннен бері нәр татпаған ол, тұңғыш рет шабыттана ас ішті. Көңілі серги бастады. Осыдан он күн өткен соң Бірімжан мүлде сауығып кетті. Жүрер алдында қоштасып шығу үшін, ол хирургтың кабинетіне кірді, Крелевец кең столда қызметімен шұғылдануда еді. Бұл кіргенде қуанып қалды.

— Бәрежелді, үйге қайтқан бетіңіз екен ғой, құттықтаймын.

— Қош болыңыз енді,— деді Бірімжан профессорға қолын ұсынып.— Өмірді қорғап қалушы, сізге, көп рахмет.

Бірімжан кешікпей өз аулына оралды. Ағайын-туғандары, дос-жарандары оның ауруына қалай қайғырса, сондай қуанышпен қарсы алды. Шеткерек бір топтың ішінде колхоз дәрігері Третьак тұр.

— Санитарлық авиация ауыр аурулар үшін қанатты өмір,— деп, қайталап айта берді ол.

---

## КУБАНЬДЫҚТАР

Күн көзі алыстағы тау шоқысының иығына асылды. Жазғытұрғы жылы леп мамық қанатымен желпіп өтеді. Бұлтсыз аспан көгілдірленіп мөлдірей түскен. Қыраттардың қары еріп, күн көзіне қыздырғалы көп болған өді. Тоғай арасы мен деревня маңына шашырай жайыл-

ған мал тебендей бастаған көктің тұқылын жалап қадалып қалыпты.

Қыз бен жігіт өзен аңғарына қарай түсіп келеді. Жастықтың жайдары күлкісіне тиым салып қойғандай әлдеқандай көңілсіздік басқан. Ұзақ үнсіздіктен кейін жар қабаққа келіп тоқтады.

Савелий жеңіл қимылмен кемерден секіріп түсті де, қызға қолын созып:

— Кел, түсіріп алайын! — деді жалынышты дауыспен.

— Рахмет, мен өзім де!

Төменде тал арасында малта тас бар, тас өзен жиегіне төніп тұрғандықтан ірі толқындар жылдар бойы жалап өтіп жылтыратып қойған. Көгілдір мұзбен қапталған арнаның арғы беті жалаңаш, көрші деревняның ығы-жығы үйлері көрінеді. Бұйраланған, жыртылған егіс даласында сапырылысқан адамдар, көліктер... Арбаның сықыры мен адамдардың даурыға сөйлескен дауыстары естіледі.

— Егін жайларға тыңайтқыштар тасып жатыр! — деді. Сава ыңылдай сөйлеп, тасқа отыра кетті.

Жарқабаққа төнген құба тал мен майда өсімдіктер күртік басудан біріне бірі құшақтаса ұисып өскен, бұйра бастары су жиегіне төніп, баяу ырғалады. Түкті қоңыздай ақшыл сары бүршіктердің қышқылтым иісі келеді. Савелий сындырып алған тебендей талшықты аузына салып тістеп отыр. Қыз бүршіктерді жұмсақ алақанына уқалап қарайды. Ала қанат кішкене торғайлар бұтақтарға өрмелеп «шық-шық» етеді, көктем күнінің шаттығын жеткізуге тіл тартпай тұрғандай еді.

Екі жас аулақта сыр шерткен болса да, бұрынғы бір ыстық жақындық кездері алыстай түсіп, араларына ызғарлы тас қабырға тұрып қалғандай болды. Ортақ тіл таба амағандарына іштей қынжылғандай.

— Сонымен, — деді Савелий қалтыраған үнмен, — сол ойдамын десейші!

— Сөз бар ма оған! — деді қыз кекете сөйлеп. — Мен сен сияқты парықсыз емеспін.

— Сен, Катюша, мені үнемі кеміте сөйлейсің.

Жігіт балаша өкпелеп, түрік реңдес қара торы жүзіндегі қалың қабағын ығыстырып сыздана қалды.

— Енді қалай? — деді Катерина сұрланып.

— Сен, істің жайына түсінсейші? — деді Савелий мүләйімсіп.

— Кетуден басқа не жай болушы еді, жұрттың бәрі кетіп жатыр. Настюшка мен Федя да баратын болыпты, Ваня мен Паша да...

— Кетудің де кетуі бар.

— Атап айтқанда ше?

— Атап айтқанда, — деді, Савелий ойланып, аузындағы талшықты толғай түсті.

Дүрдектеу ерінде сулаған талшық ерсіл-қарсыл қозғалып шошандап тұр.

— Катюша, қымбаттым, түсінсейші, мендегі жағдай өте қиын. Қарт ананың сырқаты соңғы кезде мендеп кетті, дәрігерлер де жақсы қорытынды айтпайды. Семьяда бас көтерер адам жоқ, институтқа түсе алмай қалғанымды өзің білесің.

— Савелий, осы бір бишара түрінді көрсетпеші маған, зығырданым қайнап кетеді. Алыс шетке тың көтеруге кетіп жатқан жастардың түрліше жағдайлары жоқ па екен? Тіршілігі кем бетпақ далаға құмар ма екен? Оларды итерген қандай күш? Ех, сен түсінсейші! — Түсінем, өте жақсы түсінем.

— Неге тартынасың?

— Анамды тастап кету қиын ғой, Катюша.

— Оқасы болмас, — деді қыз жайбарақат, — ана жайын ойласаң бұл сапарда да ойларсың. Біз жорыққа аттанамыз, сен печүстінен жай тауып қалып қоймақпысың. Қазактық намыс бар ма өзіңде? «Су мұрын» деп сендейлерді айтса керек, Савуша!

Қыз сықылықтап күліп жіберді де, лезде тұнжырап қалды.

— Сүйгенің жалған, Савуша, әйтпесе бірге болуымыз керек емес пе? Сенің мұндай екенінді білсем аулақтау жүрмес пе едім? — деп өкінішпен ауыр күрсінді. Қызыл жирен кескіні ашудан талауратып, бетінен ыстық жас моншақтары домалай жөнелді.

Савелий толқып отыр.

«... Жастар тың даласына жорыққа аттанып жатыр. Бұл бос үңгірден шыға алмай отырып қалмақ. Себебі не? Ауру қарт ана, артық себеп бола ма? Қалайша тастап кетпек? Бұл жоқта өліп қалса ше? Жоқ, бара алмайтын сияқты. Катерина кетіп қалады, кеткенде жар-

ты жүрегің жұлып ала кетеді. Күдер үзіп басқа біреуге күйеуге шығып кетуі мүмкін.»

Савелийдің басы зеңгіп сала берді.

«Бәлкім аз күнге анам рұқсат етер, орналасқан соң көшіріп алмаймын ба?» Осы ой оның үстінен басқан ауыр жүкті серпіп тастағандай болды, селт етіп:

— Жетер Катюша, қымбаттым,— деді күле сөйлеп,— жігіт намысын аяусыз тырнауыңа жол болсын? Қысымыңа шыдар емеспін, көндім, кеттім бірге?

Қыз жасты жүзімен күліп жіберді, көкшіл көзіндегі шабдар кірпіктерінде жас тамшылары іркіліп тұрды. Қызғылт еріндері арасынан кіршіксіз ақ тістері қылаңдап көрініп кетті.

— Ертеден осыны айтсаң етті, Савуша! — деді ерке-лей сөйлеп, өзіне қарай құшақтап тарта берді. Екеуі туып өскен Кубаньға қимастықпен аз қарап тұрды. Жарқабақпен малта тастың қаншалық ыстық екені өздеріне мәлім, өткен жаздың кешінде алғашқы махаббат жыры осы жерде шырқалған еді?! Күлім қаққан Катерина Савелийдің мойнынан құшақтап, бетінен, көзінен шөпілдетіп сүйіп алды. Жігіттің ішкі дүниесінде зерігушілік бар, көздерінің шарасы сулана мүлдірей түскен.

— Туған жерден ыстық не бар, Катюша? — деді Савелий даусы қалтыраңқырай сөйлеп.

— Рас! — деп қостады қыз. — Бізге бәрі де туған жер емес пе, Савуша?

— Солайы солай-ау! — деді жігіт ыңылдай сөйлеп.

Бұлар көршінің балалары еді, жастық — балалық шағын бірге өткізіп, онжылдықты да бірге бітірді. Жоғары оқу орындарына да бірге бару, болашақ өмір жолын бірге өткізу тілектері болатын. Савелий анасының науқастануынан ұзап шыға алмайтын болған еді. Тракторшылар курсың бірге бітірді. Қолхозда аз уақыт еңбек етіп, Ауыл шаруашылығы Академиясына түсуді арман ететін. Енді, еңбекті тың игеруден бастауға ұйғарды.

— Қәне, бір ән айтайықшы, Савуша? — деді Катерина назданып.

«...Каким ты был  
Таким ты? остался,  
Орел степной  
Казак лихой...»

Дөңге көтерілген сайын шағын деревняның төбесі көріне берді. Ондағы қораз дауысын тұншықтыра трак-

тордың гүрілі естіледі. Үстінде көне фуфайкасы, басында май сіңген солдат құлақшыны бар, айран көз жігіт Тихон кездесе кетті. Жайдары күліп қарсы алды.

— Жақсы Катюша, сені Сибирьге тың көтеруге барды деп естідім бе? Жақсы талап, мына Савелий ғана отырсын печ үстінде. Мен де кеттім, сол жаққа жастар кетіп жатқан соң — жақсы, мен де барайын дедім. Өзгені білмесек те тракторды жақсы білеміз, мына қол темірмен күстенген! — деді, алақанын жайып, сөздерін шапшаңдата ентіге айтты. Бетін безуе қаптаған, быртық денелі, қайқы мұрын Тихон жиырма бестерден асқан жігіт болатын. Аздап ішіп алғаны байқалады.

— Жақсы, жақсы, деп, елпілдеп кетіпсің, бұл қай сезім сені жетектеген. Маған өте таң болып, тұр, — деді Савелий.

— Сезім-мезім деген жұмбағыңа түсінбеймін, Савелий Некифорович, — деді Тихон маңғазсып, — баруға тура келді, жақсы, барайын дедім. Өзгені қойғанда жағдайы жақсы көрінеді.

Катерина таңдана сұрады.

— «Жақсы жағдай» дегеніңе түсінбеймін.

— Міне сен монокостың сөзін сөйлейсің, жақсы жағдай барудың жағдайы емес пе? Мындап ақша береді дейді, бар жағдай жасалады дейді, ақшаға мынадан болады дейді! — деп Тихон саусағымен маңдайын сызып көрсетті. Салмағын екі аяғына кезек салып теңселіп тұр. Қыздың жирен жүзіне ашудың қаны шапшып шыға келді. Өткір көк көздерін Тихонға қадап:

— Сені итермелеген бояу сезімі екен ғой, сіздейлерді, Тихон ағай, кровосос деп атайды, — деді, ызалы езу тартып.

— Тихон қымбаттым, осы атыңа өзің де риза шығарсың, — деп Савелий қарқылдап тұрып күлді.

— Жақсы, күле беріңдер, сендер ақы үшін бармай, «қонаққа» бара жатқан боларсыздар, — деп Тихон танауын көтеріп кіржие қарады. — Пшту, — деп ысқырды да жөнеле берді. Кеспелтек денесімен митыңдай басып ұзап бара жатты.

Савелий мен Катерина артынан аз қарап тұрды.

— Егесіп кетті! — деді Савелий.

— «Сибирь ағаштарының бұтағында қалаш ілулі тұр», деп ойлайтын түрі бар! — деді Катерина. Екеуі де күлді.

Бірнеше күннен бері соққан солтүстіктің долы бораны толастар емес, бар қайратын төгіп құтыра түседі. Ауыр «Дизель» трактор бірқалыпты гүрілдеп дауылға қарсы жүріп келеді, шынжыр табандары сылдырлап азынаған желге үн қосады. Боран ішіндегі көңілсіз жүрістің қарқыны өгіз аянынан аспайтын сияқты, үлкен қызыл вагон теңселе қалқып ілгері жылжиды. Трубасынан шыққан қарақошқыл түтін бұға жалтарып ығына тығылады да, борасынмен араласып көрінбей кетеді. Долы жел тіршілік иелерін аясына алған осы бір баспананы төңкеріп тастап, қаңбақтай дөңгелетіп қуалап кеткісі келеді. Қанылтыр жабуларын жұлмалап салдыр еткізе қалады, мұржалары тынымсыз ызындап, мұңды сарынға басады. Кейде бұл үндерді мотордың гүрілі тасқын селіндей басып, өз сарынын жалғастырып әкетеді. Аспанды тұтаса жапқан ақшыл қоңыр бұлт қайнаған сүттей сапырылыса жөңкіп әлдеқайда кетіп жатыр. Лайсаң табиғат пен мұңды ызын Савелийге қапашылық туғызып, көңілін жүдетіп, зеріктіріп жіберді. Пушкиннің «Қысқы кеші» тіліне орала берді.

... Біздің лашық тозған жадау,  
Күнгірт әрі көңілсіз.  
Терезеде шешекем ау,  
Неге отырсың тым үнсіз. . . .

Аса қымбат адамның аянышты жүдеу кескіні елестейді. Әлде осы сәтте ауру меңдеп, жүдеген шүйкедей кемпір терезе алдында ұлын ойлап мұңайып отырған болар. Қамқор анасының әжімді жүзінен маржандай жас тамшысын көргендей болады ол.

Бір кезде оның «Савуша!» деген таныс үні құлағына келгендей селт етеді... Осы сәт «Мен тез ораламын!» — деп жұбатқан өз сөзі есіне түседі.

«Қалайша? — деп сұрақ қояды өзіне. — Әлде қонаққа келе жатырмын ба? Жоқ. Ендеше, сырқат ананы алдағаным ғой. Жо-жоқ, атай көрме! Мен тез ораламын, жаңа қонысқа көшеміз. Жаңа семья құрамыз, немерелерің болады, ауруыңнан тез сауығып, әлі де көп жылдар жасай бересін!» — деп жұбатқысы келеді анасын. Осы ойлардан шырмалып шыға алмай, төменгі нарда теңселе қозғалып үнсіз отыр. Қабырғалардағы



асты-үстілі нарларға жолаушылар жайғасқан, ұзынша столды айнала ығы-жығы адамдар отырысқан, қызу сөз, күлкі естіледі. Сарғылт сырлы кірлеген еденде карамель қағаздары, папирос қалдықтары шашылып жатыр. Көбі іргелер мен табалдырық алдына ысырылып тасталған. Үздіксіз тартылған темекінің зілдей ауыр түтіні көкшіл тұмандай іркіліп, дем алысты ауырлата түседі. Катерина аласа дөңгелек темір пешке қымбат көмірдің соңғы қалдықтарын тастап, қақпағын жауып қойды да, Савелийдің жанына отырып, «Анна Каренинаны» оқуға кірісті.

Ыстық ыдыстың таңбасы шимайлаған столда қызыл шұбар сыртты карталар шашылып жатыр. Кружка төңкерген графинадағы су тынымсыз шайқалақтайды. Қызара бөрткен Тихон сығырайған көзімен әріптестеріне қарап бұйыра сөйлейді, шабдар кекілі жалбырап маңдайына түсіп тұр.

— Даманы корольмен, не козырьмен!—деп екіленеді.

Әріптесі бұйығы мінезді, қызыл жирен жігіт именіп қалады.

— Проферансты ойнай білмейсің! — деп жекиді ол. Ақ жаға тіккен әскери гимнасторкасының жағасы кейін қайрылып, тершіген түкті омырауы көрінеді, кербезсіп жиі-жиі желпінеді.

— Тихон Павлович! — деді топтан әлде кім, қоңыр дауыспен, — турасын айтқанда дурак болу сенің үлесің болып барады, жігіттер саған тұтқиылдан шабуыл жасап тұрма деймін.

— Рахым етіңіз, жартылықтарды шығарып қой. Тиша!

— Ие, бәсе!

— Штраф! Штраф! — деп карташылар шуылдап өзеуреп кетті.

— Өз байлауың ғой, өкін бе, Тиша! — деп біреуі мысқылдай күлді.

— Офицер барып тұрған өзі!— деп біреуі картаны Тихонның иығына жапсырды. Жел көріктей басылып қалған Тихон жартылықты қылқындыра ұстап алып шықты, мұрны тершіп қырылдай сөйледі.

— Жақсы, солай-ақ болсын, бәрінен де ішкен артық, қатын-бала жоқ. Тапқаным ішуіме жетсе болады. Сол үшін келем мына сұрапыл соққан жерге, — деді жарты-

лықты бұлғақтата сөйлеп.— Ішуге дәлел болса болмай ма? Ха-ха-ха! Алып жіберейік.

«Алып жіберейіктердің» өзіндік дәлелдері бар, көбі қарташылардың төлеген штрафы. Даңғазасы қатпарланған дауылдың бұлтындай көбейіп келе жатты. Арақтарын төгіп-шашып, бір-біріне сәтті сағаттар тілеп, айғай шуларымен меніреулендіріп жіберді. Біреулер барылдап өлең айта бастады. Жиынның серкесіндей Тихон екілене сөйлеп тұр, бейпіл сөздері әріптес қызыл жирен жас жігітке арналған сияқты, тілі күрмеле бастаған, буындары әлсіреп теңселіп кетеді.

— Жақсы, мен қалсам мына Виталийдің лаңынан қалдым, ойнай білмейді, кеше... жақсы, мен штраф төлесем ол неге төлемейді. Әпкелсін бермен жартылықтарын, айтпесе мен оны...

Тихон машина майы сіңіп күстенген жуан жұдырығын сілтеп ілгері кимеледі.

— Жетер, Тиша! — деді Савелий кітаптан көзін алып.

— Подлец Виталий, мен сені... — деп сермеген Тихонның жұдырығы көлденең адамдарды жасқантты. Жұдырығында кішкене пышағы ашулы жүр.

— Жарамын, қиратамын!

Жауап ретінде шырылдаған әйел даусы естілді.

— Кейін, жол бер! — деді Савелий топты кимелей, жолындағыларды ысырып тастап, Тихонның желкесінен қапсыра ұстады.

— Қоямысын!

Тихон Савелийді ұқсата тепті, өзі бұлқынып жүр.

— Жарамын, жоямын!

Савелий желкелеп босағаға апарды да есікті теуіп жіберді. Ашылған есіктен срафл боран азынап қоя берді. Борасын қар ақ түтіндеп шалқып үй ішін кезіп кетті.

— Қоямысын, айтпесе мына қарлы далаға лақтырып, ит өлімімен өлтіремін! — деді Савелий қатуланып.

Тихон қарсыласудың пайдасыздығын сезе қалды, есікке кептелген екпінді жел тершіген денесін аралап кетті, қалтырай бастады. Қарулы қолдар бүріп барады, лақтырып жіберуі де сөзсіз сияқты.

— Қоямын! — деді ышқына айғайлап, жылап жіберді.

Савелий желкеден бүрген қолын жазбастан итермелеп апарып төсегіне жатқыза салды.

— Жат, бас көтерсең өлтіремін. Валя, қымтап жауып қой, өзін!

Тихон бүктеле түсіп жатып қалды. Жамылғы астында мұрнын тарта берді, қорсылдап жылау бір қалыпты баяу қорылға ауысып ұйықтап кетті.

Савелий шылымын құшырлана сорып, үнсіз отыр. Жолаушылар да қорқынышты түс көріп ояңғандай есеңгіреп қалған.

— Ех, карта-карта,— деді Савелий ауыр күрсініп,— еріккеннің ермегі осы дағы. Картадан басқа жан азығын табарлық ермек табылмас па екен, карта мен маскүнемдіктен аулақтау жүруге болмас па еді, қымбаттыларым. Жақсы талап үстінде жаңағыдай «спектакелді» көру қандай көңілсіз, қандай қиын. . .

---

## БАСТАМА

Таңғы аяз тарқап, күннің қызуы жайылған сайын көзге ілегер-ілекпес мөлдір бу көтеріліп, ирелендеп сағым ойнай бастады. Қардың күміс қабыршықтары жалтырап, сағыммен қосыла діріл қаққандай болады. Қорғасын қазандай төңкерілген көгілдір аспан бұлтсыз таза, бозамықтанған төменгі ернеулері көк жиектегі мұнартқан орман тізбектеріне батып тұрғандай.

Ауылды қалың қар күртіктері басып жатыр. Әдемі түзу көшелер жазғы салтанатынан айрылып, үйлердің жарты қабырғалары мен қоңырқай шатырлары ғана көрінеді. Қарауытқан мұржаларынан сыздықтай шыққан көкшіл түгін көлбеп барып, көк қойнына сіңіп жатыр. Адамдардың айқайы, малдың шуы, әлдеқайдан тынымсыз гүрілдеген мотордың үні ауылдың таңғы тіршілігін жеткізеді. Сапырылысқан адамдардың көңілді дауыстары, жеңіл шаналардың мазасыз сықыры, аттардың дубірі көшелерді керней түскен.

Төбесіне құс саңғып айғыздаған телеграф бағаналары көше бойында некен-саяқ, көбі құлап қалған. Үзілген өрмек жібіндей сымдары салбыраған бағаналардың басында тоқылдақша жабысқан монтерлер тот басқан сымдарды жалғап жүр. Әр жерде шоғырлан-

ған адамдар күртiк қарды қазып, кiрлеген бағаналарды орнатуда. Қар кесектерi ақ мақтадай көше бойында шашылып жатыр.

Орталықтағы алаңда сылауы түсiп арса-арса болған саман үйдiң алды ығы-жығы адамдар. Дөңгелете жиылған ауыр сымдардың шумағы осы үйден таралып, көше бойымен ұзап кетiп жатыр. Қарағай бөренелердi мықшия сүйреп, пар өгiздер iлбiп барады.

Май сiңiп жылтырай бастаған комбинзонның тiзесiне жабысқан қарды қағып, маңдай терiн сүрттi де, кен есiктi ашып, Есен iшке кiрдi.

Бөлме күңгiрт қана көлеңке едi. Кейбiр көздерiне тақтай шегелеген кiшкене терезелерден түскен жарық, түтiнмен мөлдiр тартып, болмашы қозғалып тұрғандай болады. Машина майымен ащы түтiн тынысты тарылып барады. Ортада шаңарақтай қос доңғалағы бар, зор двигатель селкiлдей қозғалып жүрiп тұр...

Машина майына батқан Семен тiстерi ақсия күлiп:

— Кеттi, — дедi, шудан асыра айқайлап. Есен ризалық бiлдiрiп басын изедi де, үлкен динамомашинаны айналдырып, қарай бастады. Аш шектей шатасқан проводтарды жалғастырып, тұтқалар мен рычактарды қозғап көрдi де, Семенге иегiн көтерiп белгi бердi.

Жалпақ қайысты мықшия сүйреп әкеп, шкафке жалғастырып жiбергенде, жыландай ирелендеп жөнки жөнелдi. Динамо машина шыңылдап әндетiп кеттi.

Шу мен түтiн кернеген бөлмеге жайлап басып кiрген Бүркiтбай есiк алдында тоқырап, аз қарап тұрды. Кiшкене көздерiн сығырайтып, жалпақ бетiн тыржитты да, үстiндегi кiр шалып жалтырай бастаған шолақ пальтосының етегiн қағып, қар жабысқан үлкен етiгiмен дүрсiлдете тебiндi. Құлағын көтерiп байлап алған құлақшынын шалқайта киген, көптен қырынбағандықтан қара сақалы самайына қарай жайыла өсiп қоюланып кеткен.

Бүркiтбай ынтасыз басып машина жанына келдi, мотордың шуы азынап күшейе бердi де, кiлт тоқтады. Үлкен ремень ирелендеп барып қабырғаға соғылды. Двигательдiң айналымы күшейiп, селкiлдеп барып сөндi. Бөлме iшiн меңiреу тыныштық басты.

— Не болды?

— Айтарлық iштеңе көрiнбейдi, — дедi Есен зор денесiмен иiле машинаға үңiлiп.

— Көрінбейдінді білмеймін,— деді Бүркітбай қабағын шытып,— анығында, қалай болса солай нетуге болмайды. Бұл производство емес, колхоз, бір тиын қаржыны үнемдеп жұмсау керек. Бұған қанша қаражат шашылғалы тұр. Дұрыс емес, машиналардың қуаты ферма мен шаруашылық орындарын механикаландыруға жетпейді.

— Мен турасын айтам, ауылға да, фермаға да жарық беруге әбден болады, председатель жолдас,— деді Есен кейістігі бар дауыспен.

— Бекер сөз,— деді Бүркітбай бетін тыржыйтып,— жетсе ауылға жетер, ал, мен ауыл туралы қам жемеймін. Алдымен қоғам туралы көбірек ойлаймын.

— Қоғам дегеніміздің өзі, меніңше, халық емес пе? Турасын айтқанда, қоғамдық мүдде мен халық мүддесінің қандай айырмашылығы бар. Сіздің түсінігіңіз басқаша екен,— деді Есен. Ол майланған қолын сүртіп, темекі орай бастады.

Семен көне құлақшынын алып, шаршап-шалдыққан адамдай кірлеген жәшіктің ернеуіне отыра кетті. Қараторы жүзінде мол кейістік бар.

— Сіз дұрыс айтып тұрған жоқсыз, машинаның қуаты ауылға да, фермаға да, астық қоймаларына да жетеді. Тек жүргізе білу шарт. Біз электр станциясын жұмысқа қосуға күш саламыз. Сіз председатель бола тұрып кейін тартпаңыз,— деді құрбысымен сөйлесіп тұрғандай. Бүркітбай шытына қалды.

— Бәрің де керемет болып, маған философия оқымаңдар, мен үлкен колхозда жиырма жыл бастықпын. Сіздер сияқтылардың көбі келіп, көпірме сөздермен талай шығынға ұшыратты, келтірген пайдасы да шамалы болған, ақшаны құшақтап, жөніне кеткен. Маған керек емес. Мені ақша шаш деп қойған жоқ. Сіздерден әлдеқайда білімді инженерлер де «түбінде жарамайды», деген,— деп қолын сілтеп, шығуға айналды.

— Сабыр етіңіз,— деді Есен,— мен турасын айтам, маған ақша қажет емес, біздің бастамамызды аудан болып қолдап кеңінен таратып отыр ма? Қолдап отыр. Ендеше біз мұны қалайда жұмысқа қосамыз. Жетпегені болса, жеткіземіз, жарамсызы болса, жөндейміз. Ауылға, шаруашылық орнына жарық береміз. Түсінікті ме, енді?!

— Пшту, — деді Бүркітбай танауын көтеріп, — оп-оңай сауда. Бәлкім жастықтың желігі шығар.

— Сіз қалай сөйлейсіз. Біз анадағы жиналыста келістік, жан сала еңбектеніп жатырмыз, сіз, әлде күлемі-сіз?!

— Бұлардың, — деді Бүркітбай алақынын жайып, — сіздер айтқандай нетуіне сенбеймін. Қолда бар аз ғана қаражатты шығындамай, жаңа станция жабдықтарын сатып алып, мұны темір-терсек жиындысына тастамақпын.

Семен ысқырып жіберді.

— Сіздің колхоз қаржысына жаныңыз мүлде ашымайды екен-ау. Мынадай машинаны утильге тастау дұрыс бола қояр ма екен? — деді ызалы күлкімен.

Бүркітбайдың семіз жүзі қызараңдап шыға келді, кішкене шошақ еріндері селкілдей бастады. Күйбеңдеп тұрып, бұлқан-талқан сөйлеп кетті.

— Сіздің, алдымен колхоз басшылығында қанша жұмысыңыз бар. Мен сіздерге не істеймін деп ақылдаспаймын. Мені алдымен райком де билей алмайды, сіздер теңінде тың көтеруге келмей, осы темір-терсекті қопарып қол байлауға келгенсіңдер ғой деймін, райком қаулы алса қайтейін, электр технигі болсаңдар, райком қаулы алса қайтейін, электр технигі болсаңдар қайтейін, келер жылы жаңадан станция саламыз, соны орнатып беріңдер, мықты болсаңдар?

— Көгершінім, сіз қате айтасыз, қолда барды пайдаланбай, жоққа қол сұғуға болмайды, түсініңіз.

— Қысқарт! — деп қарқ ете түсті Бүркітбай. — Алдымен «когаршінім» деп не себепті қорлап сөйлейсің, жас жігіт пен қызға айтатындай, әкендей кісіге «көгаршін-е-ем» деп тұрып неғыласың. Институт бітірдім дейсіңдер, тыңға келдім дейсіңдер, мәдениетсізсіңдер, түге!

Семеннің беті дуылдап сала берді.

Есен темекі түтінін будақтата отырып, сөзін жалғастырып әкетті. Ақбұжыр жүзінде байсалдылық бар. Сәл қылылау көзімен председателге барлай қарайды.

— Мен турасын айтамын, бөлшектер мен жабдықтарды көрсетілген уақытта дайындау керек. Дискуссия қажет емес, мәселе шешілген. Мақсатымыз бұл жұмысты көктемге дейін аяқтау, науқан үстінде кейін тартуға болар ма екен, — деді ойлы кескінде.

Бүркітбай ашулы дауыспен сөйлей берді.

— Жабдықтар мыңдаған сомға бұрын да алынған. Талан-таражға түсіп, құрып кеткен. Тағы мыңдаған сом. Колхоз сауын сиыр емес. Оның үстіне ферма мен астық сарайындағы жұмысты жеңілдетуге пайдасы тимей келген құр жарық неге керек.

— Турасын айтқанда, колхоздағы иесіздікке біз кінәлі емеспіз ғой. Ал, жұмысты механикаландыруға әбден болады,— деді Есен сенімді дауыспен.

— Ой, қой әрі! — деп Бүркітбай қолын сілтеп шығып кетті.

\* \* \*

Ертеден бері дауыл азынап соғып тұр. Лебі ызбарлы өкпек жел адамның денесін аралап, қалтырата түседі. Желдің еңіні тас табандап қатқан ысқы қардың да арғы-бергісінен өтіп, жырымдай бастады. Күртік қарлардан көз жасындай мөлдір тамшылар қалт-қалт тамып, төменге сарқылып жатыр. Кірлеген биік күртіктердің шоқтығы аласарып көгілдірленген қар суы көлки жайылып барады. Көше аласапраң, былғаныш, ойпаң жерлерге жиналған қар суы толқын атып молайып кеткен.

Көшелерді бойлап тартылған бағаналардың басына жабысып алған мантерлер сымдардың жалғану дұрыстығын тексеріп жүр. Асау желде ұшып түсу хаупін ойына да алмайтын сияқты.

Бүгін шешуші күн болатын. Көп күндер тынымсыз қимылдаған тың игерушілер мен ауыл адамдары электр станциясын қалпына келтіріп болған еді. Қайта қарап тексеріп жүрген жастар тобы, мұздай суық қар суын кешіп, тынымсыз істеген жұмыстан кейін, электр станциясының үйіне жинала бастады.

Семен қыпылықтап жанған электр шамдарына сығырая қарап ойланып отыр. Жылы жайға кіріп тыныстай бастаған жастар әзіл айтып шуылдап күліседі. Сиыр фермасындағы аспалы жолды жөндеуге кеткен Есен әлі оралған жоқ. Семен сағатына қарап тықырши түседі.

Кешкі салтанатты жиын уақыты да тақалып қалған. Сыртта дабырласқан адамдардың даусы естіледі.

— Жол беріңдер, біреулер келе жатыр,— деді Семен. Жайраңдай күліп Есен кірді, қолында сымдардың шумағы мен аспаптары бар, майлы фуфайкасы суға малшынған, қатты тоңғандықтан жүзі құқыл тартып бозарып кеткен. Қолдарын уқалап, тітіркеніп қояды.

— Ех, нендей өткір жел! — деді ол.

— Неге кешіктің?

— Сұрама, бір қызық болды. Аспалы жолдың бос тұрған үзбесін бұзаушы жеңгей апарып, төлдің алдына қоршау етіп қойған. Іздейміз, жоқ. Алайық десек... «Бұл қашаннан осы арада тұратын қақпа темір»,— деп жеңістік берсінші, әрі айтып, бері айтып зорға көндірдік. Оның үстіне әр үйге тарап кеткен бөлшектерді жинаудың өзі қанша уақыт алды. Турасын айтқанда, иесіздік, безобразие,— деді Есен күлкисін тиып.

— Кәне, жібермейміз бе? — деді Семеш орнынан тұрып.

— Көрейік,— деді Есен.

Двигатель жүрісін шапшандатқанда динамомашинаны жалғанған үлкен ремень зырылдай жөнелді. Сыртта айғай-шу, қуанышты күлкі естіліп жатты. Уақыт қызыл іңір болатын. Аспанда көмірдей қара бұлттар ақырын жылжып барады. Жыртық туырлықтан сығалаған әлсіз сәуледей бұлт арасынан жұлдыздар жымыңдай қалады. Қараңғы бейуақ аса көңілсіз еді. Жұрт сыртқа шыққанда ауыл үстінде электр шұғыласы жарқырап тұрды. Үйлердің терезелерінен мол жарық төгілді.

Көз жанарынан айрылған зағип қайта жарық көру шаттығы қандай болса, электр қайта жанғанда колхозшылардың қуанышы да сондай еді.



## БАЙБОСЫН МЕН БЕЙСЕМЫ

Жаңбырлы күзгі кеште ағайынды екі қарт өткен-кеткенді айтып кеңесіп отырды. Сыртта долы жел телеграф бағаналарын тынымсыз азнатып, жаңбырдың ірі тамшылары терезені сытырлатып тұр. Ағасы орақ мұрын, сопақша жүзін әжім шимайлаған, қызылбурыл сақалды Байбосын отағасы қазақы пештің үстіне малдасын құрып алып, сөйлей берді.

Төрде етік тігіп тұқыра түскен, ағасы кескіндес, бірақ, бетінің әжімі сирек, алпыстар шамасындағы інісі Бейсенбі осыбір сөзге қатысы жоқ адамдай, балғасын үсті-үстіне тақылдата түседі.

— Ой, несін айтасың,— дейді Байбосын отағасы, таң-



дайын қағып, — өткен заманда болыс Малдығұлдың Сүлеймені, Қаракөктің Бейсенбілері ұры ұстап, жарлының жалғызы демей осы елді қан-қақсатпады ма?

— Тәйкеттің Сүлеймені ше? — деп, Байсекең басын көтеріп алды.

— Сүлеймендер барып тұрған жауыз еді ғой. Доңыз жылы есінде бар ма, Бейсекей, біздің торы ала биені қызыл іңірде ала қашып, ізімен барғанда тендік бермей сабап жібергені. Сол жылы жалғыз көліктен айырылып, сорлап қалғанымыз қайда?

— Ия, аллай, несін айтасың, құдай жүзін көрмегір еді-ау, — деді Бейсенбі отағасы.

— Бетшәғар, сол кездегі заң-законның қалай екiнiн түсiнбеймiн, ұры-қары, ұрда-жықтар дандайсып жүреді, тиымы да жоқ, тойымы да жоқ, — деп үлкені жеңіл күрсiнiп алды.

— Япырмай десейші, ұрыларға тиым салу орнына, болыс-билер қанат астына алып, қылмыстылардың орнына «осы ұры еді» деп Шыныбектің Жәшкесі сияқты шайқы-диуананы ұстап бермеді ме. Сенің есінде ме, Бейсекей?

— Ту-у, кіші аға-ай, сен қалай едің, өзіміздің жігіт кезіміз еді ғой, оны істеген жақыны Құтыш би емес пе еді.

— Шіркін, айналайын өкіметім-ай десейші! — деді Байбосын отағасы серпіле сөйлеп, — ұры-қары дегенге тиым салды-е, ұры-төбелес дегенге тыным салды-е, барлығың бір адамнан туғандай бауырмал бол; бір-біріңе қиянат істеме деп отыр, адал еңбек істеп, тұрмысыңды көркейт деп отыр, тап әкең де осыны айтпас!

— Кіші аға, сен тұра тұршы, тап құдайға кінәлі болсам да айтайын, құран сөзінен де артық па деймін, осыны. Бірақ, біздің жұрттың ішінде әлі бұрынғыны көксейтіндер бар ғой. Жұмыстан бас тартып, артық мал өсіріп, ет сатып, сауда жасап отырған адамдар жоқ па осында? — деп, Бейсенбі балғасының сабымен еденді нұқып қойды.

— Жаным-ау, Бейсекей-ау, әлгі Мәкенев деген Айымжаннан келген мұғалімнің әкесі не істемеді, бәтшәғар? Бір қыста үш жылқы семіртіп сатпады ма?! Ойдан орып, қырдан қырып, пайданы немен тапты. Қалаға барып, жұртта жоқ бұйымдарды әкеліп, баға қосып сатпады ма? Ошақ басы отырып тісімізді қайрағанмен, құраған екі шал не бітірдік? Айналайын, бір тілші газетке беріп, сарт

етіп келіп қалғанда не болды? Аяғы аспаннан келген жоқ па? Соны жазып, жұртқа жайған газет жарықтықты айта берсейші?! Осы өзіміздің «Ленин туының» жұмысы ғой,— деп Байбосын отағасы пеш үстінде шалқайыңқырап отырды.

— Баяғыда, ұмытпасам сонау жиырма бесінші жылдарда болса керек. Ол кезде осы «Ленин туы» газеті «Бостандық туы» деген атпен шығатын. Ұры-қары, бас бұзарларға қарсы, кедей қақысы мен әйел теңдігін аяққа таптаушыларға қарсы лашындай түйілмеді ме? Ия, аллай, қайдан көре қалды, десейші, әлгі баукеспелердің желкесін қиюға тұңғыш рет осы газет көмектесті ғой. «Тәйкеттің сұмдары» деген мақаламен Сүлеймендерді әшкерелеп тұрып берді-ау, сонан соң бас көтере алмады ғой. Оған да, міне, отыз жылдан асып барады, өтіп бара жатқан күндер-ай!

— Жаным-ау, Қажымұрат ше? — деп, сөзді Байкең қағып әкетті.— «Еңбек» колхозынан келген соң, «басқарма не ауылнайдан төмен орынға тұрмаймын» деп, қалтасына қолын салып жүріп алмады ма? Сол сияқты, мына көршідегі «Бірлік» колхозында анау Жұмалар да соны істемеді ме? Бір тілші жазып кеп жібергенде, жұмысқа түсіп кетпеді ме, солар? Әйтпесе, әке десең Қажымұраттар күзетшілікке барар ма?

— Ия, аллай десеңші, бір Қажымұрат емес, сондай «бастықтардың» талайы солай болған шығар. Бір мақаласының өзімен осы төңіректегі бар төрешілерді еңбектің селіне тоғытып жіберді ғой.

— Өзіміздің Көшербай ше? — деп Байбосын отағасы киліге кетті, — бұл жігіттің де сауда-саттыққа хоты жүріп кетіп еді, қос қолдап төбесінен ұрып жібергендей болған жоқ па?

— Кіші аға-ау, Көшербай осы күні не дейді десейші? «Тіпті, газетке мың бір рахмет, дейді, сол қалпыммен кете берсем не болатын едім, газет қылмыстан арашалап алғандай болды» — дейді, тіпті, адал сөз емес пе осы?!

— Газет жарықтықты несін айтасың,— деп, таңдайын қағып Бейсекең аз отырды да,— шіркін-ай,— деді көтеріле сөйлеп. — Осы колхозда құдықтың жоғы жөнінде өзіміздің мына Уақпаңдарды жазып жіберсе не болар еді. Жайшылықта «біздің Баян пәлен-түлен» деп көпіре мақтағанда төңірісіндей бар. Жұрттың ауызы суға жарымай отырғанында жұмысы жоқ-ау, бәтшәғардың!

— «Маса» көлі мен «Тезтомардың» жаман суынан ішіп отырғанымыз ойында да жоқ. Көшедегі екі-үш құндықтың көзі бітіп, батпағы шығып қалғалы қашан? — Ия, аллай, — деп, Бейсекең басын шайқады.

— Осының бәрі Уақпан ауылнайдың жұмысы емес пе? Мен білсем, осы да газетке шығады түбінде. Жұрт ауызына көбірек лігіп кеткен екен, — деді ағасы.

— Газетке шықты дегенше, құдық қазылды дей бер, құдай ондайды онда, кіші аға! — деп, Бейсекең көтеріле сөйледі.

Аз үнсідікте сыртта қара жаңбырдың шелектеп құйып тұрғаны сезіледі. Бейсекең қайқы балғасымен шегені бірінен соң бірін тасырлата қағып, шеберлікке шұғылданып кетті. Есік ашылып, үсті малмандай су Бейсекеңнің үлкен ұлы Седен кіріп келді.

— Жаңбыр әлі құйып тұр ма? — деп әкесі көз әйнегі арқылы, он сегіздер шамасындағы аққұба бала жігіттің бас-аяғына қарап шықты.

— Сұрамаңыз, әке, көшеде су көлкіп кетті, толарсақтан саз, — деп шешіне бастағанда, плащының қойнынан бір бума қағаз түсе қалды.

— Газет пе?

— Ия, жаңа почташы Сәдуақастан алдым.

— Ал, оқи қал, не жаңалық бар екен? — деп, Бейсекең ісін жерге қойды.

— Оқы-оқы, айналайын, — деп Байекең де құлақ түрді.

Седен жас жігітке тән ширақ қимылмен орындықты электр шамы астына қойып, газеттерді ақтара бастады.

— Ойбай, тағы да «Кірпі» шығыпты!

— «Кірпі» дейсің бе, оқы-оқы айналайын! — деп Байекең пеш үстінен домалана түсті. Бейсенбі де газетке үңілді.

«Баян ауыл Советінің председателі Тажин жолдасқа хат» деп, Сәден саулатып оқи жөнелді.

Тажин жолдас,

Сізге айтпай болмас...

— Болды қызық! — деп Бейсекең санын соғып жіберді. Екі қарт көздерінен жас шыққанша күліп, сөзді бөле берді.

— Алла деген, мына қара, «Массаға» суға кетіп бара жатқандарды қара, жаным-ау, мына бір шелек ұстаған шалдарды қара, әй, құлар-ай!..

— Шал дейсің бе? — деп Байбосын отағасы да үңілді, — анада бір рет суға барғаным бар еді, мені жазып қоймаса игі еді.

Барлығы жабыла күлгенде:

— Ассалаумағалайкөм, — деген дауыс күлкілерін су сепкендей басып тастады. Есіктен кіріп келген Уақпан ағай үйдегілерге таңырқай қарады. Төмен сарыққан нөсер суы мол шекпенінің етегінен тамшылап тұр.

— Неге күілдеп жатырсыңдар?

— Күілдемесімізге болып тұр ма? Мына газет саған арнап хат жазыпты, соны оқып едік, — деп Бейсекең байсалды қалыпқа келді.

— Хат дейсің бе? — деп ағай газетке үңілді, тез оқып шығып, кескіні сәл реңсізденіп ойланып қалды. — Өте дұрыс сын, жабуды жаба тоқып келдік, шынында осы елдің аузы судан тарығып отырғаны анық қой. Сессияда да айтқам, аудан алдына да қойғам, құдық қазғызбайын деген мен бар ма? Енді шындап кірісетін уақыт келген сияқты! — деді Уәкең ашу-аразы жоқ.

— Шіркін, газетім-ай, жұртшылықты қамқорлыққа алатын, тентектерді тезге салатын күшті құралымсың ғой, — деді Байекең, осы бір көріністі қорытындылағандай болып.

---

## АРЛАН

— Мен үйден аттанғанда алақөлеңке болатын, — деп бастады Жылқыбай ағай әңгімесін, — керек-жарағымды түгендеп, мылтығымды асынып алып, сұр аттың пысық жүрісімен шоқтығып келемін. Бетім Таңатар тоғайы, өткен күні жауған ұлпа қар кедір-бұдыр даланы бірқыдыру тегістеп кеткен, қансонар. Шығар күннің қызғылт сәулесі қараңғылықты батысқа сырып, ығыстырып барады. Көк жиекте шөгіп жатқан қоңырқай бұлттардың жиегі жезбен көмкергендей сарғайып, самарқау көтерілген күн көзінің ернеуі көріне бастады. Шашыраған қызғылт сары сәуле ақ қардың үстіне түсіп, бал-бұл қағады. Шұбатылған ұзын көлеңкемді ертіп, асқақ ойлы даламен тебіне түсем.

Тақтайдай тегіс кең алқадан әрі қарауытып тоғай көрінеді. Қар бетінен көз алмай қарап, аңдардың түнгі тір-

шілігін мұқияттап зерттеймін. Шебердің оюындай ұлпа қарда күзендер мен ақ тышқандардың ширы жиі кездеседі; секектеп жүрген қоян аяқтарының үшкіл таңбалары шимайлап өткен өңірде қасқыр мен түлкінің дізері көрінбейді. Тегінде жыртқыштар жазыққа шықпай қойған сияқты. Соңар болғандықтан аяқтарын аңдап басып, несіе із түсірмеуге тырысады, қалыңға кіріп жатып алады жыртқыштар. Кәнігі аңшылар болмаса, олардың ізін табу қиын.

Қасқырды атып, не қақпан құрып ұстау үшін бірнеше күндер бойы соңына түсіп зерттеп, мінез-кұлқын айыра білу керек. Мен өткен уақытта бақылап жүрген арлан қасқырдың жайын зерттеуге келе жатыр едім. Таңатар тоғайының қойнауларына ана жолы тастаған жеміме әккі жыртқыштар, айналып жүріп, жақындамай кетіп қалыпты. Бірнеше күндер бойы солай бола берді. Ақыры аш қасқырлар жемді жеуге тәуекел етсе керек. Арқан бойы жерден бастап, қара балшыққа жеткізе жырып отырып, жемге жақындапты да қақпанды көріп, шегініп кетіпті.

Не істеу керек? Өзіме таныс қара қылшық арланның жұмысы екенін білдім...

Жылқыбай ағай қасқа маңдайын сипап, кейіңкіреп қалғандай болды. Ақсары кескіні құбылып, сәл дүрдектеу еріндері үстіндегі тебендеп өсіп қалған сирек мұрты болмашы дірілдеп те кетті. Кейде бәсеңсіп тартып, кейде жел үрлегендей ұлғайып, маздай түскен электр шамы астында бас түйістіре отырып, Жықаңның аузына қараймыз біз. Босағада ол бүгін соғып әкелген қасқырдың тұмсығынан қоймалжың қан жылжып ағып, оқта-текте біртамады. Ашылып қалған сарғылт қызыл көздері ызбарлана қарап жатқандай болады.

Аңшының үйіне кешқұрым жинала қалған балалардың бірі — басы шөптей үрпиген кішкене сары бала қорқып ығыса түседі.

— Аға, өзі тірі ме?

— Тірі, қарағым,— деп жауап береді, ағай жымия күліп.

Жықаң қасқырға қарап аз отырды да, жадырап сала берді.

— Құдай соққан ғой, қайласын қарасайшы? Енді жемге жоламасын білдім де, ойлана қалдым, байқаймын, ада-күде кетпейтін сияқты. Бұдан кейін де келіп жүретін

болды. Жақын жерде тұратын бір түп аласа тобылғыға сарып өтеді де жемге жуымай кетіп қалады. Әрі ойланып, бері ойланып тобылғының түбіне елеусіз жерге қақпан құрып қойдым.

Сонымен ертеңіне Таңатар тоғайына, қақпан құрған жеріме келсем, шоқ тобылғының түбі ойрандалған, қып-қызыл қан. Болды қызық!

Қақпанның қанды аузына байланған білектей көстек ағаш екіге бөлініп қалған, қаны шұбырған қасқыр таң алдында ғана бөлініп ұзап кеткен екен. Ұлпа қарда ізі сайрап жатыр.

— Ағашты кім сындырған, аға?

— Ағашты ма? — деп Жықаң күле қарады. — «Алпыспай» сындырған, қарағым.

— Алпыспай кім?

— Кім болсын, қақпан аяғын қысқанда қайсарлықпен кеміре беріп, бөліп тастаған сол жауыз емес пе?

— Ойпырмо-ой!

— Ізіне түсе кеттім, жүріп келем, қақпан сүйреткен жыртынды із, Таңатар тоғайын кезіп, Есіл аңғарына құлайтын жерде талдың түбінде сәл дамылдап, қақпанның төсегіне шандып байлаған жіңішке сымды бір-бірлеп тісімен қиып, қанданған шынжырды сол жерге тастап кеткен.

Төменге түсіп, жар жиегіндегі қомақты қызыл шақа тасқа қақпанды бар күшімен ұрып сындырмақшы болыпты. Тастың өткір қырлары кетіліп, үстіне қан шашыраған. Одан әрі, өзен үстіндегі көк мұзға аяусыз ұрғылапты. Бұжырланған мұздың бетіне ыстық қанның ақшыл, қызыл тамшыларын шұбыртып, арғы бетке өтіп кеткен.

Сай-жыра, күртік басқан қалың тоғайлардың ішімен атты оппалатып жүріп келем. Қалың талдың арасында жаңа ғана жатып кеткен орны бар. Қар жалап аз дамылдапты да қылшықтарымен бір шөкім пұшпақ терісін қалдырыпты. Шошына қалдым, өткен уақытта бір қасқырым аяғының басын өзі жеп, босанып кеткен-ді.

— Ата, қалай жейді, ауырмай ма? — деп сұрады көпене жас бала.

— Қақпанға түскен аяқтың жілігі тамырға ілегіп жүре береді. Аяқтың басын жеп, тамырды қиып жіберсе қақпанды тастап кете барады. Бұл батылдықты тек арланы ғана істейді.

— Өлмей ме, аға?

— Өлгені сол — талай шолақ қасқырлар маңайдағы елді қан жалатып жүрді. Өзім атып та алдым.

— Ие, сонымен тоғайдан жазыққа шыға келгенімде, касекең шақырым жарымдай алдағы жынысқа қарай жөнеле берді. Құдай соққаны ғой, сүйреткен қақпанымен ұлпа қарды боратып барады. Қысқы күн ұясына төніп қалған еді, батар күннің сәулесі мен қызғылт тартқан борасын қарға оранып, бұлдырлап ұзай түсті.

— Болды қызық! Маңдай алдымнан шағылысқан күн көзінен еркін көре алмай келемін. Не де болса сұр аттың басын жібердім, келіп. Жетіп қалғанымды шамалай алмасам керек, қатты ағынмен басып оза бергенімде, қамшылар жағымнан арс етіп шапшымасын ба. Шапанымның өңірін бөксерді де түсті. Ағып өтіп қайта оралғанымда, тайыншадай қара қылшық арлан қарсы қарап жатып алыпты. Қаннан иген жақтай қыпқызыл қақпан шеңберін бетке ұстап, ұшқын шашқан отты көздерімен шабына қарайды. Ақтық күшін жинап, соңғы айқасқа, өлермендікке бекінгені көрініп тұр. Иығымнан қосауымды алып, оқтана бергенімде аузын арандай ашып, тағы да қарады, атып жібердім. Мылтықтың түтіні тарағанда қарасам, сұлап қалған екен. Арандай ашылған аузынан кірген оқ қарақұсын бұзып шығыпты. Құйрығының ұшы болмашы қимылдағандай болды. Айтқанымдай-ақ аяғын өзі жеп бітіруге жақындатқан, жіліншік сүйегі сидиып қалыпты. Келіп үлгірмесем қақпанды тастап, құтылып кетер жайы бар көрінді.

— Сөйткен арлан — мына жатқан «сабаз»,— деп Жылқыбай ағай иегін көтерді.



## М А З М Ұ Н Ы

Өмір жолы . . . . .	3
Кешкі әбігер . . . . .	8
Ағасы . . . . .	17
Орманшылар . . . . .	22
Ана тағдыры . . . . .	26
Кеселдің кесірі . . . . .	30
Мансапқор . . . . .	39
Қалтарыстар . . . . .	43
„Қайнағасы“ . . . . .	49
Тасқын . . . . .	55
Мұсатайдың бір күні . . . . .	59
Қыс қыспағында . . . . .	65
Қанатты өмір . . . . .	69
Кубаньдықтар . . . . .	74
Бастама . . . . .	82
Байбосын мен Бейсембі . . . . .	87
Арлан . . . . .	91





Э. ИМАНБАЕВ

НАЧАЛО

*Сборник рассказов*

На казахском языке

Издание Казгослитиздата — 1959 г.

Редактор А. Лекеров. Оформление художника В. Чугунова  
Техн. редактор К. Фаритденов. Корректор В. Қыдырханов.

---

Сдано в набор 15/1-1959 г. Изд. № 75. Подписано к печати 22/1-1959 г.

Формат  $84 \times 108^{1/32}$ —3 п. л. = 4,92 усл. п. л. (уч.-изд. 5,0 л.). УГО1606.

Тираж 6000 экз. Цена 2 руб. 50 коп.

---

Зак. № 1042. Типография № 2 Главиздата Министерства культуры КазССР.  
г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 63.